

# **Менің соңымнан ер**

**Топ жетекшісіне арналған Жетекшілік**

**Бірінші басылым, қаңтар 2014**

**Тим Грин**

## **Оқырман назарына**

Сіз қолыңызда жетекшіліктің бірінші басылымын ұстап тұрсыз. Мен оны сіздердің кеңестеріңіздің көмегімен жетілдіре аламын деп үміттенемін. Бұл материалдың ең соңғы бетіндегі А бөлімінде бағалау сұрақтары бар, соларды қолданып, маған өз ұсыныстарыңыз бен ой-пікірлеріңізді жіберулеріңізді өтінемін.

Бұл курс көп жағдайда өмірден алынған жағдайларға, куәліктерге, өмірлік оқиғаларға, поэзиялар мен суреттерге байланысты құралған. Бізге болашақ курстарды дайындай алу үшін сіздің көмегіңіз керек. Бұл үшін өз еліңіздегі сенушілерге түсінікті әрі қолайлы болатын осыған ұқсас мысалдардың кез-келген түрін бізге жіберсеңіз жеткілікті.

Сіздерге алғыс білдіремін!

Тим Грин

[comefollowmecourse@gmail.com](mailto:comefollowmecourse@gmail.com)

## Мархабат етіп, алдымен төмендегі үндеуді оқып шығыңыз.

*Менің соңымнан ер* деп аталатын бұл курс ең алдымен Иса Мәсіхтің соңынан жаңадан ере бастаған адамдарға арналып отыр. Курстың мақсаты – олардың сенімде өсіп, Исаның қауымында нығаюларына көмектесу.

*Менің соңымнан ер* атты бұл курс үш элементтен тұрады:

1. Оқулық – үйде оқып зерттеуге, содан кейін талқылауға дайындалу үшін арналған;
2. Топ жетекшісіне арналған осы Жетекшілік талқылау уақытында сізге көмек болу үшін арналған;
3. Сіз топ жетекшісісіз! Кітап шәкірт жинай алмайды! Шәкіртті шәкірт шақырады.

Сіз Құдайдың жетелеуімен жаңа сенушінің өміріне кеңесші, топ жетекшісі, шабыт беруші, үлгі болар адам, арашашы және дос ретінде маңызды ықпал ете аласыз. *Менің соңымнан ер* – бар болғаны шәкірттік қарым-қатынаста қолданылатын құрал. Топ жетекшісіне арналған осы жетекшілік сізге осы құралды бір ғана сенуші үшін де, сенушілер тобы үшін де қалай ықпалды түрде қолдану керек екендігіне көмектеседі.

Топ жетекшісіне арналған жетекшілік екі бөлімнен тұрады. *А-бөліміндегі «Осы курсты қалай пайдалану керек»* деп аталатын бөлімді **оқып шығуға бес минут уақыт бөліңіз**. Бұл маңызды, өйткені оқыту әдісі мен сабақтың мәнмәтіні сізге таныс болмауы мүмкін. Осыдан кейін А-бөліміндегі өзіңізге керек бөліктерді таңдап алыңыз.

**Б-бөлімі әр сабақтың әр қадамын түсіндіреді.** Бұл жерден сіз сенушілердің арасындағы екі түрлі топ жетекшілеріне көмектесетін көптеген нәрселерді табасыз. Олардың бірі сенушінің шыққан тегімен таныс емес болса, екіншісі талқылауға арналған сұрақтарды қоюға тәжірибелі емес. Егер сіз осы екі нәрсемен таныс болсаңыз, онда сабақ бойынша егжей-тегжейлі жетекшілікке мұқтаж болмайсыз. Бірақ бәрібір оларды талқылауға арналған өз сұрақтарыңызды өңдеудің бастамасы ретінде қолданыңыз.

Қалай болған күнде де, шәкіртіңізбен бірге «талқылауға арналған» немесе «өз жауаптары» деп белгіленген өз бетінше оқуға арналған сұрақтарды қалдырмай талқылаңыздар.

Білімнің ой-толғау деңгейінде ғана болуы жеткіліксіз, сондықтан бұл курс сенушілерге үш деңгейде өзгеруге көмектеседі:

- «ойлау» – Құдай Сөзіне сүйене отырып, дүниетанымын өзгертуі
- «жүрек» – адамның сезімдері мен ой-ниетін және жүрек қалауын қамту
- «екі қол» – іс жүзінде қолдану – шәкірттің практикалық тапсырмаларды апта сайын орындауы.

Рахмет!

Тим Грин

# МАЗМҰНЫ

## **А-бөлімі: жалпы нұсқаулар**

### ***Бөлімдер***

Осы курсты қалай қолдану керек  
Топ жетекшісі ретіндегі сіздің рөліңіз  
Әр сабақты қалай жүргізу керек  
Топ ішінде талқылаулар жүргізу  
Сіздің мәдениетіңізде сенушілерге қалай тәлім беру керек  
Терминдер және мәдени сұрақтар  
Жиі қойылатын сұрақтар  
Қатысушылардың ой-пікірін сұрау

## **Б-бөлімі: Сабақтарға арналған жетекшілік**

### ***Сабақтар***

- Кіріспемен таныстыру
1. Мәсіхтің ізбасарына айналу
  2. Мәсіхтегі жаңа өмір
  3. Құдай Әке
  4. Мәсіхке Оның Рухының күшімен бағыну
  5. Жаратушымен қалай тілдесу керек
  6. Бізге арналған Құдай Сөзі
  7. Мәсіхтің қауымының мүшелері
  8. Екі түрлі қоғамның мүшесі болу
  9. Қуғын-сүргіннің себептері
  10. Қорлау мен қуғындауға біз қалай жауап беруіміз керек
  11. Ерлі-зайыптылар
  12. Жанжалды шешу
  13. Куәлік
  14. Суға шомылдыру рәсімі
  15. Тура жол
  16. Сүйіспеншілік заңы
  17. Ораза ұстау және құрбандық беру
  18. Тағдыр және бақсы-балгерлік
  19. Бір-бірімізге қызмет ету
  20. Біздің көкке қажылық сапарымыз

*Қосымша:* Осы курста қолданылған, есте сақтауға арналған аяттар

**А-бөлімі:**  
**Жалпы нұсқаулар**

## **Бұл курсты қалай қолдану керек?**

Осы бөлімді міндетті түрде оқып шығыңыз

Бұл курс кімге және не үшін арналған?

Бұл курс Мәсіхтің ізбасарларына және Оның соңынан еруге шешім қабылдауға жақын тұрған адамдарға арналған. Бұл оларға шәкірт ретіндегі алғашқы қадам жасауларына көмектесетін болады. Осы курс рухани өскен сенушілер үшін де пайдалы болмақ, өйткені ол оларға мәдениетке қатысты сұрақтар жайлы ойланып, басқалармен талқылауларына көмектеседі.

## **Оқыту әдісінің түйіні неде?**

Бұл курсты адам өздігінен жеке оқу арқылы ғана орындай алмайды. Оны басқа адамдармен бірлесіп қолдану керек. Курстың мұндай әдісі шәкіртке әр апта сайын мыналарды үйренуге мүмкіндік береді:

- біріншіден, оқулықты өз бетінше үйде зерттей отырып, *білім алу*;
- екіншіден, аптасына бір рет талқылау кезінде сізбен (және мүмкін болса, басқалармен) бірге *қарым-қатынаста* болу;
- үшіншіден, алған тәлімді өзінің күнделікті өмірінде *іс жүзінде* қолдану.

## **Толығырақ:**

*Үйде оқуға арналған кезең* тек қана оқып шығуға емес, белсенді түрде зерттеуге арналған. Ол үшін шәкірт әрбір шағын бөлімнен кейін белгілі бір тапсырманы орындап отыруы керек:

- кейбір сұрақтар шәкірттерге дәл қазір не оқығандарын есте сақтап қалуларына көмектеседі;
- кейбір сұрақтар осы оларға тәлімді түсінулеріне және соны өмірде қолдана алуларына көмектеседі;
- кейбір сұрақтар олардың өз жүректеріндегі ой-ниеттері жайлы толғана алуларына және сол жайлы Жаратушымен сөйлесе алуларына көмектеседі;
- кейбір сұрақтар оларға талқылау кезінде өз тәжірибелерімен бөлісуге дайын болуға көмектеседі;
- сондай-ақ суреттер мен мысалдар шәкірттерге Құдай Сөзін өмірдегі тәжірибемен байланыстыра білуге көмектеседі.

*Талқылау* кезеңі сабақты жандандырып, оны белсенді етеді. Шәкірттер өз пікірлерін айтады және басқалардың пікірлерін тыңдайды. Бұл жүректің ескі ниетін талқандап, оған жаңа ниет береді.

*Практикалық тапсырма* кезеңі шәкіртке келесі кездесуге дейін белгілі бір тапсырманы орындауға мүмкіндік береді. Осылайша сабақ құр теориялық материал ғана емес, біздің өміріміздің бір бөлігіне айналады.

## **Бұл курсты бір адам ғана өтуі керек пе, әлде оны топпен де өтуге болады ма?**

Бұл курсты екі жағдайда да қолдануға болады және әрқайсының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сіздің жағдайыңыз осы курсты оқып үйренуге ынта білдірген адамдарға байланысты болады. Мүмкін болса шағын топ ұйымдастырыңыз, бұл олардың өзара қарым-қатынастарын нығайтып, талқылауды өткізу кезінде тәжірибе алуларына мүмкіндік береді. Жекелей тәлім беру де маңызды. Бірақ бірге-бір талқылайтын уақыт тек сіз ғана сұрақ қойып, ал шәкірт жауап беретін бір жақты ғана болуы мүмкін. Сондықтан сіз екеуіңіз де бірдей Киелі Кітаптан да, бір-біріңізден де үйреніп, өз тәжірибелеріңізді байыта түсуге тырысыңыздар.

Топ жетекшісіне арналған осы Жетекшілікте *шәкірт* деген сөз жекеше түрде қолданылды, алайда бұл сөз бір немесе бірнеше шәкіртті қамтиды. Талқылауға арналған сұрақтарды топтарда немесе жекелеген адамдарға қолдануға болады, бірақ кейбір жаттығулар топтың қатысуын талап етеді.

## **Жиырма сабақты қатарынан үзбей өте қажет пе?**

Міндетті емес. Үзіліссіз жиырма апта ұзаққа созылады! Сондықтан ортасында үзіліс жасап, екіге бөлуіңізге болады немесе шәкірттеріңізге үйретуге болатын сабақтарды таңдап ала аласыз.

## **Талқылау әдісі мен ұзақтығы қандай болу керек?**

Арнайы әдіс немесе уақытқа шектеу жоқ. Сіз өз қалауыңызға байланысты бір нұсқаны таңдап ала аласыз, дегенмен пікір бөлісу уақыты кем дегенде бір жарым сағатқа созылуы керек (бұған шәйға бөлінген уақыт та кіреді):

- Шәй және қарым-қатынас (басында немесе соңында);
- Мінәжат айтумен бастау
- Өткен аптаның практикалық тапсырмасына шолу жасап шығу
- осы аптада үйде оқып-зерттелуге тиісті нәрселерге шолу жасау
- өтіп жатқан сабақтан таңдап алынған сұрақтарды талқылау
- Киелі Кітаптан үзінді талқылау
- кейде видео көрсете аласыз немесе жаттығу өткізуге болады
- жаттап алуға қажетті аятты қайталау
- әрқайсысының жеке өтінішін қосып, кездесу уақытын мінәжатпен аяқтаңыздар

Талқылау уақытында оқулықтың бүкіл жаттығуларын өтіп шығудың қажеті жоқ. Бұл шаршатып жібереді. Оның үстіне шәкірттер талқыламас бұрын өтіп жатқан сабақты оқып бітірулері керек, сондықтан бүкіл сабаққа шолу жасаудың қажеті болмайды. Сондай-ақ уағыз түрінде көптеген жаңа ілімдерді де қосудың керегі жоқ. Мұның орнына талқылаудың *практикалық кезеңіне* назар аударыңыз және шәкірттердің өміріне өзгеріс енгізуге ықпал етіңіз.

## **Бұл курс Киелі Кітапқа негізделген бе?**

Иә, бұл курс Киелі Кітапты Құдай Сөзі деп қабылдайды, ал біз шәкірт ретінде де, топ жетекшісі ретінде де – Мәсіхтің ізбасарлары болғандықтан оны түсініп, оған бағынуымыз керек деп сенеміз. *Менің соңымнан ер* курсы Петірдің 1-хатына сүйеніп жазылды, ал хат әуел баста қиын жағдайда Мәсіхтің ізбасарлары болған жаңа сенушілерге арналып жазылған болатын.

Осы курстың негізіне Петірдің бірінші хатын индуктивті тұрғыда зерттеу алынды. Бірінші тараудан бастап соңғы тарауға дейін рет-ретімен қарастырылады, бірақ аяттардың барлығы бірдей қарастырыла бермейді. Осы негізге сүйеніп, сенушілер үшін маңызды әрі оларға сай келетін жиырма тақырып құрастырылды. Осы тақырыптар Киелі Кітаптың басқа бөліктеріне сай келетін ілімдерді де қамтыған.

Әрбір сабақта тақырыпты жинақтайтын, есте сақтауға арналған аят бар. Осы аяттар 1Петірден және басқа кітаптардан алынған және сізге ыңғайлы болу үшін топ жетекшісіне арналған осы Жетекшіліктің қосымшасында жинақталып берілген. Еске сақтауға ыңғайлы болу үшін қысқа аяттар немесе ұзын аяттардан шағын үзінділер таңдалып алынды.

### **Бұл курс неліктен қарапайым?**

Алғашқыда бұл курс жоғары білім алуға мүмкіндігі аз жерлерге арналып дайындалған болатын. Сондықтан да осы курсты түсінуге қарапайым нақты мысалдар мен суреттер қолданылды. Дегенмен бұл үйретілетін тәлім қарапайым дегенді білдірмейді. Осы сабақтарды өзбетімен жекелей зерттеп оқу арқылы адам талқылау уақытына дайындалады, ал бұл неғұрлым тереңірек ойлануға, дүниетанымның өзгеруіне және іс жүзінде қолданатын шәкірттікке жетелейтін болады. Тәлімнің тоерия жүзінде болғанынан гөрі нақты мысалдар талқылау мен қолдануды жеңілдетеді. Сондай-ақ осы курс арқылы тәлім алып отырған адам да басқаларға тәлім беру үшін жеңіл құралға ие болады. Осылай шәкірт дайындау жеңілдейді.

### **Топ жетекшісіне арналған осы жетекшілік не себепті егжей-тегжейлі жазылған?**

Жетекшілік әр түрлі топ жетекшілеріне арналып дайындалды. Кейбіреулерге талқылауға арналған сұрақтарды дайындауға көмек керек, ал кейбіреулер үшін мәдениеттегі қағидалар қажет. Осы жерде сондай-ақ пікір-таластың ықтимал жауаптары да берілген. Тәжірибелі топ жетекшілері мұны аса қажет етпейді, дегенмен сіз өзіңізге ыңғайлы жағын таңдап алуыңыз үшін бұлардың барлығы осы жетекшілікте қамтылған.

Егер әр аптада талқылауға берілген сұрақтар тым көп болса, онда өз шәкірттеріңізге керектісін таңдап алуыңызға болады. Сөйтсе де курста *талқылауға арналған* немесе *өз жауабыңыз* деп белгіленген сұрақтарды талқылау уақытына кіргізіңіз.

### **Әрбір шәкіртке осы курстың көшірмесін беру қажет пе?**

Иә, сондай-ақ сіздің қолыңызда да оқулықтың көшірмесі болуы керек.



## **Топ жетекшісі ретіндегі сіздің рөліңіз**

### **Курс – ұстаз**

Белгілі бір дәрежеде сіз мұғалімнің рөлін атқармайсыз, себебі курстың өзі ілімді қарапайым түрде ұсынады. Бұл жерде қарапайым сұрақтар берілген және тіпті әр сабақтың соңында жауаптар да берілген. Мұғалімнің суреті шәкірттерге негізгі үйренгендерін естеріне салады. Осылайша сіздің міндетіңіз жеңілдейді, өйткені сізге сабақтарты дайындаудың қажеті болмайды. Талқылауға арналған уақытты уағызға айналдырмаңыз, қайта оқулықта келтірілген ілімді шәкірттердің өздері түсініп, өмірде қолдануларына көмектесіңіз.



### **Сіз шәкірттің топ жетекшісі әрі досысыз**

Шәкірт сізге өзінің топ жетекшісі ретінде қарайтын болады. Сіз оларға үлгі әрі ақыл-кеңес беруші және дос болуыңыз керек. Олар сізді мұқият қадағалайтын болады. Сіздің біліміңізден гөрі беретін үлгіңіз әлдеқайда маңыздырақ. Бір сенуші былай деген екен: «Маған Киелі Кітапты зерттеуді тапсырған кезде, мен өзіме тәлім беріп отырған адамды зерттеп жатқандығымды байқадым».

Балалармен емес, үлкен адамдармен жұмыс істейтініңізді есте сақтаңыз. Олардың топқа қосар өмірлік тәжірибелері өте көп. Сондықтан талқылау уақытында оларға сұрақты көбірек қойыңыз. Өз пікірлерімен және тәжірибелерімен бөлісуді сұраңыз. Өз беттерінше ойлануларына көмектесіңіз. Әр апта сайын практикалық тапсырманы орындап жатқандарын қадағалаңыз. Оларға жақсы үлгі әрі қамқор болыңыз. Олар үшін мінәжат етіңіз. Олардың қайғысы мен қуанышына ортақ болыңыз. Егер әлдебір дағдарысқа тап болса, соны Құдайға ұнамды жолмен өтулеріне көмектесіңіз.

Достарыңызбен әр апта сайынғы кездесуден тыс, жай кездерде де кездесіп тұрыңыз. Оларды шәйге шақырыңыз немесе бірге көңілді уақыт өткізіңіздер. Күнделікті істерді бірге жасаңыздар. Олар сіздің іс-әрекеттеріңіз бен мінез-құлқыңызды, әдеттеріңіз бен отбасылық өміріңізді, сондай-ақ стрессты қалай жеңетіндігіңізді әрі басқаларды қалай кешіретіндігіңізді бақылай жүріп, қаншама көп нәрсе үйрене алатындарын көргенде қатты таңқалатын боласыз.

### **Шәкірттерді шәкірттер табады**

Бұл оқулық өздігінен шәкірт таба алмайды, керісінше шәкірттерді тек қана шәкірттер табады. Сізге Мәсіхтің шәкірті ретінде өсуіңізге біреу көмектесті. Енді басқа біреудің өсуіне көмектесуге сіздің кезеңіңіз келді. Бұрынғыға қарағанда қазіргі күні адамдар Мәсіхке көптеп келеді. Дегенмен шәкірт дайындамайтын Ізгі Хабардың берер жемісі шектеулі. Иса Мәсіхтің соңынан еруге шешім қабылдаған, Құдайға қымбат адамдардың өмірлері мен отбасыларында жемістердің көбейіп жатқанын көре алуыңыз үшін, Жаратқан Ие сізді Өзінің қызметкері ретінде қолдана гөрсін.

## Әрбір сабақты қалай өткізу керек

### Әр кездесудің алдында

1. Кездесуге кемінде екі күн қалғанда, сабаққа өзіңіз шәкірт сияқты дайындалыңыз. Барлық сұрақтарға өз жауаптарыңызды жазып шығыңыз. Дайындыққа жеңі-желпі қарамаңыз.
2. Содан кейін сабақтың мақсатын оқып шығыңыз. Ұсынылатын мақсаттар топ жетекшісіне арналған осы жетекшіліктің әрбір сабағының басында берілген. Мысалы 9-сабақтың мақсаты былай берілген:

### 9-сабақтың мақсаты

#### Әрбір қатысушы:

- а. Жаратушының сүйіспеншілігінен бізді ешнәрсе де айыра алмайтынына сенімді болуға
- б. Қуғынның болатынын түсінуге, бірақ Жаратушы оны біздің игілігімізге айналдыратынына
- в. Қажетсіз қуғыннан аулақ болу үшін даналықпен әрекет етуді үйренуге
- г. 1Петір 2:21-ді жатқа білуге **тиісті**

Осы мақсаттардың барлығы қатысушылардың апта бойы орындауға тиісті тапсырмаларымен байланысты:

- "сенімді болу" – бұл қарым-қатынас
- "түсіну" – білімінің көрінісі
- "даналықпен әрекет етуді үйрену" –іс жүзінде қолдануды бастау арқылы үйренетін тәжірибе
- "жаттап алу" – Құдай Сөзін жүректеріне және өмірлеріне жазып алудың ең жақсы тәсілі

3. Бұдан кейін осы сабаққа арналған нұсқаулықты оқып шығыңыз. Осы жерде сізге қадам сайын көмек болатын егжей-тегжейлі нұсқаулықтар берілген. Талқылау үшін шәкірттеріңізге қолайлы сұрақтарды таңдап алыңыз. Кейінірек тәжірибеңіз үлкейген кезде қатысушылардың қажеттіліктеріне және сабақтың мақсатына байланысты талқылауға арналған сұрақтарды өзіңіз-ақ құрай алатын боласыз.

4. Ең соңында топтың әрбір қатысушысы үшін сиыныңыз. Жаратушыдан өзіңіздің жақсы кеңесші бола алуыңызды өтініңіз.

### Әрбір кездесу кезінде

1. Келген адамдарды қарсы алыңыз. Мүмкін болса, оларға шәй беріңіз.
2. Кездесудің басталуына арналған үлгі бойынша жүргізіңіз. Мысал ретінде 9-сабақтың бастапқы қадамдары мынандай:

## Кездесудің басында

### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

Сіздің сөзіңіз: «8-сабақтың практикалық тапсырмасы біздің айналамыздағы адамдарға, яғни мұқтаж адам болсын, немесе биліктегі адам болсын, бәріне бірдей қызмет етуімізге байланысты болатын. Тапсырманы орындай алдыңыз ба және сіз көмектескен адам бұған қалай қарады?» (Бұл туралы әр қатысушыдан кезек-кезек сұрап шығыңыз. Егер олар қызмет еткен адам оларға ризашылық білдірген болса, бұл жақсы. Ал егер олай болмаса, бұл маңызды емес, өйткені біз Мәсіх үшін қызмет көрсетеміз.)

### Бүгінгі тақырып

*Сіздің сөзіңіз:* «Бүгінгі тақырып – қуғын-сүргін туралы болмақ, алайда бұл өте қиын тақырып. Мүмкін, бүгінгі талқылау кезінде кейбіреулеріміз бұрынғы қиыншылықтарымызды еске алып қайтадан жанымыз ауырар. Дегенмен Жаратушы қуғынды да игілікке айналдырады және біз осы тақырыпты талқылап жатқан кезімізде, Ол біздің жан жарамызды сауықтыра алады.

### Сабаққа шолу жасау

9-сабаққа шолу жасау бөлімін бірге ашыңыздар.

Келесі сұрақтарға байланысты шәкірттердің не жазғанын сұраңыз:

1-сұрақ: «Мәсіхтің Өзі... үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек» (1Петір 2:21.)

2-сұрақ: 1) дүние, жек көреді; 2) Жаратушы, қуғындарға; 3) ақымақтық істейміз; 4) Мәсіхтің ізімен.

*(Ескеретін нәрсе:* Өткен аптаның практикалық тапсырмасын шәкірттер орындаған-орындамағанын міндетті түрде тексеріңіз. Бұл оларға осы курстың ақиқатты білу үшін ғана емес, сондай-ақ іс жүзінде қолдануға да арналғанын көрсетеді. Бұл сізге олардың шәкірттік жолында қаншалықты жетіліп жатқанын, ал қай жерде қиындықтар көріп жатқанын көрсетеді.)

3. Енді алдын ала өзіңіз таңдап алған сұрақтарды пайдаланып, талқылауды өткізіңіз. Уақытыңыз жеткіліксіз болған жағдайда, оқулықтағы «талқылауға арналған» немесе «өз жауабыңыз» деп белгіленген сұрақтарды қойыңыз. Егер топта талқылау өткізу бойынша тәжірибеңіз жоқ болса, онда «Топта талқылауды өткізу» деген бөлімді оқып шығыңыз.

4. Топ жетекшісі ретінде сіз көп сөйлемеу керексіз. Мұның орнына шәкірттерге ойларын айтуға мүмкіндік беріңіз. Сондықтан егер сабақтан бір азат жолды немесе Киелі Кітаптан үзінді оқу керек болса, мұны сіз емес, бір шәкірт дауыстап оқып шықса жақсы болады.

5. 1-5-сабақтарға бірнеше жаттығулар енгізілген.

6. Ең соңында жақтаудың ішіндегі *кездесуді аяқтау* деп көрсетілген қадамдармен аяқтаңыз. Мысал үшін 9-сабақтың соңында берілген үлгі мынадай:

## Кездесудің соңында

## **Сұраңыз:**

«Осы сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»

(Әрбір қатысушы да, сіз де ойларыңызбен бөлісулеріңіз керек)

## **Оқып шығыңыз**

9-сабақтың практикалық тапсырмасы

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Күн сайын аятты зерттей отыра, оны бірнеше рет және өте баяу оқып шығыңыз. Қуғын кезінде осы аяттың сізді қалай жұбататынын түсіну үшін Киелі Рухтың көмегін сұраңыз. Сондай-ақ 10-сабақты өз беттеріңізбен оқып шығыңыздар.

### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Әртүрлі қатысушылардан қысқаша мінәжат етулерін сұраңыз. Жаратушыға қуғын кезінде бізге берген уәдесі үшін алғыс айтыңыз. Сіздің еліңізде немесе басқа елдерде қуғыннан азап шегіп жатқандар үшін мінәжат етіңіздер.

### **Кездесуден кейін**

1. Егер тобыңыз тест сұрақтары үшін немесе қатысқандары үшін баға алатын болса, онда оларды жазып қойыңыз.

2. Талқылауды қалай өткізгеніңізге талдау жасаңыз. Өзіңізге мына төрт сұрақты қойыңыз:

- Мен тым көп сөйлеген жоқпын ба?

- Талқылауға барлық қатысушылар, соның ішінде момын әрі ұялшақ қатысушылар да қатысты ма?

- Менің сұрақтарым анық түсінікті әрі талқылауға әсерлі болды ма?

- Осы кездесу алға қойған мақсатына жете алды ма және ол біздің өмірімізге қатысты бола алды ма?

Қорытынды жасап, келесі аптаға дейін өзіңіздің әлсіз тұстарыңызды жетілдіруге тырысыңыз.

3. Апта бойы шәкірттеріңіз үшін сиынуды жалғастырыңыз.

## Топтық талқылауды өткізу

Егер сіздің топта талқылау жүргізу тәжірибеңіз аз болса, бұл нұсқаулар сізге көмек береді.

Тым көп сөйлемеңіз! Сіз лекция оқып емес, сұрақтар қойып отыруыңыз керек. Ересек адамдарға осылай үйренген пайдалы және бұл оларға көбірек ұнайды. Жақсы сұрақтар мынадай болады:

- Түсінуге жеңіл

- Сабаққа қатысты

- *Талқылауға* ықпал ететін (тек "иә" немесе "жоқ" деп қана жауап бере салатындай болмау керек)

*Талқылауға* әрбір шәкірттің қатысуына мүмкіндік беріңіз. Сөзшең қатысушылардың көп сөйлемеуін өтініңіз. Ұялшақтарға қарапайым сұрақтар беріп, көмектесіңіз (олар үшін басқалардың жауап беруіне жол бермеңіз.)

Егер топтың қатысушылары сұрақты түсіне алмай отырса, оған өзіңіз жауап бере салудың орнына сұрақты басқаша қойыңыз.

Талқылаудың негізгі тақырыптан ауытқып кетуіне жол бермеңіз.

Егер қатысушы дұрыс емес жауап берсе немесе талқылауға ықпал етпей отырса, «Сіздікі дұрыс емес» деп оны ұялтпаңыз. Сондай сәтте басқалардың өз пікірлерімен бөлісуін сұраңыз. Немесе сіз былай деп айта аласыз: «Пікіріңіз үшін көп рахмет, дегенмен сіз мына нәрсені ескердіңіз бе?»

Топтың әрбір қатысушысы сабақтың қорытындысын өз өмірінде қолдана алуы үшін әр сабақтың практикалық қырына басты зер салыңыз.

Қатысушылардың сізге сұрақ қоюына мүмкіндік беріңіз. Егер сіз жауабын білмесеңіз, онда сол сұрақтың жауабын оларға келесі аптада тауып келетініңізді айтыңыз. Сіздің бұл сұрақтың жауабын білетіндей түр көрсеткеніңізден гөрі осылай жауап бергеніңіз үшін олар сізді көбірек құрметтейтін болады. Келесі кездесу кезінде сұраққа жауап беріп, өз уәдеңізді міндетті түрде орындаңыз.

Киелі Кітаптан аятты немесе курстың оқулығынан үзіндіні дауыстап оқу керек болған кезде, оны қатысушылардың біріне тапсырыңыз. Бұл оларға белсенді түрде қатысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл *талқылауға* ұялшақ қатысушыларды тартудың жақсы тәсілі.

## Сенушілерге тәлім беру

Егер сіздің еуразиялық сенушілерге тәлім беруден тәжірибеңіз жеткіліксіз болса, онда төмендегілерді оқып шығыңыз.

Иса Мәсіх бізді барлық мәдениеттегі халықтарды үйретуге шақырды. Барлық елдердің мәдениетінің жақсы да, жаман да жақтары бар. Біздің барлығымыз да, шығыстан немесе батыстан екенімізге қарамастан, мәдениетіміздің көлеңкелі тұстарына Құдай Сөзінің жарық түсіруіне мүмкіндік беруіміз керек. Мысалы бұлардың қайсысы Киелі Кітапқа сай: біздің киіміміз шығыс дәстүрінде болу керек пе немесе батыс дәстүрінде болу керек пе? Тамақты қолмен жеуіміз керек пе, әлде қасықпен жеуіміз керек пе? Біз алақанымызды жайып сиынуымыз керек пе, әлде

қолымызды бүгіп сиынуымыз керек пе? Индивидуализмді бағалау керек пе әлде коллективизмді ме? Назарыңды тек өз отбасыңа ғана аудару керек пе әлде туысқандарыңды да қамқорлауың керек пе? Жаратушы мәдениеттің әр түрлілігін, оның ішіндегі осы айтылған әр түрлі қырларын да қоштайды.

Алайда, адамның күнәсымен ластанған мәдениеттің басқа қырларына Құдай Сөзі үндеу тастайды. Шәкірт болу деген мынаны құндылықтарды үйренуді білдіреді: адам адалдықты намыстан жоғары қоюға, өзін жарақаттаған адамдарды кешіруге, ер немесе әйел адамға дұрыс көз-қараста болуға, өзінің барлық шешімдерінде бірінші орынға Жаратушыны қоюға және т.б. Осы және басқа да түсінбеушіліктер адамның шыққан тегі мен мәдениетінен туындайды. Сіз достарыңыздың қандай қиындықтары бар екенін қалай біле аласыз? Ол үшін сіз олармен бірге уақыт өткізесіз, оларды тыңдайсыз және олар үшін сиынасыз. Олардың шыққан тегі мен отбасылық өмірлері жайлы сұрақ қойыңыз. Адамдардың әр түрлі екенін есте сақтаңыз. Сондықтан оларды көбірек біле түсу үшін сұрақтар қойыңыз.

Кейбір мәдениеттер өте ұқсас келеді. Бірақ есіңізде болсын, олардың да айырмашылықтары бар. Қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар және тәжіктер бірдей емес! Тіпті осы мәдениеттердің өз ішінде әр түрлі этникалық топтарда және әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты айырмашылықтар бар. Сондықтан дос-жарандарыңыздан олардың мәдени шығу тегін сұраңыз, сол мәдениетте оларға не ұнайтыны, не ұнамайтыны жайлы сұрап біліңіз. Кейде Мәсіхті қабылдағаннан кейін олар өз мәдениеттерін кері итереді. Бірақ егер олардың ескі мәдениеттерінің кейбір қырлары тұншықтырылмай, жаңа мәдениетке сіңістірілетін болса, онда олардың алдағы уақыттардағы психологиялық денсаулығы әлдеқайда жақсырақ болар еді.

Сондай-ақ олардың қай ұлтқа жататынына байланысты тап болатын қиындықтары туралы да сұрап біліңіз. Олар Исаны қабылдағаннан кейін тап болатын қиындықтар мынадай болуы мүмкін:

- Олар қатты қысымның салдарынан үйлерінен кетіп қалады, тіпті отбасыларын да, мәдениеттерін де тастап кетеді. Бұл адамның өзін мүлдем *жалғыз* сезінуіне, *өзінің шыққан тегін жоғалту* сезіміне әкеледі.
- Туған-туыстары оларды қатты қуадалайды. Бұл оларға кеудесінен кері итергендей әсер етеді.
- Бұрын айналасында болған адамдарды олар «масқараға ұшыратқандай болады».
- Мәсіхке деген *сенімде қатаң ережелердің* жоқтығы. Олардың бұрынғы ортасындағыдай міндетті түрде орындау керек нақты ережелердің болмауы.
- Олардың үйренген нәрселерімен салыстырғанда, ендігі жерде Мәсіхтің ізбасарларының арасында ортақ нәрсенің жоқтығы.

Осы мәселелерге байланысты *Менің соңымнан ер атты* бұл курс Петірдің 1-хатына негізделіп дайындалды. Және мұнда адамның жеке тұлға ретіндегі болмысына ерекше назар аударылды. Бұл курс біздің Құдайға қымбат екенімізді және Мәсіхте бір-бірімізбен байланысқан «Жаратушының таңдаулы халқы» екенімізді үйретеді.

Кей кездері сенушілер өз үйінен гөрі азырақ қысым көретін елдерде тұруды жөн көреді. Бірақ олар басқа мәселелерге тап болып жатады, әсіресе егер олар басқа бір елге жұмыс іздеп немесе жаңадан көшіп келсе, мынадай мәселелерге тап болуы мүмкін:

- Қалай «Таңдау еркіндігіне» бейімделіп, ақылды шешімдер қабылдаған жөн

- Қаржыны қалай орнымен жұмсае керек
- Жаңа менталитет пен мәдениетке қалай бейімделу қажет
- Ер немес әйел адаммен қалай сөйлесу керек
- Құжаттарды жинау мен толтыру, баспана алу және жұмыс іздеу барысына қалай икемделу керек
- Және адамның шығу тегіндегі әр түрлі ерекшеліктерді жаңа ортаға қалай икемдеу керек

Бұл курста адамдардың шығу тегін түсіну үлкен жетістікке жеткізеді. Бұл сізге топ жетекшісі ретінде Исаның соңынан жаңадан ерген адамның тап болатын қуанышы мен қиындықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Бұған қоса бұл материал сізге не себепті осы тақырыптарды қамтитынын және шәкірт дайындаудың басқа курстарында қарастырылмаған қуғын-сүргін тақырыбына неліктен назар аударатынын түсінуге көмектеседі. Талқылаудың басында немесе соңында бірге отырып шәкірттермен достық қарым-қатынасты нығайтып, шәкірттердің сізге сенім артуына ықпал етеді және олардың өз бастарынан өткенкерген жағдайлары туралы ашық айтуларына көмектеседі.

Бұлардың барлығы қамқорлық жасауға негізделген. Мұнда әсер ететін ең үлкен нәрсе – ол сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік мәдениеттегі көптеген олқылықтарды жабады! Сүйіспеншілік дегеніміз досыңыз не істерін білмей қиналғанда оның қасынан табылатыныңызды білдіреді. Сүйіспеншілік дегеніміз олар өздерінің отбасыларын сағынған кезде қонақжайлылық таныту да білдіреді. Сүйіспеншілік дегеніміз олармен тек арнайы кездесулер кезінде ғана немесе электронды поштамен хат жазу арқылы ғана емес, сонымен қатар олармен телефон арқылы да, хабарлама жазу арқылы да байланыста тұруды білдіреді. Бір сенуші былай деген екен: «Мен Исаның соңынан еремін деп отбасымнан айырылдым, ал есесіне алғаным тек кездесулер ғана болды!»

## **Терминдер мен мәдени сұрақтар**

Кейбір терминдерді аз қолдану

Шәкірттер жаңа нәрселерді түсіну үшін, алдымен олардың бұрынғы ойлары қандай болғанынан бастау пайдалырақ болады. Бұл оларға ескі нәрсені жаңа нәрсемен қатар қойып, салыстыруларына мүмкіндік береді. Сонда бұл оларға түсінікті болады, әрі олардың өз достарына Иса жайлы хабарды түсіндірулеріне көмектеседі.

Сондықтан да бұл курста оларға жаңа тәлім түсінікті болу үшін олардың өздеріне бұрыннан таныс кейбір терминдері тақырыптың тек бастамасы немесе көпір ретінде қолданылады. Мысалы Исаның заңы (шариғаты) туралы айтқан кезде, біз шәкірттерімізге өздерінің бұрынғы шариғат заңдары туралы толғануларына көмектесеміз. Сондай-ақ бұл олардың Исаға Тәңір ретінде бағынудың бұрынғыдан мүлдем басқа екенін түсінулеріне көмектеседі.

## **Терминдер глоссарийі**

Осы курста кездесетін араб сөздері жалпы мағынасымен берілген. Олардың нақты жазылуы мен анықтамаларын арнайы кітаптардан табуға болады.

Дұға, мінәжат (5-сабақ) – жеке сиыну  
 Қажылық (20-сабақ) – Киелі жерге бару  
 Халал (15-сабақ) – таза  
 Інжіл (1-сабақ) – Ізгі Хабар  
 Жын (18-сабақ) – рухтар

Кәпір (2-сабақ) – Құдайға сенбейтін адам  
Мұртад (2-сабақ) – опасыз, дінін сатқан  
Жұмақ (1, 9, 20-сабақ) – жәннәт, көк  
Құбыла (20-сабақ) – мінәжат етудің негізгі географиялық бағыты  
Намаз (5-сабақ) – күніне бес рет оқылатын дәстүрлі мінәжат  
Шарада (13, 20-сабақ) – сенімнің куәлігі немесе мәлімдемесі  
Шариғат (17-сабақ) – діни заң және өмір сүру салты  
Ширк (3-сабақ) – пұтқа табынушылық, бір нәрсені Жаратушымен ұқсату  
Сунна (17-сабақ) – өмір сүрудің үлгісі немесе мысалы  
Таурат (4-сабақ) – Мұсаның бес кітабы  
Умма (7, 14-сабақ) – бүкіләлемдік сенушілер қауымдастығын сипаттайтын сөз, араб термині  
Зекет (17-сабақ) – қайырымдылыққа арналған міндетті салық

20-сабақта айтылған «бес баған» дегеніміз бес парыз, оған мыналар жатады: шаһада, намаз, ораза, зекет, қажылық (жоғарыдағы анықтамаларды қараңыз.)

### **Мәдениетке байланысты сұрақтар**

Бұл курстың сабақтарының көп бөлігі мәдени ерекшеліктерді ескере отырып дайындалды. Оларға әрбір сабақтағы топ жетекшісіне арналған ескертпеде түсіндірме берілген. Дегенмен сенушілердің барлығы осылардың ықпалына қатты ұшыраған адамдар емес екенін ұмытпаңыз, сондықтан сабақтарды жекелеген шәкірттерге бейімдеп қолданғаныңыз жөн.

### **Жиі қойылатын сұрақтар**

#### **Бұл курсты ауызша оқып үйренуге қолдануға бола ма?**

Бір жағынан бұл курс ауызша түрде берілген, өйткені оның негізгі тетігі талқылау уақытына арналған. Сондай-ақ жеткілікті сауаттары жоқ шәкірттер де Киелі Кітап аяттарын жаттап, оқулықтағы суреттерді талқылап және практикалық тапсырмаларды орындай алады.

Дегенмен үйде жеке өзі зерттеуі үшін шәкірттің оқи және жаза білуі қажет. Сөйтсе де оқи алмайтын немесе оқуға қиналатын шәкірттер мына бір көрсеткіштерге назар аударғандары жөн:

- Сол топтың ішінен олардың әрқайсысына жеке көмектесетін адамды табыңыз. Олар сабақты бірге өтуді бастамас бұрын оқи білмейтін шәкірттің (немесе оқуға қиналатын шәкіртке) негізгі ілімді түсінуіне көмектесіңіз. Содан кейін олар кездесу кезінде бір-бірімен қатар отыра алады, ал көмекші сол адамға кітаптағы орынды немесе суретті табуға көмектеседі. Көмекші ретінде отбасы мүшесі де немесе басқа адам да бола алады.
- Есіңізде болсын, оқи білмейтін адамның да, оқи білетін адамның да өмірлік тәжірибелері жеткілікті. Және олардың пікірлері де бағалы. Барлық қатысушылардың талқылауға бірдей қатысып жатқандарын қадағалаңыз, өйткені сол арқылы олар бірдей үйрене алады.

### **Өзіңіздің ой-пікіріңізді қалдырыңыз**

1. Әрбір сабақтағы талқылауға арналған сұрақтар тым көп емес пе?
2. Талқылауға арналған сұрақтардың қайсысын және қалай жақсартқан жөн?
3. Мәдениетке қатысты қай нәрсені жақсарту керек немесе қосу керек?
4. Болашақ осындай курстарға арнап мәдениеттегі немесе Мәсіхтің ізбасарларының өмірінен сіз қандай мысалдарды оқулыққа кіргізер едіңіз?



Өзіңіздің ой-пікіріңізді мына мекен-жайға жіберуіңізге болады:  
[comefollowmecourse@gmail.com](mailto:comefollowmecourse@gmail.com)

Сіздің көмегіңізге алғыс айтамыз!

**Б-бөлімі:**  
**Сабақтарға арналған**  
**жетекшілік**

# Кіріспе кездесуге арналған жетекшілік

## Кіріспе кездесудің мақсаты

Осы шағын талқылаудан кейін әрбір шәкірт:

- а. Осы курсқа қатты риза болып, осы аптадағы үй тапсырмасын орындауға міндеттеме алулары керек;
- б. Әр сабақты үйде қалай зерттеу керек екенін түсінулері керек;
- в. Оқулықтың ақшасын төлеулері немесе келесі аптада ала келуге уәде берулері керек.

## Кездесудің басында

Танысу

- ❖ Егер бұл жаңа топ болса, өзіңізді таныстырыңыз және қатысушыларды бір-бірімен таныстырыңыз

Мінәжатпен бастаңыздар

- ❖ Барлығыңыз осы курстан көп нәрсе үйрене алуларыңыз үшін Жаратушыдан көмек сұраңыз

## Курстың оқулығын әрбір қатысушыға таратып беріңіз.

Оқулық үшін әрбір қатысушының белгілі бір соманы төлегендері дұрыс, өйткені сонда ғана олар оны қадірлейтін болады. Бірақ материал үшін ақыны алуды немесе алмауды, ал егер алу керек болса, қанша мөлшерде алу керек екенін сіз өзіңіз шеше аласыз.

Егер қатысушылардың ішінде оқи алмайтын немесе баяу оқитындар болса, онда «Жиі қойылатын сұрақтар» бөліміндегі ұсыныстарды қараңыз.

## Оқып шығыңыздар

Барлық қатысушылар өздерінің оқулықтарындағы «Мазмұны» деген бетті ашулары керек. Қатысушылардың бірінен тақырыптардың тізімін оқып шығуын сұраңыз. Егер сіз осы курстағы 20 сабақтың кейбір тақырыптарын ғана зерттеуді жоспарлап отырсаңыз, онда шәкірттерге осы тақырыптарды өз оқулықтарында белгілеп алуларын сұраңыз.

## Сіздің сөзіңіз:

«Бұл курстың мақсаты – сізге Исаның шәкірті ретінде өсуге көмек беру. Біз барлығымыз – мен де, сіздер де – шәкіртпіз және бәріміз де Құдайға жақындағымыз келеді, Оны жақсырақ танып біліп, Оған сенім артқымыз келеді, әрі Исаның шәкірттерінің қауымында өз рөлімізді атқарғымыз келеді».

«Осы мақсатқа жету үшін курста қатарынан үш әдіс қолданылады, біз оларды әр апта сайын орындайтын боламыз.

1. *Үйде зерттеу* бізге ілімді есімізде сақтап, түсінуге көмектеседі
2. *Талқылау* уақыты біз өзіміздің пікірімізбен бөлісіп, бір-бірімізден үйренуімізге көмек береді
3. *Практикалық тапсырма* сабақты күнделікті өмірімізде қолдануға көмектеседі»

**Сұраңыз:**

«Әрбір әдістің міндеті не нәрсеге түйінделген: үйде зерттеу, талқылау уақыты және практикалық тапсырма» (Жоғарыда қараңыз. Бұл сұрақ шәкірттерге зерттеудің әдістерін түсінуге көмектеседі.)

**Оқыңыздар**

Қатысушылардың барлығы оқулықтарындағы «Шәкіртке арналған жетекшілік» деген бетті ашулары керек. Әрбір шәкірт бір-бір сөйлемнен оқысын. Түсініксіз нәрсе бар ма, соны сұраңыз.

**Оқыңыздар**

«Мәсіхтің ізбасарына айналу» 1-сабағын бірге ашыңыздар. «Біздің өміріміздің мән-мағынасы» деген тақырыппен берілген алғашқы екі қызыл жолдан басталатын үзіндіні оқып шығыңыздар. Және содан кейін тұрған суреттерді сөздерімен бірге оқып шығыңыздар.

**Сұраңыз:**

«Сіз өз өміріңіздің мән-мағынасы неде екенін өз сөзіңізбен қалай айтар едіңіз?» (Талқылаңыздар. Шәкірттер өз ой-пікірлерімен бөлісулері керек. Сіз де топ жетекшісі ретінде өз ойларыңызбен бөлісуіңіз керек.)

# 1-Сабаққа арналған жетекшілік

## Мәсіхтің ізбасарына айналу

### 1-сұрақты оқып шығыңыздар

Шәкірттерге бос жолдарға өз жауаптарын жазулары керек екендігін көрсетіңіз. Өз жауаптарын әр сабақтың соңғы бетінде берілген жауаптарға қарап тексеруді көрсетіңіз.

### Сіздің сөзіңіз:

«Енді ішіңізден 2-сұрақты оқып шығыңыз да, бос жолға өз жауабыңызды жазыңыз, содан кейін жауабыңызды дұрыс жауаппен тексеріңіз» (Бұл тапсырманы орындау үшін оларға уақыт беріңіз. Оларға қиын болған сөздерге байланысты көмектесіңіз. Оқи алмайтын адамдардың не болып жатқанын түсініп отырғандарына көз жеткізіп алыңыз.)

### Сіздің сөзіңіз:

«Бұл оқулық сіздің мұғаліміңіз. Сондықтан өз жауабыңызды тексере алуыңыз үшін әр сабақтың соңында жауаптар берілген. Олар сіздің жай көшіріп алуыңыз үшін берілген жоқ! Алдымен өз жауабыңызды жазыңыз, тек содан кейін ғана дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз».

«Егер соңғы беттегі жауапта «өз жауабыңыз» немесе «талқылау уақытына арналған» деген жауап берілсе, онда сұрақтың нақты бір «дұрыс» жауабы жоқ дегенді білдіреді, өйткені осы сұраққа байланысты әркімнің өзінің пікірі немесе тәжірибесі бар».

### Сұраңыз:

«1-сабақтың жауаптары бөлімінде 5 және 13-сұрақтарға қандай жауаптар берілген?» («Өз жауабыңыз»)

«Яғни, бұл осы сұрақтарға жауап бермесе де болады және оларға ешнәрсе жазбаса да болады деген мағынаны білдіре ме? (Жоқ, олай емес! Әрбір қатысушы өз пікірін жазып, оны талқылауға дайын болулары керек. Тәжірибе көрсеткеніндей, шәкірттер мұндай ашық сұрақтарға өз жауаптарын әдетте жазбайды, сондықтан да осы жерде бұған ерекше назар аударылуы керек.)

«Не себепті мұндай сұрақтарға өз жауабыңызды жазып, оларды жауапсыз қалдырмауыңыз керек? (Талқылаңыздар. Бір нәрсені жазған кезімізде бұл бізді сол жайлы тереңірек ойлануымызға мүмкіндік береді. Әрі біз оларды жақсырақ есте сақтайтын боламыз. Сондай-ақ біз талқылау уақытына даяр боламыз.)

### Сіздің сөзіңіз:

«Біздің келесі кездесуіміз басталғанға дейін 1-сабақты толығымен орындап шығыңыздар»  
«Ең соңында сабаққа шолуды қарап шығыңыз. Бұл жерде берілген сұрақтар барлық сұрақтардың жиынтығы, сіз оларға сабақ барысында жауап беріп қойдыңыз. Сондықтан бұл жерде жауаптар берілмеген. Олар сізге сабақты жақсы меңгере алдыңыз ба, соны түсінуіңізге көмектеседі».

## **Кездесудің соңында**

Сіздердің келесі кездесулеріңіз қашан және қай жерде болатынын **түсіндіріңіз**.

## **Мінәжатпен аяқтаңыздар**

### **Мәсіхтің шәкіртіне айналу**

#### **1-сабақтың мақсаты**

Осы сабақтың соңында мына нәрселерді біліп шығуы **керек**:

- а. Әрбір шәкірт өзінің Исаның ізбасарына айналған, не айналмағанын
- б. Исаны қабылдамаған әрбір шәкірт Оның ізбасарына қалай айнала алатынын
- в. Исаны өз өміріне қабылдаған әрбір шәкірт өз шешімдеріне сенімді әрі бекем болу керектігін .

## **Кездесудің басында**

## **Мінәжатпен бастаңыздар**

### **Бүгінгі тақырып:**

**Сіздің сөзіңіз:** «Біз бүгін Иса Мәсіх Шимон Петірді Өзінің ізбасары болуға қалай шақырғанын және қалай Исаның шәкірті бола алатынымыз жайлы білетін боламыз».

### **Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары**

1-сабаққа шолу жасауды бірге ашыңыздар

1-сұрақ: Өздеріңіз жаттаған аятты бірге айтып көріңіздер. Шәкірттерден былай сұраңыз: «осы аят сізге қандай әсер береді?»

2-сұрақ: Шәкірттерден өз оқулықтарына не жазғандары туралы сұраңыз.

Дұрыс жауаптар: 1) бас тарту; 2) ұғыну; 3) сенім арту; 4) қосылу.

### **Мәдени кеңес: Қозғаушы күш**

Осы сабақтың қозғаушы күші бұл – сенбеуші мен Исаның ізбасарының арасындағы әңгіме.

«*Менің соңымнан ер*» курсы Исаның шәкірттеріне арналып дайындалған, бірақ 1-сабақта сенімге апаратын қадамдар берілген. Олар сізге мыналарға көмек береді:

- Топ жетекшісі ретінде шәкірттің рухани түсінігін анықтауға
- Исаны әлі қабылдамаған адамдарға тәубеге келуге мүмкіндік беруге
- Осы қадамдарды Жаратушыны іздеп жүрген адамдарға қарапайым түрде түсіндіруге .

Осы сабақта сипатталған сенім қадамдары жалпыға ортақ жеткілікті болып табылады. Бірақ «Исаның қауымына қосылу» деп аталатын ең соңғы қадам арнайы қосылған, өйткені әдетте оған Ізгі Хабар айтқан кезде, аз ғана көңіл бөлінеді. Басқа ортадан шыққан адамдар үшін, олар Исаның

ізбасарына айналғаннан кейін сенушілермен қарым-қатынассыз өмір сүру өте қиын болады. Олар үшін сенушілердің ұйымдасқан жиындары немесе ресми емес топтары, тіпті құпия кездесулері де «Мәсіхтің қауымы» бола алады, яғни сенушілер жиыны қандай формада өтсе де олар үшін өмірлік маңызы бар. Біз бұл туралы 7-сабақта үйренетін боламыз.

## **А) Біздің өміріміздің мән-мағынасы (кіріспе және 1-2-сұрақтар)**

### **Кіріспе**

Біздің өміріміздің мән-мағынасы бөлімін және түсіндірмедегі оқытушының сұрағын оқып шығыңыз.

### **Сұраңыз:**

«Сіздің өміріңіздің мән-мағынасы неде? (Алдымен шәкірттер өз сөздерімен айтулары керек, содан кейін топ жетекшісі ретінде сіз өз өміріңіздің мән-мағынасы неде екенін айтып беруіңіз керек.)

## **Б) Иса Мәсіхтің ізбасарына айналу (3-сұрақ)**

### **3-сұрақ**

**Үлгіде берілген үзіндіні түгел оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

- Шимон Петір немен айналысып еді? (Ол балықшы болатын)
- Иса Шимонға ауды терең жерге сал дегенде, ол не деп жауап беріп еді? (Ол балық ұстай аламын деп үміттенген де жоқ, бірақ Иса айтқандықтан орындады)
- Шимон Исаның өзімен сөйлесіп тұрғанына лайық емес екенін білді, бірақ бұған Иса не деп жауап беріп еді? («Қорықпа! Сен балық аулағаның сияқты бұдан былай адамдарды жинап әкелетін боласың»)
- Үзіндінің соңында Шимон мен оның жолдастары не істеді? (Олар барлығын тастап, Исаның соңынан ерді)

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл сабақта Шимон Петір Мәсіхтің шәкірті болу үшін төрт қадам істегенін көреміз, оларды біз де істей аламыз, осы төрт қадам естеріңізде бар ма?» (1. Күнәдан бас тарту. 2. Құнын ұғыну. 3. Мәсіхке сенім арту. 4. Исаның қауымына қосылу)

«Біз бүгін осы қадамдардың әрқайсысын жеке талдайтын боламыз. Бірінші қадамнан бастайық: «Күнәдан бас тарту».

## **В) Күнәдан бас тарту (4-11-сұрақтар)**

### **4-сұрақ**

**Екінші азат жолды оқып шығыңыз**

## **Сұраңыз:**

«Шимон өзі туралы нені түсінді?» (Ол: «Мен күнәкар адаммын», -деді)  
«Исаға келген кезімізде біз нені түсінуіміз керек?» (күнәкар екенімізді )

## **6-сұрақ**

**Аятты оқып шығыңыз.**

## **Сұраңыз:**

«Омар Хаямның сөзі бойынша сіз бен біздің арамызда қандай айырмашылық бар екен?»  
(Ешқандай айырмашылық жоқ. Барлығымыз да күнә жасадық. Біз күнәларымызды Жаратушыдан жасыра алмаймыз)

«Жаратушының бізді қабылдауы үшін біз жеткілікті түрде әділміз бе? (Жоқ! Жаратушының алдында жеткілікті түрде әділ бола алатындай дүниеде бір де бір адам жоқ.)

## **8-сұрақ**

## **Сұраңыз:**

«Сіз қандай жауап жаздыңыз?»

(Дұрыс жауап: «Әли сияқты мойынсұнғыш)

Әрқайсымыз өзіміздің жеке басымыз туралы ойланайық: Біз кімге көбірек ұқсаймыз, Тимурға ма, әлде Әлиге ме?»

(Әрбір шәкірт өзі жайлы ойлану керек, топтың алдында жауаптарыңызды айтып қажет емес)

## **10-сұрақ**

10-сұрақты **оқып шығыңыз.** (Қатысушылардың бірінен дауыстап оқуын сұраңыз)

## **Сұраңыз:**

«Өкініш пен шынайы тәубеге келудің арасында қандай айырмашылық бар?»

Бұларды б) және в) жауаптары айқындайды. Шынайы тәубеге келу өмір сүруді өзгертуге алып келеді. Бұл 9-сұрақтың суретіндегі екінші адам сияқты толық кері бұрылған деген мағынаны білдіреді.)

## **Сіздің сөзіңіз:**

«Исаның ізбасары болу үшін біз екінші қадамға көшеміз, бұл: «Құнын ұғыну».

## **Г) Құнын ұғыну (12-14-сұрақтар)**

## **12-сұрақ**

Мына суретке **қараңыз.**

«Исаның соңынан ерудің құнын түсінген кезде, Шимон нені сезінді деп ойлайсыз?»  
(Талқылаңыздар. Әрбір шәкірт өзінің көзқарасымен бөлісе алады, жауаптың дұрыс немесе қатесі жоқ.)

«Осындай таңдау біздің өмірімізде ұшырасты ма?» (Қатысушылар Исаны қабылдаған ба, әлде бұл таңдаудың құны туралы әлі ойланып жүр ме, сол туралы айтулары керек.)



### **13-сұрақ**

Бірінші сөйлем мен үлгідегі үзіндіні **оқып шығыңыз.**

#### **Сұраңыз:**

«Сіздің ойыңызша, бұл оқиғаның мағынасы неде?»

(Талқылаңыздар. Оның соңынан ерудің құны жоғары болуы мүмкін, бірақ Ол соған татиды. Ол аса қымбат маржан тастан да бағалы!)

«13-сұраққа сіздер қалай жауап берер едіңіздер?» (Қатысушылар өздері белгілеген немесе жазған жауаптарымен бөлісулері керек)

«Үлкен құнды кім төледі: Исаның соңынан ерген біздер ме, әлде Ол ма?» (Иса. 14-сұрақты қараңыз)

#### **Мәдени кеңес: Жас сенушілер және құнын ұғыну**

Исаның соңынан ерудің құны көптеген сенушілер үшін өте жоғары. Дегенмен кейбір сенушілер осы сұраққа көп назар аударудың қажеті жоқ деп санайды, өйткені бұл адамды сескентеді деп ойлайды. 13-сұрақ Исаның соңынан ерудің құнын сипаттайды, ал 14-сұрақта бұндай құн төлеудің соған татитыны анықталады. Осы ақиқаттарды қатысушылардың басындағы жағдайына қарай қолдану үшін Жаратушыдан даналық сұраңыз.

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Исаның ізбасары болудың екінші қадамы қандай?» (құнын ұғыну)

Енді біз үшінші қадамға көшеміз: Мәсікке сенім арту.

#### **Д) Мәсікке сенім арту (15-18-сұрақтар)**

«Мәсікке сенім арту» дейтін ұғымның мағынасын басқа адамға сенім арту керек болатын жаттығу арқылы ашуға болады. (Ескерту: Бұл топта орындалатын жаттығу барлығына бірдей пайдалы емес, ол белгілі бір жастағы және белгілі бір адамдарға ғана пайдалы болуы мүмкін. Бұл жаттығудың сіздің оқушыларыңызға жарайтын-жарамайтынын сіз өзіңіз шешесіз.)

- Топтағы адамдарды бойларына, салмақтарына және жыныстарына қарай жұпқа бөліп отырғызыңыз.
- Бір адам құлайды, екіншісі оны ұстап қалуы керек.
- Құлайтын адам аяқтарын бүкпей түзу ұстап, өзін ұстайтын адамға теріс қарап тұру керек. Ұстайтын адам бір аяғын алға қойып, екі қолын созып, құлайтын адамды ұстауға дайын тұру керек.
- Құлайтын адам өзін ұстайтын адамнан дайындығын сұрап, содан кейін денесін босаңсытпай, артқа түзу құлауы керек. Ал оны ұстайтын адамның міндеті құлап бара жатқан адамды жерге түсіріп алмай ұстап қалу!
- Осыдан кейін құлаған адам мен ұстап қалған адам рөлдерін ауыстырады.

#### **Сұраңыз:**

«Өзіңізді ұстап қалатын адамға толығымен сенім артқан кезде, қандай сезімде болдыңыз? (Жеке жауаптар)

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Иса Мәсіхке сенім арту – белгілі бір тұрғыда өзіңізді ұстап қалған адамға сенім артумен бірдей. Әуел баста біз сескенеміз, бірақ әр жолы Ол бізді ұстап қалып отырғанда, біз Оған көбірек сенім артатын боламыз».

### **16-сұрақ**

Берілген үш мысалды **оқып шығыңыз** (сәби, науқас адам және жолаушы.)

### **Сұраңыз:**

- «Бұл адамдардың әрқайсысы қаншалықты сенім артуда?» (Көп сенім артуда. Өйткені олар басқа адамның өздеріне қамқорлық көрсететініне және жамандық жасамайтынына сенеді)
- «Дәл осылайша біз Исаға сенім арта аламыз ба? (Талқылаңыздар. Иә, Ол кез-келген адамға қарағанда әлдеқайда көбірек сенім артуға лайықты.)
- «Біз Оған не нәрседе сенім артамыз?» (Талқылаңыздар. Мысалы, біз Ол біздің күнәларымызды кешіретініне, ізгі істер істеу үшін күш беретініне, қорғайтынына, бізге бағыт-бағдар беретініне және жұмаққа жетелейтініне сенім артамыз)
- «Құлау» жаттығуы кезіндегі өз сезіміңізді еске алыңыз. Біз дәл осылайша өміріміздің барлық саласын Исаға сеніп тапсыра аламыз ба?» (Иә, біз Оған барлығын да сеніп тапсыра аламыз)

### **Шолу жасау:**

«Исаның ізбасарына айналу үшін атқарылатын алғашқы үш қадам қандай?» (Егер қатысушылар естеріне түсіре алмаса, 16-сұрақтың соңғы бөлігін қарап шығыңыздар.

### **Дұрыс жауаптар:**

1. Күнәдан бас тарту
2. Құнын түсіну
3. Мәсіхке сенім арту)

Қараңыздар (өз қалауларыңыз бойынша):

«Шұңқыр» <http://www.youtube.com/watch?v=I7nrSP8Y6So&list=PLi1XQvc15ZnuWhl00HvqWKDINJr13R&index=1>

(Бұл видео араб тілінде болғандықтан, тілді түсінбеулері мүмкін. Бірақ олар видеоны көру арқылы түсіне алады. Егер бұл видео сіздің шәкірттеріңізге жарамсыз десеңіз, осы мағынадағы басқа бір видеоны тауып алуыңызға болады)

### **Сұраңыз:**

- «Сіз өзіңізді осы шұңқырда қалған адам сияқты сезінген кезіңіз болды ма? (Жеке жауаптар)
- «Оның шұңқырдан шығатын жалғыз үміті не еді? (Жоғарыда арқан ұстап тұрған адам)
- «Шұңқырға түсіп кеткен адам өзін құтқарған адамға қалай жауап беруі керек?» (Ол оның соңынан еруі керек)
- «Иса бізді құтқарып алды. Біз Оған қалай жауап беруіміз керек?» (Өмір бойы Оның соңынан еру арқылы)

## **Е) Мәсіхтің қауымына қосылу (19-20 сұрақтар)**

**Сілтеме** (20-сұрақтан кейін)

**Сілтемедегі мұғалімнің сөзін оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Мұғалім адамдардың қандай үш түрлі түрін еске салады?»

(Исаның соңынан ерген адамды, Оның соңынан еруге дайын адамды, Оның соңынан еру туралы көбірек толғанғысы келетін адам жайлы)

«Сіз бұл адамдардың қай түріне жатасыз?» (Жеке жауаптар. Бұл туралы қатысушылар дауыстап айтулары керек пе, әлде өздері толғанулары керек пе, оны сіз шешесіз)

### **Кездесудің соңында**

### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»

(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Апта сайынғы практикалық тапсырмаларды орындау өте маңызды. Олар сізге бұл сабақтардың өміріңізде сөз жүзінде ғана қалып қоймай, іс жүзінде қолданып, өміріңіздің бір бөлігіне айналуына көмектеседі».

Оқып шығыңыздар: практикалық тапсырма (1-сабақтың соңында)

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл өте маңызды тапсырма, сондықтан сіздер оны осы аптада орындауларыңыз керек.

Бұл жайлы Жаратушымен сөйлесіңіздерші. Егер қаласаңыздар, бұл туралы менімен де жеке сөйлесе аласыздар»

«Келесі аптада 2-сабаққа дайындап келіңіздер».

**Мінәжатпен аяқтаңыз:** Иса Мәсіх арқылы біз Құдайды жеке танып біле алатындығымыз үшін Оған алғыс айтыңыздар.

## 2-Сабаққа арналған жетекшілік

### Мәсіхтегі жаңа өмір

2-сабақтың мақсаттары

**Әрбір қатысушы** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Исадағы өміріне қуану,
- б. 2Қор 5:17-ні жаттап алу,
- в. Жаңа болмыс, жаңадан туылу, жаңа табиғатқа ие болғанын түсіну,
- г. Ескі болмысқа қарсы рухани күрес қағидаларын ұстану

**Кездесудің басында**

**Мінәжатпен бастаңыздар**

**Өткен аптаның практикалық тапсырмасы**

**Сіздің сөзіңіз:** «1-сабақтың тапсырмасы Исаның ізбасары болу жайлы байыппен толғану болатын. Осы тапсырманы орындадыңыз ба?»

**Бүгінгі тақырып**

**Сіздің сөзіңіз:** «Бүгін біз өзімізге Иеміз Иса беретін жаңа өмір туралы үйренетін боламыз. Бұл өмір жаңа болмыс, жаңадан туылу және жаңа табиғат дегенді білдіреді.

**Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары**

2-сабаққа шолу жасауды бірге ашыңыздар және сұрақтарға қатысушылар қалай жауап бергенін сұраңыз.

Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: а) жаңа өмірге ие болады б) таңдаулы халқымыз

2-сұрақ: ескі, жаңа

3-сұрақ: өз жауабыңыз (*әрбір қатысушының өз жауаптарын оқулықтарына жазып, бұл сұрақты жауапсыз қалдырмаулары керек екендіктерін естеріне салыңыз және не деп жазғандарын айтып берулерін сұраңыз*)

4-сұрақ: Исамен, жаңадан, ескі, жаңасы

Топпен бірге еске сақтауға арналған аятты жатқа айтыңыз: «Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!» (2Қор 5:17)

**А) Петірдің 1-хатымен танысу (1-4-сұрақтар)**

**Сіздің сөзіңіз:**

Менің соңымнан ер курсы Петірдің 1-хаты (қысқаша **1Петір**) деп аталатын Құдай Сөзі бөлігіне негізделген. Келіңіздер, алғашқы екі аятты оқып шығайық.

**1Петір 1:1-2-ні бірге оқыңыздар:**

(Егер оқушылардың өз Киелі Кітаптары жоқ болса, үзіндіні оларға сіз оқып беріңіз немесе қағазға принтермен басып беріңіз)

**Сұраңыз:**

1-аятқа сәйкес Жаратушының жетекшілігімен бұл хатты кім жазды? (Елші Петір. Біз өткен аптада оқыған Шимон Петір осы. Біз жазбадағы әртүрлі кітаптардың бір-бірімен қалай байланысатынын және оларды адамдар жазса да, Жаратушының ақиқат сөзі екендігі туралы 6-сабақта көбірек білетін боламыз.)

1-аят бұл хаттың қандай адамдарға арналғанын сипаттайды?» (Жат жерлік, шашыраған, Құдай Әке алдын ала танып, таңдап алған адамдарға. Олар қазір біз Түркия деп атайтын елдің әртүрлі бөлігінде өмір сүріп жатқан адамдар болатын.)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Шынында өз үйінен алыста, ыдырап кеткен бөтен жерліктер сияқты өмір сүру қиын. Біз бұл туралы 8-сабақта көбірек білетін боламыз. Дегенмен Жаратушының таңдаулы халқы екенімізді сезіну қандай керемет. Ол бізді дүниеге келместен бұрын сүйіп, таңдап алды! Ал енді біз Жаратушының таңдаулы халқы екеніміз жайлы жаңа болмысымыз туралы көбірек біле түсейік».

**Б) Біздің жаңа болмысымыз (5-7-сұрақтар)**

**5-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыз**

**Сұраңыз:**

«Өз дінін өзгерткен адамдарды әдетте қалай деп атайды?»

**(Талқылаңыздар.** Бәлкім, опасыз (кәпір) немесе сатқын (мұртад) дер)

«Ал біздің жаңа болмысымыз Жаратушының көз алдында қалай аталады?»

(Біз Оның таңдаулы халқымыз!)

**7-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыз**

**Сұраңыз:**

«Біздің ешбір еңбегіміз сіңбесе де, Жаратушының бізді сүйгендіктен таңдап алғаны сізге, тіпті бұл дүниенің адамдары бізді қабылдаса да, қандай сезім береді?»

*(Талқылаңыздар – өз жауаптарыңыз)*

**В) Біздің жаңадан туылуымыз (8-11-сұрақтар)**

**8-сұрақ**

Жұлдызкұрт пен көбелектің суреттеріне **қараңыз**

## 8-сұрақты оқып шығыңыздар

### Сұраңыз:

«Жұлдызқұрт көбелекке айналған кезде, ол сол бұрынғы тіршілік иесі болып қала ма, әлде басқа бір тіріжанға айнала ма?»

(Бір жағынан ол сол тіршілік иесі болып қалды, бірақ белгілі бір түрде ол жаңадан туылады, сондықтан да оның түрі мүлдем басқаша өзгеріп, енді ұша алатын болады.)

«Бұл мысал біздің Иса Мәсіхте басымыздан өткізетін жаңадан тууымызға қай жағынан ұқсайды?»

(Бір жағынан біз бұрынғыдай адамдармыз, бірақ жұлдызқұрттың көбелекке айналғаны сияқты, бізде де орасан зор рухани өзгерістер орын алды. Бұл өзгеріс біздің өмірімізден ккрініп тұратын, біз енді Құдай Рухының жаңа қағидаларымен өмір сүретін боламыз.)

## 10-сұрақ

### Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

### Сұраңыз:

«Қай жауап дұрыс?» (б)

## 11-сұрақ

### 1 Петір 1:3-ті оқып шығыңыздар

### Сұраңыз:

«Бұл жаңа тууды бізге кім берді?»

(Жаратушы, әрі Ол Иеміз Иса Мәсіхтің Әкесі деп аталады.)

«Не себепті Ол бізге жаңадан тууды берді?» (Өзінің шексіз рақымына бола)

«Осы жаңа туудың арқасында біз не нәрсеге ие боламыз?»

(Иса Мәсіхтің тірілуі арқылы жаңа үмітке)

## Г) Сіз осылай жаңадан туылдыңыз ба? (12-13-сұрақтар)

## 12-сұрақ

### Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

### Сіздің сөзіңіз:

«Дәрігер жайлы осы мысал бізге жаңадан тууды қандай адамдардың қабылдай алатынын көрсетеді».

### Сұраңыз:

«А-науқас қандай адам?» (Ол Исаның ұсынған құрбандығына сенеді, бірақ Оның соңынан еруге қорқады)

«Б-науқас қандай адам?» (Ол Исаның ұсынған құрбандығына мүлдем сенбейді)

«В-науқас қандай адам?» (Ол Исаның ұсынған құрбандығына сенеді және сенім артады, сондай-ақ Оны өз өміріне қабылдайды)

«Сонымен, біз қалай рухани жаңадан туыламыз?»

(В-науқас сияқты Исаның ұсынған құрбандығына сенім арту арқылы. Оған былай дейміз: Өтінемін, менің өміріме келе гөр.)

### 13-сұрақ

Түсіндірмені **оқып шығыңыз**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Сіз өз өміріңізге Тәңір Исаны қабылдадыңыз ба? Біз ғажайып жаңа тууды осылайша ғана бастан кеше аламыз. Егер сіз әлі де бұл қадамды жасамаған болсаңыз, онда маған келіп жеке сөйлесуіңізді өтінемін».

### Д) Біздің жаңа табиғатымыз (14-16-сұрақтар)

#### 14-15-сұрақтар

**Сіздің сөзіңіз:**

«Біз Иса Тәңіріміздің бізге жаңа **болмыс** пен жаңадан тууды бергенін білдік. Келіңіздер, осы жаңа болмыс Исаның ізбасарларына айналған бірнеше адамды қалай өзгерткенін көрейік».

Бірнеше адамның жақтаудың ішінде жазған әңгімелерін оқып шығыңыз, 14-15-сұрақтар. Жазылған әңгімелерді сіз және оқушыларыңыз кезектесіп оқып шығуларыңызға болады.

15-сұрақтың «Нақты қандай өзгерістер...» деп басталатын бөлігін оқыңыздар

**Сұраңыз:**

«Бұл бөлімде сіз не деп жаздыңыз?» (Әрбір оқушы өздері бастан кешкен бір өзгеріспен бөлісулері керек)

### Е) Біздің рухани күресіміз (17-20-сұрақтар)

#### 17-сұрақ

Бірінші азат жолды және жақтаудың ішінде жазылған Киелі Кітаптың үзіндісін оқып шығыңыздар.

**Сұраңыз:**

«Киелі Кітаптан келтірілген осы үзіндіге сәйкес адамның ескі болмысы неден көрініс табады? (*ашу-ыза, қаһар, жаман сөздер, балағат сөздер*)

«Сіздің мінез-құлқыңыздан бұл көріне ме?» (*өз жауаптарыңыз*)

«Бұл үзіндіде осындай мінез-құлыққа қатысты қандай бұйрық берілген?» (*Мұндай мінез-құлық лас, ескі киімге ұқсайды, сондықтан оны «шешіп тастау керек». Мұның орнына біз жаңа киім киген сияқты, өзіміздің жаңа болмысымызды «киюіміз» керек.*)

«Мұны істеу оңай ма? (Жоқ, қиын! Біз тіпті бұны өз күшімізбен де істей алмаймыз.)

#### 19-сұрақ

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыз**

### **Сұраңыз:**

«Бұл екі ешкі нені білдіреді?» (Қара ешкі ескі күнәкар болмысты, ал ақ ешкі Исадағы біздің жаңа болмысымызды білдіреді)

«Сіздің өміріңізде олардың қайсысы жеңіске жетеді?»

*(Біз қайсысын көбірек қоректендірсек, сол жеңіске жетеді. Мысалы, егер біз Исадағы жаңа болмысымызды қоректендірер болсақ, ол нығая түседі. Ал егер біз ескі күнәкар болмысымызға ерік берсек, ол бізді құрсауында ұстайтын болады)*

Қара ешкі мен ақ ешкі төбелесіп жатқан видеоны көріңіз:

<http://www.youtube.com/watch?v=HG24G-dGzrQ>

### **Сұраңыз:**

«Іс жүзінде сіз нығаяу үшін ақ ешкіге қалай көмектесе аласыз және қара ешкіні қоректендіруді қалай қоясыз? (Әркімнің өз жауабы. Сіз де өз тәжірибеңізбен бөлісуіңіз керек. Бұның күнделікті күрес екенін, әрі өзіңіздің әлі күнге дейін күресіп жатқаныңызды, мүлдем мінсіз емес екеніңізді түсіндіріңіз.)

«Бұл күрес оңай емес, егер біз онымен өз күшімізбен күресер болсақ, онда жеңілеміз. Ал жеңетін күшті бізге Кім береді?» *(Бізде Өзінің Киелі Рухымен өмір сүріп жатқан Жаратушы береді. Біз бұл туралы 4-сабақта өтетін боламыз. Киелі Кітап былай дейді: «Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын» (Філіп 4:13.)*

### **Мәдени кеңес: Жихад**

Біз «Жихад» деген сөзді естігенде, ойымызға теледидарда жаңалықтардан айтатын діни экстремистер оралады. Бірақ арабтың «жихад» сөзінің мағынасы «күрес» дегенді білдіреді. Бұл сондай-ақ қарулы қақтығысты да білдіреді, оны «кіші жихад» деп атайды. «Ұлы жихад» бұл – Құдай берген ізгілік ұстанымдарына өзінді бағындырудағы күрес. Осы ұғым «рухани күрес» (мұнда біз күнәмен күресеміз) мағынасын білдіреді. Мұны дәл осылай түсіндірген жақсы, дегенмен шәкірттеріңізге сезімтал болыңыз. Егер «жихад» термині экстремизм мағынасын білдірсе, онда бұндай аналогияны қолданбаған жөн.

### **20-Сұрақ**

Жаттауға арналған 2Қор 5:17- ні *(жақтаудың ішінде)* оқып шығыңыздар, қаншалықты жақсы жаттағандарыңызды тексеру үшін бірге жатқа айтыңыздар.

### **Аяқтайтын мінәжат**

### **Мәдени кеңес: Адам сиынғанда өзін қалай ұстауы керек**

20-сұраққа арналған суретте адам мінәжат кезінде екі алақанын бір-біріне қосып емес, көкке жайып тұр. Сіз мына бір нәрсеге назар аударған кезіңіз болды ма? Не себепті сенушілер мінәжат кезінде бастарын иіп, көздерін жұмып, алақандарын қосып отырады? Бұл жаман емес, бірақ Киелі Кітапта бұл туралы еш жерде нұсқау жоқ, бірақ мінәжат кезінде адам денесін қалай ұстауы



керектігі туралы әртүрлі мысалдар бар. Кейбір мәдениетте адамдар алақандарын көкке жайып сиынады, бұл оқушыларға көбірек таныс болуы мүмкін. Бұл біздің Жаратушыға Оның рақымын сұрап келген кезімізде, қолымызда ешнәрсе жоқ екендігін білдірудің жақсы тәсілі. Егер қаласаңыз, оқушылардан осыған дейін дәл осылай сиынған кездері болды ма және Исаның ізбасарлары ретінде осылай сиынғылары келе ме, сол туралы сұрауға болады.

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Осы сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

#### **Оқып шығыңыздар: 2-сабақтың практикалық тапсырмасы**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптада практикалық тапсырманы орындаңыздар. Сондай-ақ үйде 3-сабақты зерттеп оқыңыздар»

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:** Жаратушыдан күнделікті рухани күресте жеңіп шығуыңызға көмек сұраңыз.

## 3-Сабаққа арналған жетекшілік

### Құдай Әке

#### 3-сабақтың мақсаттары

Әрбір шәкірт осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Жаратушыға Әке деп келуге мүдделі болу
- б. Мәсіхтің ізбасарлары не себепті Исаны Жаратушының Ұлы деп атайтынын бастапқы деңгейде түсіндіре алу
- в. 1Жохан 3:1-ді жатқа білу
- г. Құдай Әкенің шартсыз махаббатын сезіну және дәл сондай сүйіспеншілікті балаларына көрсетуге тырысу.

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы:

**Сіздің сөзіңіз:** «2-сабақтың практикалық тапсырмасы біздің ескі болмысымыздағы үш түрлі жаман әдетке қарсы күрес жайлы болатын. Бұл қалай болды? Бір нәрсені істей алдыңыздар ма, әлде қандай да бір қиындықтар сезіндіңіздер ме?»

#### Бүгінгі тақырып

Сіздің сөзіңіз: «Кейбір діндерде Құдайға Әкеге деп айту Құдайды қорлау болып табылады немесе оны *ширк* деп айтады! Дегенмен Құдайды рухани Әке деп айтуға болады және Исаның ізбасарлары ретінде біздер үшін бұл үлкен артықшылық. Біз бүгін осы жайлы айтатын боламыз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары

3-Сабаққа шолуды бірге **ашыңыздар**. Шәкірттерден сұрақтарға қалай жауап бергендерін сұраңыз.

Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: а) Әке; б) Әке

2-сұрақ: а) жалған; б) ақиқат; в) ақиқат

3-сұрақ ұлы сүйіспеншілік, балалары, балалар.

Жаттауға арналған аятты біз сәл кейінірек айтатын боламыз.

#### Мәдени кеңес: Құдайды «Әке» деп атай отырып

Кейбір діндерде Жаратушыны танып білу мүмкін емес деп үйретеді және Ол Өзінің құдайлық болмысын ешкіммен де бөліспейді деп санайды. Олар үшін арабтың *ширк* деген сөзі қандай да

бір жаратылысты Жаратушыға қосу немесе теңеу болып саналады. Олардың айтуынша әке болу – бұл тек жыныстық қатынастан ғана туатын адами түсінік, сондықтан олар үшін Жаратушыны «Әке» деп айту *ширк* болып саналады. Әйткенмен біз Құдайды Әке деп айтқан кезде, Ол да біз сияқты адам деген оймен айтпаймыз. Біз бұл арқылы Оның бізге жақын екендігін және Иса арқылы Оның бізбен қарым-қатынаста болғысы келетініне баса мән береміз. Бұл жайында 3-сабақта көбірек түсініктеме беріледі.

## **А) Иса Мәсіх Құдайды «Әке» деп атады (3-9-сұрақтар)**

### **4-сұрақ**

Жохан 5:19-27-ні оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Осы үзіндіде «Ұлы» және «Әке» деген сөздерді неше рет дөңгелектеп шықтыңыз?» («Ұлы» төрт рет, «Әке» төрт рет белгіленген болуы керек)

«Егер Иса Мәсіхтің Өзі бұл атақтарды айқын айтып тұрса, біз олардан ұялуға тиіспіз бе? (Жоқ.)

«Не себепті біздің сенбеуші достарымыз Ұлы және Әке деген атақтарға қарсы болады?» (Өйткені олар Исаның ізбасарлары Құдай дүниеге Ұл әкелу үшін әйелмен тәни қарым-қатынаста болды деп үйретеді деп санайды) «Ал біз солай деп сенеміз бе?» (Жоқ! Бұндай ойдың өзі Исаға сенетін біз үшін де қорлау болып табылады.)

### **7-сұрақ**

Бірінші азат жолды оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Сіздердің мәдениеттеріңізде: өзінің туған ұлы болмаса да, жас адамға немесе басқа адамға «ұлым» деп айту дәстүрі бар ма? (Өз жауаптарыңыз)

### **4-сұрақтан қосымша**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«6-сұрақтан біз Көне Киелі Келісім кезеңінде «ұлым» деген сөздің ерекше бір адамдарға қатысты қалай қолданылғанын көрдік. Олар Жаратушымен жақын өмір сүрген, бойларынан Құдайдың кейбір қасиеттері көрінген және Жаратушының оларға берген билігімен ел басқарған адамдар болған. Келіңіздер, жақтаудың ішіндегі 4-сұраққа арналған үзіндіні қайта оқып шығайық, сонда біз Исаның осы міндеттерді қалайша орындағанын, тіпті артығымен орындағанын көре аламыз».

#### **Сұраңыз:**

«Бұл үзіндіде қандай сөз тіркестер Исаның көктегі Әкесімен жақындығын сипаттайды?» (Өйткені Әкесі Ұлын сүйеді және Өзі не істесе, Оған соны көрсетеді)

«Исаның бойында көктегі Әкесінің қасиеттері бар екендігін қай сөз тіркестері айтып тұр?» (Әкесі не істесе, Ұлы да соны істейді.)

Исаның көктегі Әкесі берген билікпен басқаратыны туралы қандай сөз тіркестері айтады?» (Кім Ұлын құрметтемесе, Ұлды жіберген Әкені де құрметтемейді)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Осылайша Көне Киелі Келісім кезеңінде қолданылған «Құдайдың Ұлы» дейтін сөздің барлық міндетін Иса атқарып шықты. Ол Өзінің көктегі Әкесімен әрқашан жақын болды. Оның көктегі Әкесімен қасиеттері ортақ және Ол Өзіне Әкесі берген билікпен басқарады. Сондай-ақ «Өкенің Өзі өмірдің бастауы екеніндей» Иса да өмірдің бастауы болып табылады..

«Бұған қоса Иса Мәсіх одан да бетер үлкен мәлімдеме жасады, біз бұл жайлы 8-сұрақта оқи аламыз».

**8-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«Иса Мәсіх Жаратушымен Өзінің болмысы ортақ екенін көрсететін қандай мәлімдеме жасады?»  
(Кім Мені көрсе, соның Өкені де көргені)

8-сұрақты соңына дейін **оқып шығыңыздар**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Жұпқа бөлініңіздер. Біреуіңіз Исаның шәкіртінің рөлінде боласыз. Ол сенбеушінің рөліндегі екінші адамға не себепті біз Иса Мәсіхке «Құдай Ұлы» деген атақты қолданатынымызды қысқаша үш минуттың ішінде түсіндіріп берсін. Бұл үшін сізге 3 пен 9-сұрақтардың кез-келген бөлігін қолдануыңызға немесе өз бетіңізше түсіндіріп көруіңізге болады».

Енді рөлдеріңізді ауыстырыңыздар, екінші адам дәл осылай бірінші адамға түсіндіріп шығуы керек»

(Бұл топ ішіндегі жаттығу. Егер сіз курсты жалғыз адаммен ғана өтіп жатсаңыз, онда оны бірге орындай аласыздар.)

**Б) Біз де Құдайды «Әке» деп атай аламыз (10-18-сұрақ)**

**10-11-сұрақтар****Сіздің сөзіңіз:**

«Біз Исаны Құдайдың Ұлы деп атай аламыз. Ал енді біз бұдан да үлкен қадам жасаймыз. Біз Исамен байланыста Құдайды Әке деп атай аламыз ба? Келіңіздер, осы туралы сөйлесейік».

10-сұрақты тұтасымен және 11-сұрақтағы бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«Біз рухани мағынада Құдайды «Әке» деп атай аламыз ба? (Иә)

«Неге?» (Себебі Құдай Ие бізді «үлкен ағамыз» Иса арқылы бізді рухани балалары ретінде асырап алды)

«10-сұрақта қай аят бізде Жаратушыны Әке деп атай алатын орасан зор артықшылық бар екенін айтады?» (1Жохан 3:1)

Жаттауға арналған 1Жохан 3:1-ші аятты көрнекілік арқылы жаттап көріңіздер.

- Әр сөзді қағаздың қиындысына жеке жазып, оларды араластырыңыз
- Оқушылардан сөздерді дұрыс ретпен қоюын және аятты айтып беруін сұраңыз
- Енді екі-үш сөзді алып тастап, аятты қайтадан айтып шығыңыздар
- Осы жаттығуды қатысушылар қағаздың көмегінсіз аятты жатқа айтып бере алғандарына дейін жалғастырыңыздар

## 12-сұрақ

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

### Сұраңыз:

«Біздің жердегі әкеміз бен көктегі Әкеміздің сүйіспеншілігінің арасында қандай айырмашылық бар?»

(Біздің жердегі әкелеріміз балаларын қол жеткізген жетістіктеріне қарай жақсы көреді, ал біздің көктегі Әкеміз бізді Оның баласы болғанымыз үшін жақсы көреді)

«Құдай бізді үнемі жақсы көре ме, әлде біз жақсы бір істер істеген кезде ғана жақсы көре ме?» (Әрқашан)

«Біз өз балаларымызды үнемі жақсы көруіміз керек пе, әлде олар жақсы істер істеген де ғана жақсы көруіміз керек пе?» (Әрқашан)

## 13а-сұрақ

### Сіздің сөзіңіз:

«Жаратушыны көктегі Әкеміз ретінде қарастырмас бұрын, келіңіздер, алдымен өзіміздің жердегі әкелерімізбен қарым-қатынастарымыз жайлы ойланып, сол туралы бөлісейік. Біз әрқайсымыздың өз әкелерімізбен қарым-қатынасымыздың әртүрлі екенін білеміз және ешқайсымыздың әкелеріміз мүлтіксіз емес. Сіздердің кейбіреулеріңіз бәлкім өз әкелерімен өте қиын қарым-қатынаста болған шығар. Бірақ біздің көктегі Әкеміз мүлдем басқаша, Ол бізді шарт қоймай жақсы көреді».

**Ескерту:** Қатысушылардың шыққан тегін назарға алыңыз. Олардың өз әкелері жайлы естеліктері тым ауыр болуы мүмкін. Сондықтан оларға өздеріне айтуға ыңғайлы нәрселермен бөлісулеріне мүмкіндік беріңіз.

13-сұрақтағы бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

### Сұраңыз:

«Әкеңіз бала күніңізде қандай болғаны жайлы біреуіңіз бөліскіңіз келе ме?»

(Егер бұл қатысушылар үшін тым артық сұрақ деп есептесеңіз, оны қоймауыңызға болады. Өзіңіздің жердегі әкеңізбен қарым-қатынасыңыз жайлы бөлісуге дайын болыңыз.)

### **13б-сұрақ**

13-сұрақтың екінші және үшінші азат жолдарын **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Мына суреттегі әке ұлын ұстап қалмай, жерге құлатып жіберді. Бізде Құдай да осындай әке сияқты болуы мүмкін деген қорқыныш бар ма?»

(Шәкірттердің өз қорқыныштары жайлы бүкпей айта алуларына мүмкіндік беріңіз. Содан кейін Жаратушының оларды ешқашан алдамайтыны туралы айтыңыз! Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын» деген ғой (Евр 13:5))

#### **Мәдени кеңес: Жаратушыға жақындық**

«Басқа діндегі адамдар өздерін Құдайдан алыста тұрғандай әрі Оған бару мүмкін еместей сезінеді. Олар Құдай жайлы «біз оған күре тамырдан бетер жақынбыз» деп айтқанымен, бұл екі жақты қарым-қатынас дегенді білдірмейді. Құдаймен жақын қарым-қатынас дейтін түсінік көпшілікке таныс емес. Исаның шәкірттері Жаратушыны мүлдем айрықша түсінеді – Жаратушы шынымен де бізді құтқару үшін келді және Ол бізге Өзін «Әке» деп таныстырды».

### **14-15-сұрақтар**

Лұқа 15:11-24-ті **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Иса айтып берген осы әңгімедегі әке қандай ерекше нәрсе істеді? (Ол өзін қатты масқараға ұшыратқан ұлын қайтадан қабылдады)

«Осы оқиға арқылы Иса Құдай жайлы бізге не нәрсе үйретіп тұр деп ойлайсыз?» (Құдай осы әкеге ұқсайды. Біз Оны қатты масқараға ұшыратқанымызға қарамастан Ол бізді кешіріп, қабылдайды!)

### **16-сұрақ**

Нәзірдің оқиғасын **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Нәзірдікіне ұқсас оқиға бастарыңызда болды ма? (Қатысушылар өз оқиғаларымен бөлісулері керек. Егер біз бұны әлі бастан кешпеген болсақ, онда үй-ішіміз Исаның соңынан ергенімізді білген кезде бізді кері итеруі мүмкін.)

«Біздің көктегі Әкеміз Нәзірдің әкесінен қалай ерекшеленеді? (Біздің көктегі Әкеміз бізді ешқашан да кері итермейді)

### **18-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Келіңіздер, Забурдағы осы аятты бірге қайталайық» (Бірге айтыңыздар: «Егер тіпті әкем мен анам мені тастап кетсе де, Жаратушы мені қабылдайды»)

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Осы сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

### **3-сабақтың практикалық тапсырмасын оқып шығыңыздар**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы практикалық тапсырманы өзіңіздің балаларыңызбен немесе туысқандарыңыздың балаларымен бірге орындаңыз. Сондай-ақ үйде 4-сабақты оқып дайындалыңыз».

Жаратқан Иенің бізге деген сүйіспеншілігі жайлы мадақтау ән айтыңыздар (егер қаласаңыздар)

#### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жер бетіндегі әкемізге қарағанда, біз Құдайға зор сенім арта алатынымыз үшін және егер тіпті өз туған ата-аналарымыз тастап кетсе де, Оның бізді әрқашан қабылдайтындығы үшін Жаратушыға алғыс айтыңыздар.

## 4-Сабаққа арналған жетекшілік

### Мәсіхке Оның Рухының күшімен бағыну

#### 4-сабақтың мақсаттары

**Әрбір қатысушы** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы кере:

а. Иса Тәңірге ойымен де, сөзімен де, ісімен де толық бағынуға шешім қабылдау;

б. 1Петір 1:15-ті жаттау

в. Құдайды қалай болған күнде де үшеудегі біреу деп сипаттауға көмектесетін екі мысал ұсыну

г. Киелі Рухқа барған сайын көбірек кенелуді қалау.

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

«Үшінші сабақтың практикалық тапсырмасы бойынша сіз балаларыңызға шартсыз сүйіспеншілігіңізді екі түрлі тәсілмен көрсету керек болатынсыз. Қандай тәсіл ойлап таптыңыздар және оны іске асыра алдыңыздар ма?»

#### Бүгінгі тақырып

#### Сіздің сөзіңіз:

«Біз бүгін Тәңіріміз Иса мен Оның Рухы біздің өмірімізде қалай жұмыс істейтіні туралы білетін боламыз. Сондай-ақ біз бүгін Әке, Ұлы және Киелі Рухтың бір-бірімен қалай тығыз байланыста екендігі жайлы және Олардың бір ғана шынайы Құдай екендігі туралы аздап білетін боламыз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары

3-сабаққа шолу жасауды бірге **ашыңыздар**. Сұрақтарға шәкірттердің қалай жауап бергенін сұраңыз.

#### Дұрыс жауаптар:

1-жауап: а), б), в) және г) – жауаптардың барлығы дұрыс

2-жауап: б)

3-жауап: өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар (1Петір 1:15.)

4-жауап: б)

#### Сұраңыз:



Практикалық тапсырманы орындадыңыз ба? Күнделікті өміріңізде балаларыңызға мейірімділік көрсеттіңіз бе? Қандай іс-қимылмен көрсеттіңіз? (Қатысушылар өздерінің не істегендерін және оның нәтижесі қалай болғандығын сипаттап берулері керек)

### **Мәдени кеңес: Үшбірлікті танып білу**

Кейбіреулер Иса Мәсікке Оның Құдайлық болмысын немесе Оның Үшбірлікте Әкемен және Киелі Рухпен қалай байланысатынын толық түсінбей жүреді. Бірақ арада біраз уақыт өткенде олар бұл туралы білгілері келетін болады. Бірақ 4-сабақ тек бастапқы курс қана болғандықтан, Құдайдың Үшбірлігін жалпылама ғана түсіндіре алады. Біз тіпті оны толығымен түсінбесек те, ең бастысы өз өмірімізде Құдай Әкені, Құдай Ұлды және Құдай Киелі Рухты қалай сезінетінімізге басты назар аударуымыз керек.

Сенушілердің кейбіреулері Үшбірлікке қатысты қанағаттанарлық түсіндірме ала алмағандықтан да Исаның соңынан ерулерін тоқтатты. Сондықтан бұл тақырып маңызды. Сондай-ақ оларға бұл ілімді осы сұрақ бойынша шабуыл жасайтын адамдардан қорғаудың қарапайым тәсілі керек. Сөйтсе де біз өз ақыл-ойымызбен осы тақырыпқа байланысты толық қанағат таба алмаймыз. Сондықтан дәл сол сәтте қатысушылармен бірге осы тақырыпты қаншалықты терең талқылау керек екендігін топ жетекшісі ретінде сіз белгілейсіз.

Киелі Рух Әкеге жол ашып, бізді Исаға біртіндеп ұқсата түсу арқылы бізді Жаратушымен шынымен байланыстырады. Кейбір діндерде адамның өз күшіне баса мән берілетіндіктен, бұл сабақ біздің Жаратушыға тек Оның Киелі Рухының күшімен ғана ұнамды өмір сүре алатындығымызды баса айтады. Осы сабаққа сәйкес біз Жаратушының Рухына күнделікті кенелуіміз керек және Оның біздің өмірімізді неғұрлым көбірек жетелеуін сұрауымыз керек. Бұл сабақ әсіресе Елуінші күнге қатысты ілімге байланысты келіспеушіліктен аулақ болуды қалайды.

### **А) Иса Мәсіхтің біздің өміріміздегі жұмысы (2-6-сұрақтар)**

#### **4а-сұрақ**

##### **Сіздің сөзіңіз:**

«Біз Тәңіріміз әрі Ұстазымыз Иса Мәсіхтің соңынан еріп келеміз. Біз Онымен «келісім» деп аталатын берік байлам арқылы байланыстық. Келіңіздер, осы туралы сөйлесейік».

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

##### **Сұраңыз:**

«Келісім» деген сөз нені білдіреді? (Бұл үзіп тастауға болмайтын, берік міндеттеме немесе мәміле) (Сондай-ақ 4-сұрақты қараңыз.)

«Адамдар мен Жаратушының арасындағы келіссөздің немесе келісімнің дәлелінің белгісі ретінде Мұса адамдарға нені «бүркіп» еді?» (Құрбандыққа әкелінген малдардың қанын)

«1Петір 1:2-ге сәйкес біз Жаратушымен арадағы келісімнің немесе келіссөздің дәлелінің белгісі ретінде біз немен тазардық?» (Иса Мәсіхтің қанымен, 2-сұрақты қараңыз)

### **Мәдени кеңес: Құрбандық және Келісім**

Басқа діндер құрбандық шалу әлдебір жолмен күнәнің құнын өтейді деп үйретеді. Бұны Құрбан айт мерекесінен көруге болады. Бұл мерекеде адамдар Ыбырайым пайғамбардың өз ұлын

құрбандыққа шалуға да дайын болғанын еске алады (Жар.баст. 22-тараумен салыстырыңыз.) Кейбіреулер құрбандық шалу күнәнің құнын шынымен де өтейді деп санғанмен, олар мұны сол құрбандықты беретін Жаратушымен арадағы келісіммен байланыстырмайды.

Алайда Мысырдан шығу 24-тарауда малдарды күнәнің құнын өтеу үшін ғана құрбандыққа шалған жоқ. Сондай-ақ шалынған құрбандық халықтың Жаратушымен мықты міндеттермен байланысқанын білдіретін белгісі әрі мөрі болатын, бұл «келісім» деп аталады. Інжілде Иса Мәсіх жаңа келісімге Өзінің қанымен мөр қойды. Қатысушылар мынаны түсінулері керек: Исаның құрбандығы бізді өткен күнәларымыздан азат еткенімен, бұл біздің қайтадан күнә жасай бере алатындығымызды білдірмейді!

Керісінше, біз Исамен берік келісімге келдік. Біз бұл сұрақты 15-сабақтың 17-22-сұрақтарында тереңірек зерттейтін боламыз.

#### **46-Сұрақ**

«Бұл міндеттеме рухани жетекші...» деп басталатын екінші азат жолды оқып шығыңыздар.

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сөйлемнің біз үшін мағынасы қандай?»

(Кейбір мәдениеттерде рухани жетекшінің немесе топ жетекшісінің (мүршид) алатын орны басқа мәдениеттерге қарағанда әлдеқайда күштірек. Егер бұл сіздің мәдениетіңізге сай болмаса, онда оны қолданудың қажеті жоқ. Бірақ мұның мәнісі мынада: біз өз Ұстазымыз Иса Мәсіхке барлық жағынан бағынуға міндеттіміз. Ал біздің Исаның алдындағы міндетіміз шәкірттің рухани жетекшісінің алдындағы міндетінен әлдеқайда күштірек болу керек. Өйткені кез-келген топ жетекшісіне қарағанда Иса Мәсіх біздер үшін әлдеқайда үлкен еңбек атқарды!)

#### **Мәдени кеңес: Шәкірт болу**

Кейбір діндер адамның рухани жетекші (арабша мүршид деп аталады) немесе ұстазы болу керектігінің маңызын баса айтуы мүмкін. Мұндай адамның өзінің шәкірттеріне билігі үлкен болады, ал шәкірт болса оған барлық нәрседе бағынуға ант береді. Шәкірттердің шыққан тегіне қарай мұндай мысал келтіру оларға Исаның соңынан еру біз үшін қаншалықты маңызды міндет екенін түсінулеріне көмектеседі (бірақ шәкірттер Оны «мүршид» деп атауды қаламаулары мүмкін.)

#### **5-сұрақ**

Мына үш суретке қараңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Қайсысы маңыздырақ деп ойлайсыз: Иеміз Исаға біз қай нәрседе көбірек бағынуымыз керек, ісімізбен бе, сөзімізбен бе, әлде ойымызбен бе?» (Іс жүзінде үшеуі де маңызды, біз біреуін де елемей кетпеуіміз керек.)

«Ойыңызбен де, ісіңізбен де, сөзіңізбен де Оған бағынуға Исаның сізге қалай көмектескенін айтып, өз өміріңізден мысал келтіріңіз» (Бұны талқылауға әрбір адамды, тіпті ең ұялшақ адамды да қатыстыруды ұмытпаңыз.)

#### **Б) Біздің өміріміздегі Киелі Рухтың жұмысы (7-12-сұрақтар)**

#### **7-сұрақ**

**Сіздің сөзіңіз:** «Енді Құдай Рухы біздің өмірімізде қалай жұмыс істейтінін тереңірек зерттейік».

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Киелі Кітаптың іліміне сәйкес Киелі Рух Кім?» (Ол – бұл әлемде, әсіресе Исаның ізбасарларының өмірінде белсенді жұмыс атқаратын Жаратушының бар екенін білдіретін Құдайдың Рухы .)

«Сіз Исаның ізбасарына айналғаннан кейін өміріңізде бұрынғыға қарағанда шынайы Құдайдың бар екені анық сезіле бастады ма?» (Көпшілігі мұның рас екенін айтады.)

«Олай болса, сіздің өміріңіздегі өзгерістерді Кім жүзеге асырады?» (Жаратушының Рухы, біз Оны Киелі Рух деп атаймыз.)

**Мәдени кеңес: Киелі Рух және Жәбірейіл періште**

Осы курстың 8-сұрағының дұрыс жауабы мынадай: а), себебі басқа діннің өкілдері Киелі Рух деген Жәбірейіл періштенің аты деп есептейді.

**9-сұрақ**

Сұрақты тұтасымен түсіндірмеге дейін **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«Бұл сұраққа қалай жауап бердіңіздер?» (*Өз жауаптарыңыз, талқылауға арналған. Ұсынылған жауаптар: а) бір б) үш в) иә г) жоқ*)

«Осы берілген мысал сізге Жаратушыны Өке, Ұлы, және Киелі Рух ретінде тануыңызға көмектесе ме: біз Оларды айыра аламыз, бірақ бір-бірінен бөліп тастай алмаймыз». (*Талқылаңыздар*)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Әрине, ешбір адам Жаратушы Құдайды тұтасымен суреттейтін мысал келтіре алмайды. Бірақ түсіндірмеде айтып тұрған мұғалімнің сөзін есіңізде сақтаңыз. Егер Құдайдың жаратқан нәрсесі біреуінде үшеу бола алатын болса, онда оларды Жаратқанның Өзі қалайша біреуінде үшеу бола алмайды?»

**11-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«а) сұрағына қалай жауап бердіңіздер? Не үшін?» (Ғылыми тұрғыда егер күннің сәулесі болмаса, біз онда күнді көре алмас едік, ал егер ол жылу шығармаса, оны сезіне алмас едік.)

«б) сұрағына қалай жауап бердіңіздер? Не үшін?» (Егер Жаратушы Өзінің Ұлын жібермесе, біз Оның қандай екенін білмес едік. Ал егер Киелі Рухын жібермесе, онда біз Оны жеке өмірімізде сезіне алмас едік.)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Жалғыз ғана Құдай бар, Ол – Әке, Ұлы және Киелі Рух. Бұл басқа діндердегі Құдай жайлы ұғымға қарағанда әлдеқайда күрделірек. Бірақ есіңізде болсын, егер Құдай көзге көрінбейтін Жаратушы болса, онда Ол жер бетінде немесе біздің өмірімізде Өзін көрсете алмас еді. Ол сәулесі мен жылуы жоқ күн сияқты болар еді. Біз Құдайдың өзімізге жақындығын Ол біреуінде үшеу болғандықтан сезіне аламыз».

Біз тіпті бір нәрсені толығымен түсіне алмаған кезде де сену керектігін **тереңірек** талқылаңыздар

**Құрал-жабдық:** Қатты нәрсе (мысалы ағаш үстел) және оңай сынатын нәрсе (мысалы әйнектен жасалған үстел.)

Оңай сынатын нәрседен (мысалы әйнектен жасалған үстелден) бастаңыз. Былай деңіз: «Егер мен осы үстел мені көтере алады деп 100 пайыз сеніп, оның үстіне шықсам, не болар еді? Менің сенімімнің мықты екеніне қарамастан, бұл әйнектен жасалған үстел болғандықтан сынып кетеді».

Ағаш үстелге ауысыңыз. Былай деңіз: «Мына зат (қатты үстел) мені көтере алатынына күмәнданып тұрмын. Бірақ сөйтсе де мен ағаш үстелге шығуды ұйғарамын. Сонда не болады? Әрине, ол менің сенімім мықты болғандықтан емес, мықты заттан жасалғандықтан мені көтереді».

**Сіздің сөзіңіз:** «Бұл сіздің Құдайға Үшбірлік ретінде сенуіңізге ұқсас. Бұның мәнісі біздің мұны қаншалықты түсінетінімізде немесе сеніміміздің күштілігінде емес, біздің сенімімізді кімге артатынымызға байланысты. Ол – құдіретті».

«Сондықтан егер тіпті сіз Құдайды Үшбірлік деп тану қиын деп ойласаңыз, бәрібір де өзіңіз сенген осы жалғыз Құдайға сенім артып, бағыныңыз. Ол осы мықты үстел сияқты сізді көтере алады».

## **Үшбірлікпен танысу**

1Петір 1:2-9-ды оқып шығыңыздар

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл аяттар біз тіпті Құдайды жеткілікті түрде ұғына алмасақ та, Үшбірлік ретінде Онымен қалай таныса алатындығымызды көрсетеді».

### **Сұраңыз:**

«2-аят: Құдай Әке, Құдай Рух және Құдай Ұл сіздің өміріңізде не істеді?»

(Әке бізді алдын ала танып, Өзінің Киелі Рухымен Иса Мәсіхке мойынсұнатын, Оның құрбандық өлімінде төгілген қаны арқылы тазарған, меншікті де қасиетті халқы болуға таңдап алған еді.)

«3-аят: Құдай Әке және Құдай Ұл сіздің өміріңізде не істеді? (Әке бізге Өзінің Ұлы Исаның тірілуі арқылы жаңа өмір сыйлады)

«5-аят: Жер бетінде өмір сүрген уақытымызда бізді не қорғайды?» (Құдайдың құдіретті күші)

«6-аят: Әр түрлі сынақтар кезінде біз не істеуіміз керек?» (Қуануымыз керек)

«8-9-аяттар: Біз Жаратушыны көре алмасақ та немесе Оны Үшбірлік ретінде жеткілікті түрде түсіне алмасақ та Оған қалай қараймыз?» (Біз Оны жақсы көреміз, Оған сенеміз, шексіз қуанышқа кенелеміз, жан-дүниеміздің толықтай құтқарылуын қабылдаймыз)

## 12-сұрақ

Бірінші азат жолды және асытндағы анықтамаларды **оқып шығыңыздар.**

### Сұраңыз:

«Киелі Рух сізге бүгінгі күнде қандай қабілетті беріп қойды?» (Талқылаңыздар)

«Жаратушының Рухының сіздің өміріңізде белсенді болғаны маңызды ма, әлде міндетті емес пе?» (Маңызды, Оның көмегінсіз біз тізімдегі ешбір нәрсені істей алмаймыз)

В) Киелі Рухтың бізді киелі етуі (13-16-сұрақтар)

## 14-сұрақ

Сұрақты тұтасымен **оқып шығыңыз**

### Сұраңыз:

«Қалай ойлайсыз, киелі болу деген не? Мысал келтіріңіз» (Талқылаңыздар. Мысалы, ол ойларымыз таза, әрі тек қана шындықты айтатынымызды, басқа адамдарға жігер беретініміз бен әлсіздерге қамқорлық жасайтынымызды, және жаман әрекеттер істемеу сияқты көптеген жақсылықты білдіреді. Толығымен киелі болу Жаратушыға ұқсас болу дегенді білдіреді!)

«Біз Кімге қарап киелі болуға ұмтыламыз?» (Жаратушының үлгісіне қарап. Ол киелі болғандықтан да біз киелі болуымыз керек)

«Адам Құдай сияқты киелі бола ала ма?» (Жоқ, мұны өз күшімізбен істеу мүмкін емес. Көптеген діндерде киелі болу үшін адамдар барлық күштерін салады, бірақ киелілікке қол жеткізе алмағандықтан олар қатты қапа болады)

«Біздің осыған дейінгі оқығанымызға сәйкес бізді кім киелі етеді?» (Құдайдың Рухы, 2-аят)

## 16-сұрақ

Еске сақтауға арналған аятты **оқып шығыңыздар** және оны барлығы жаттап алғанынша **қайталаңыздар.**

Сиыну үшін жайылған қолдардың ортасында жазылып тұрған сөздерді оқып шығып, дәл қазір осы үшін бірге сиыныңыздар.

Г) Киелі Рух біздің өмірімізді толтырады (17-20-сұрақтар)

## 20-сұрақ

20-сұрақты тұтасымен **оқып шығыңыздар**

### Сіздің сөзіңіз:

Егер біз күнделікті мінәжат етіп, Құдайға жақын өмір сүретін болсақ, Құдай бізді шынымен де Өзінің Рухымен толтырады. Біз кейде кенеттен Киелі Рухқа кенелгенімізді сезінеміз, ал кей

кездері біртіндеп сезінеміз. Құдай бізге Оның Рухына үздіксіз кенелуді бұйырады. Біз бүкіл өміріміздің өн бойында Киелі Рухқа кенелуді жалғастыра беруіміз керек.

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

4-сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар**

#### **Сіздіңсөзіңіз:**

«Осы аптада практикалық тапсырманы орындаңыздар және 5-сабақты үйде зерттеп оқыңыздар. Егер сізде әлі де өз өз Киелі Кітабыңыз болмаса, онда қазір маған келіңіз. (6-сабақтан бастап әрбір қатысушыға Киелі Кітап қажет болады)

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:** Жаратушыдан өздеріңізді күнделікті Киелі Рухымен кенелтуін сұраңыздар.

## **5-сабаққа арналған жетекшілік.**

### **Жаратушымен қалай тілдесу керек**

#### **5-сабақтың мақсаттары**

**Әрбір шәкірт** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Әр күні Жаратушымен сөйлесе білу
- б. Жаратушыға дұға ету парыз емес, тілдесу екенін түсіну
- в. Кешірім сұрау, алғыс айту және өтініш білдіру мінәжаттың бөліктері екенін білу
- г. «Көктегі Әкеміз» мінәжатын жатқа білу.

#### **Кездесудің басында**

#### **Мінәжатпен бастаңыздар**

#### **Өткен аптаның практикалық тапсырмасы**

Сіздің сөзіңіз: «4-сабақтың практикалық тапсырмасы Жаратушыдан күнделікті Оның Рухына сізді кенелтуін сұрап сиыну болатын. Сіз мұны істеуді ұмытқан жоқсыз ба?» (Өз жауаптарыңыз. Әр аптаның практикалық тапсырмаларын шәкірттердің есіне салып отырамыз, себебі олар мұның бұл курстың маңызды бөлігі екенін сезінулері керек)

#### **Бүгінгі тақырып**

**Сіздің сөзіңіз:** «1-сұрақтағы суретке қараңыздаршы. Жаратушы ұлы Патшаға ұқсайды. Біз бүгін Оған жақын келіп, Онымен сөйлесу туралы білетін боламыз, өйткені Ол біздің көктегі Әкеміз!»

#### **Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары**

Сабаққа шолу жасаудың сұрақтарына қатысушылардың дұрыс жауап бергендерін **тексеріңіз.**

Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: а)

2-сұрақ: Құдайдан кешірім сұрау (күнәлар үшін); Құдайға алғыс айту; (Құдайға) қажеттіліктерін айтып, өтінішпен келу. (Жауаптар әр түрлі ретпен болуы мүмкін)

3-сұрақ: үздіксіз сиыныңыз

4-сұрақ: Көктегі Әкеміз, Сенің киелі есімің қастерлене берсін, Патшалығың осында орнасын! Сенің еркің көкте орындалғандай, жер бетінде де орындала берсін! Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр. Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей, Сен де күнәларымызды кешіре гөр. Азғырылуымызға жол бермей, бізді жамандықтан сақтай гөр. Патшалық, құдірет және ұлылық мәңгі бақи Сенікі! Аумин.

#### **Мәдени кеңес: Мінәжат теологиясы**

Үшінші сабақта біз мынаны айтқан болатынбыз: Мәсіхтің ізбасарларының Жаратушыны жақыннан және жеке Әке ретінде танып білуі басқа діндерге таныс емес. Бұл сондай-ақ мінәжатқа да әсер етеді, өйткені Мәсіхтің ізбасарлары мінәжатты Құдаймен терең қарым-қатынастың көрінісі деп есептейді. Басқа діннің өкілдері үшін міндетті түрдегі сиыну парызы деген бұл негізінен күні бойы Жаратушы жайлы еске алудың тәсілі, сондай-ақ Оның пейілін өздеріне бұру болып табылады. Дегенмен олардың арасында да парызға кірмейтін жеке мінәжаттар бар («*дуа/дұға*» деп аталады), сондай-ақ олардың кейбіреулері мистикалық ойларға беріледі, сөйтсе де адамдар Исаның ізбасарларына айналғаннан кейін бұрын осыған дейін білмеген Жаратушымен жаңадан қарым-қатынас тапқандарына қуанады. Сіз шәкірттерден олардың Исаны қабылдағанға дейінгі және содан кейінгі дұға ету тәжірибелері жайлы сұрай аласыз.

## **А) Жаратушымен Әке ретінде сөйлесу (2-5-сұрақтар)**

### **3-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушы не себепті бізге ұдайы ден қоюға дайын?» (Себебі Ол біздің көктегі Әкеміз)

«Жаратушының алдына келу үшін не себепті біз киелі адамдардың біз жайлы Жаратқан Иеге өтініш білдірулеріне мұқтаж емеспіз?» (Өйткені біз Жаратушының рухани балаларымыз, олай болса біз Оның алдына өзіміз келуге құқымыз бар!)

### **4-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Қай жауапты белгіледіңіздер?» (Бұған қай жауапты белгілегендерін әрбір қатысушы айтуы керек. Әрине, біз өзіміздің көктегі Әкемізбен барлық нәрселер жайлы сөйлесе аламыз!)

Парыз өтейтін және жеке мінәжат (6-10-сұрақтар)

### **9-сұрақ**

#### **Сұраңыз:**

«Адамдардың парыз өтейтін мінәжаттары мен жеке мінәжаттарының себебі неде?» (*Әр түрлі себептерге байланысты, мысалы адамдар жиі парыз өтеу үшін сиынады (намаз) немесе жеке өтініштерін білдіру үшін сиынады (дұға етеді.)*)

«Біздің мінәжат етудегі ең дұрыс ниетіміз қандай болуы керек?» (*Жаратушыға жақындау және Оның аясында өмір сүру үшін. Шәкірттердің мұны өз сөздерімен айтуына болады*)

### **10-сұрақ**

Бірінші азат жол мен жақтаудың ішіндегі үзіндіні (1Петір 1:8) **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**



«Бұрын-соңды өз өміріңізде «сөзбен суреттеуге болмайтын ұлы да керемет қуанышпен» шаттанған кезіңіз болды ма? Өз сезімдеріңіз жайлы айтыңыздаршы». (Шәкірттер өздерінің сезімдерін сипаттап айтып берулері керек. Бәлкім, кейбіреулері бұны істей алмаулары мүмкін, бұл да қалыпты жағдай.)

«Кейбір адамдар Жаратушымен жақындықты бір сарынды дұғаларды қайталау арқылы сезінуге тырысады (Зікір немесе дікір.) Ал біз Жаратушының жүрегіне жолды қалай табамыз?» (Иса Мәсіхтің Өзі арқылы, өйткені Оның Өзі Әкенің жүрегіне апаратын жол!)

Мәдени кеңес: ой толғау

Мистика кейбір діндерге өте қатты ықпал етті. Мысалы адамның поэзияға деген құштарлығы – адам жанының Жаратушыға ұмтылысының аллегориясы; ғашық болған адамның өз сүйіктісін іздеуі бұл – адамның Жаратушыны іздеуі деп есептеледі (ал Мәсіхтің ілімінде мұның барлығы керісінше)! Кейбір діндерде бір сарынды сөздерді қайталау, мысалы *зікір салу* (арабша) – Жаратушының аясында екендігін сезінетін күйге ену мақсатында айтылады.

## **Үздіксіз сиыныңыздар (11-13-сұрақтар)**

### **12-13-сұрақтар**

12-13-сұрақтарды тұтасымен (түсіндірмеге дейін) **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«1 Салоникалықтар 5:17-де бізге не істеу керектігі бұйырылған?» (Үздіксіз сиыну)

«Мұны іс жүзінде істеу мүмкін бе? (Шәкірттер мұны 13-сұрақтағы ілім бойынша өз сөздерімен түсіндіріп бере алады немесе күнделікті тіршілік барысында өздерінің Жаратушымен қалай жақындықта бола алатындықтары жайлы жеке тәжірибелерімен бөлісе алады.)

«13-сұрақта келтірілгендердің қайсысын белгіледіңіз? (Өз жауаптары)

«Соңғы нұсқа бойынша «тамақ ішердің алдында» деген сөз тұр. Егер мүмкін болса, сіз мұны әдетке айналдырар ма едіңіз?» (Өз жауаптары. Егер мүмкін болса, мұны әдетке айналдыру пайдалы болар еді. Басқа діннің өкілдерімен тұрып жатқан адамдар үшін бұл қиын болуы мүмкін, дегенмен кейбіреулер мұны куәлік ретінде атқара алады.)

## **Г) «Көктегі Әкеміз» мінәжаты (14-15-сұрақтар)**

### **14-сұрақ**

«Көктегі Әкеміз» мінәжатын **жаттап алыңыздар.**

(Жақтаудың ішінде жазылған мінәжатты кітапқа қарамай, жатқа айтқанға дейін қатысушылармен бірге қайталаңыздар.)

#### **Сұраңыз:**

«Біз «Көктегі Әкеміз» мінәжатын айту арқылы әлдебір сауап жинаймыз ба?» (Жоқ, біз ешқандай сауап жинамаймыз, біз Жаратушыға жақындай түсеміз)

«Егер біз «Көктегі Әкеміз» мінәжатын бір емес, он рет айтатын болсақ, біз көбірек сауап жинаймыз ба?» (Жоқ. Иеміз Иса былай деді: Құдайға сиынғанда жалған тәңірлерге құлшылық

етушілер іспетті құр сөз сөйлей бермендер! Олар көп сөз айтсақ еститін болады деп есептейді (Матай 6:7.)

«Қай тілде сиынған жақсырақ деп ойлайсыз, араб тілінде ме әлде өз туған тіліңізде ме? (Кейбіреулер араб тілінде жақсырақ деп есептейді. Ал шын мәнінде өз тіліңізде сиыну әлдеқайда жақсырақ, өйткені сол арқылы біз өзіміздің тілектерімізді және көктегі Әкемізге деген алғысымызды еркін білдіре алатын боламыз. Әрине, егер сенушінің ұлты араб болса, оның туған тілі де араб тілі болады.)

## **Д) Кешірім сұрау, алғыс айту және өтінішпен келу (16-22 сұрақтар)**

### **17-сұрақ**

Сұрақты тұтасымен **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Біз Жаратушыдан кешірім сұраған кезде, Ол бізді кешіріп, тазартатынына қалайша сенімді бола аламыз?» (Себебі Ол бізге мұны уәде етті. 1Жохан 1:9-да былай делінген: «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан, оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады»)

#### **Мәдени кеңес: Мінажат және дәрет алу (Вуду)**

Бір дінде сиыну парызынан бұрын *вуду* деп аталатын дәрет алу рәсімі жасалады. Бұл сиынудың алдындағы тазару тәсілі болып есептеледі. Осы сияқты өзінің күнәларын мойындауды рухани дәрет алумен салыстыру шәкірттер үшін пайдалы болуы мүмкін, бірақ мұнда мынаны есте ұстау керек, бізді күнәмызды мойындағанымыз емес, Жаратушының Өзі тазартады. Өйткенмен егер мұндай салыстыру шәкірттер үшін түсініксіз болса, онда оны қолданудың қажеті жоқ.

### **20-сұрақ**

Матай 7:7-11-ді **оқып шығыңыздар**, бәлкім, шәкірттерге бұл үзіндіні табуға көмектесу қажет болар (олар Киелі Кітаптан аяттарды табуды 6-сабақта үйренетін болады.)

#### **Сұраңыз:**

«Матай 7:7-де Иса Мәсіх қандай бұйрық берді?» (Сұраңдар, іздендер, есікті қағыңдар.)

«Иса Мәсіх 7-аятта қандай уәде берді?» (Сонда сендерге беріледі, табасыңдар және сендерге есік ашылады. Бұл уәделер 8-аятта қайталаанады.)

«9-11-аяттарда Иса нені түсіндіреді?» (Біздің көктегі Әкеміз рақымды, Ол өзінің балаларына жақсылық жасауды жақсы көреді.)

«Онда біз не себепті сиынсақ та, әрқашан да қалаған нәрселерімізді ала бермейміз?» (Кей кездері біздің сұраған нәрселеріміз біздің игілігімізге жарамсыз. Иса балық сұрау өтініші жайлы мысал келтірді, ал егер ұлы әкесінен жылан сұрайтын болса, ол оған оны беру керек пе? Жоқ, өз ұлын жақсы көретін әке мұны істемейді. Дегенмен кей кездері біз сұрасақ та, Жаратушының бізге не себепті бермейтінін түсінбейміз. Тіпті сол кезде де біз Құдайға сенім артуымызды жалғастыра беруіміз керек, себебі Ол ненің жақсы екенін біледі.)

«Жаратушының сіздің мінәжатыңызға қалай жауап бергені туралы мысал келтіріңіз»  
(Шәкірттермен бірге сіз де топ жетекшісі ретінде өз тәжірибеңізден мысал келтіріңіз)

## **22-сұрақ**

### **Сұраңыз:**

«22-сұрақта сіз қай нұсқаны белгіледіңіз?» (Қай нұсқаны белгілегені жайлы әрқайсысы бөлісуі керек)

## **5-Сабақтың практикалық тапсырмасы**

### **Практикалық тапсырманы оқып шығыңыздар**

Мінәжатқа арналған тізімді қалай жасау керектігін **айтыңыз:**

«Өзімшілдікпен тек қана өзіңіз үшін сиыну оңай. Бірақ көктегі Әкеміз біздің басқалар үшін де сиынғанымызды қалайды. Олар үшін сиынған кезімізде, олардың өмірлерінде Жаратқан Ие жұмыс істейтін болады».

«Кей кездері тиісті адамдарды Жаратушының Өзі арнайы есімізге салады. Біз сол адам үшін бірден сиынуымыз керек».

«Дегенмен біз әр түрлі адамдар үшін ұдайы сиынуды әдетке айналдыруымыз керек. Мысалы отбасымыздың мүшелері үшін жұма сайын сиына аламыз. Олардың аттарын дәптерімізге жазып алайық. (Шәкірттер сиынып жүргілері келетін өз отбасындағы адамдардың аттарын (егер қауіпсіз болса) тізімге жазып қоюлары керек.)

«Басқа күнді қарайық. Дүйсенбіде сіз кімдер үшін сиынасыз? Мүмкін Исаны әлі білмейтін достарыңыз бар шығар?» (Шәкірттер (егер қауіпсіз болса) достарының аттарын жазулары керек)  
«Күнделікті өзіңіздің жеке сиынатын уақытыңызда тізімге қарап, осы адамдар үшін мінәжат етіңіз».

«Бірнеше апта бойы күн сайын осы сызбамен жұмыс істеңіз. Бұдан кейін өзіңіздің мінәжат ету тақырыбыңызды өзгертуіңізге болады, бірақ әр түрлі адамдар үшін ұдайы сиынуыңызды жалғастырыңыз».

### **Мәдени кеңес: Мінәжаттық тізімді жасау**

Ұсынылып отырған мінәжат тізімі жұмадан басталып тұр, себебі кейбір елдерде жұма апта сайынғы демалыс күні болып табылады. Ал басқа елдерде жексенбі күні демалады.

Егер шәкірт туыстарымен немесе жақын адамдарымен бірге тұрып жатқан болса, онда олардың аттарын тізіп жазу орынсыз болуы мүмкін.

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

5-сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар** (жоғарыда.)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптадағы практикалық тапсырманы орындаңыздар. Сондай-ақ үйде 6-сабақты зерттеп оқыңыздар».

«Келесі сабақта сізге Киелі Кітап қажет болады. Кімде Киелі Кітап жоқ? (Алтыншы сабақтан бастап әрбір қатысушының өз жеке Киелі Кітабы болуы керек)

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:** Жаратушыдан оның аясында өмір сүруге және ұдайы сиынуға көмектесуін сұраңыздар.

## **6-сабаққа арналған жетекшілік**

### **Бізге арналған Құдай Сөзі**

#### **6-сабақтың мақсаттары**

*Әрбір қатысушы осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:*

- а. Жаратушымен күнделікті ерекше уақыт өткізуді әдетке айналдыру,
- б. Бұл үшін үш қадамды үйрену
- в. Киелі Кітаптан сілтемелерді табуды үйрену
- г. Киелі Кітапты оқуды қатты аңсау.

#### **Кездесудің басында**

#### **Мінәжатпен бастаңыздар**

#### **Өткен аптаның практикалық тапсырмасы**

«Өткен аптадағы 5-сабақтың практикалық тапсырмасы қандай еді?» («Көктегі Әкеміз» мінәжатын күнделікті айту болатын.) «Қазір осы мінәжатты бірге айтайық» (Мінәжатты барлықтарыңыз бірге немесе кезектесіп айтыңыздар)

#### **Бүгінгі тақырып**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Біз бүгін Жаратушы бізге Өзінің Сөзі – Киелі Кітап – арқылы қалай сөйлейтіні туралы білетін боламыз. Құдай Сөзі «тіл үйірген таза балдан да тәтті, саф алтыннан да бағалы» (Забур18:11)

#### **Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:**

Шолу жасаудың сұрақтарына барлық қатысушылардың дұрыс жауап бергендерін тексеріңіз.  
Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: а) Әмір; б) олар әлсірейді, содан кейін өледі

2-сұрақ: толығымен дұрыс жауап тек қана «б» нұсқасы, «а» нұсқасы дұрыс емес, өйткені онда «тек қана» деген сөз бар

3-сұрақ: Көне, Жаңа

4-сұрақ: Дайындық, оқу, мінәжат

#### **А) Құдай Сөзіне шөліркеу (1-5-сұрақтар)**

#### **2-сұрақ**

Бұл сұрақты тұтасымен **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

Сәбидің сүтті аңсайтынындай, біз де Құдай Сөзін дәл солай аңсаймыз ба? (Өз жауаптары)

Киелі Кітап бұл – Құдай Сөзі (6-10-сұрақтар)

**8-сұрақ**

**Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«Кейбір сенбеушілер Киелі Кітап адам жазған кітапқа ұқсайды деп санайды. Оны адамдар жазған және ол адамдардың тарихы туралы айтады. Біз оның бәрібір де Құдай Сөзі екенін қалай түсіндіре аламыз?»

(Бұл қиын сұрақ. Бірақ 8-сұрақ пайғамбарлардың қалайша «Киелі Рухтың жетелеуімен, Жаратушының Атынан сөйлегені» туралы түсіндіреді. Өзінің сөзін жазатын адамдардың ой-санасына Жаратушы Өз ойларын беретін және Өз халқының өмірінде Ол белсенді түрде жұмыс істеді (14-сұрақты қараңыз.) Міне нақты осыған байланысты Киелі Кітапта адамдар туралы өте көп айтылады, бірақ ол бәрібір Құдай Сөзі болып табылады.)

**Мәдени кеңес: Құдай Сөзінің Киелі Рухтың шабыт беруімен жазылғандығы**

Басқа діндердің бірінде Киелі Жазбаны басқаша түсінеді. Олардың киелі кітаптары аспанда жазылған Жаратқанның сөзі, ал Жәбірейіл періште оны аспаннан түсірген деп есептеледі. Сол сөздерді Жәбірейіл періште қалай айтса, пайғамбар оларды дәл солай жазып алған. Ал Мәсіхтің ізбасарлары мынаған сенеді: Жаратушы Өзінің сөздерін жазатын адамдарға шабыт берді немесе тура мағынасында Ол Өзінің ойларын адамдарға үрледі. Жаратушы Өзінің Құдайлық мақсатын жазу үшін адами жолды қолданып, Киелі Кітапта қателе кетуден сақтады.

Басқа діндердің өкілдері тек араб тіліндегі нұсқасы ғана Жаратушыдан түскен тура сөз, ал аудармалар болса бұндай дәрежеден айырылып қалады деп есептейді. Мәсіхтің ізбасарлары Киелі Кітапты кез-келген тілге аударуға болады, сөйтсе де ол Құдай Сөзі болып қала береді деп сенеді.

Сондай-ақ басқа діндердің өкілдері Киелі Кітапты бұрмаланған деп есептейді. Сіздің шәкірттеріңіз оның шындық екеніне көздерін жеткізе алады, сөйтсе де бұны өздерінің жора-жолдастарына түсіндіруге байланысты көмекке мұқтаж болулары мүмкін. Сондай-ақ тұжырымдамалардың әр түрлі аудармалардағы өзгешелігі немесе Киелі жазбаларда көбінесе адамдардың іс-әрекеттері сипатталғаны оларды тығырыққа тіреуі мүмкін.

**10-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«Киелі Кітап әуел баста қай тілде жазылған еді?» (Көне Киелі Келісім кезеңіндегі кітаптар еврей тілінде жазылған, ал Інжіл грек тілінде жазылған-ды)

«Сіздің ана тіліңізге Киелі Кітапты кімдердің аударғанын білесіз бе? (Бұл туралы ақпаратты алдын ала дайындап, шәкірттерге айтып беруіңізге болады.)

«Сіздің ана тіліңізде жазылған Киелі Кітап қолыңызда бар ма?» (Егер қатысушылар әр түрлі ұлттардан жиналған болса, олардың қолдарында өз ана тілдеріндегі Киелі Кітаптың болғаны дұрыс.)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Киелі Кітаптың аудармаларының көп болуы қалыпты жағдай. Бұл бір ғана сөзге әр түрлі қырынан қарауға көмектеседі. Бірақ бұл алғашқы мәтін өзгертілген дегенді білдірмейді».

«Біз Киелі Кітапты көп тер төгіп біздің ана тілімізге аударып берген адамдар үшін Жаратушыға алғыс айтамыз. Осылайша Жаратушы бізге өз ана тілімізде сөйлеп тұр!»

**Мәдени кеңес: Тарих және Жаратушы**

Киелі Кітап Жаратылыстың басталуынан Аянға дейін, яғни тіршіліктің басталуынан жаңа жаратылысқа дейін үлкен бір тарих ретінде жүйеленіп берілген. Осы тарихтың басында бізге Өзін көрсететін Жаратушы тұр. Басқа бір діннің киелі кітабы Жаратушының мінез-құлқы жайлы тұжырымдамалар мен Оның талаптарына сай қалай өмір сүру керектігі туралы тәлімдерден тұрады. Оның жылнамалық тұрғыда ретсіз, әрі бір-бірімен ортақ байланысы жоқ, қысқаша оқиғалардың қоспасынан тұратынын көруге болады. Бұл діннің өкілдері Жаратушы Өзін адамдарға кітап түсіру арқылы ашты деп сенеді. Ал Мәсіхтің ізбасарлары Жаратушы адамдарға Өзін жіберу арқылы ашты деп сенеді және Оның тікелей Өзінің жеке келуі Киелі Кітаптың тарихи оқиғаларының басты тақырыбы болып тұр.

**В) Киелі Кітаптың әр түрлі бөлімдері (11-15-сұрақтар)**

**12-14-сұрақтар**

Берілген уақытқа және қатысушылардың білімдеріне байланысты 12-14-сұрақтарды тұтасымен немесе оның кейбір бөліктерін **оқып шығыңыздар**. Егер олар бұл туралы әлі білмейтін болса, осы жайлы ақпаратты түсінулері маңызды.

**Сұраңыз:**

- «Мұсаның бес кітабы Таурат пен Забур қай кезеңге жатады?» (Көне Киелі Келісім кезеңіне)
- «Инжіл қай кезеңде жазылды?» (Жаңа Киелі Келісім кезеңінде. Көптеген мәдениеттерде Жаңа Киелі Келісімнің барлық кітаптары Инжіл деп аталады. Дұрысын айтқанда, төрт қана Инжіл бар, онда Матай, Марқа, Лұқа және Жохан жазған Ізгі Хабарлар. Инжіл деп осы кітаптар аталады.)
- «Жаңа киелі Келісім Көне киелі Келісімді жоққа шығара ма?» (Жоқ, бізге екі кезеңнің де кітаптары керек. Өйткені олар біртұтас Құдайдың Сөзі болып табылады.)

**15-сұрақ**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Енді қазір Киелі Кітаптың немесе Инжілдің «Мазмұны» жазылған бетті ашайық. Сол жерден Петір елшінің бірінші хатын және оның қай бетте екенін табамыз (егер қажет болса, қатысушыларға көмектесіңіз)

«Келіңіздер, Петірдің 1-хаты, 1-тарау, 3-аятты бірге ашайық». (Барлығы да Киелі Кітаптан немесе Инжілден бұл аятты бірге табулары керек. Қажет болған жағдайда, оларға көмектесіңіз.)

1Петір 1:3-ті оқып шығыңыздар. Егер қатысушылардың қолындағы аудармалар әр түрлі болса, олардың арасында аздаған айырмашылықтар болуы мүмкін екенін ескертіңіз. Және мұның грек тіліндегі бір ғана сөзге әр түрлі қырынан қарауға көмектесетінін түсіндіріңіз.

Түсіндірмені **оқып шығыңыздар.**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Егер біз Жаратушымен күнделікті ерекше уақыт өткізер болсақ, бұл осы сабақтың басындағы Б) суреттегі сәби сияқты бізге мықты әрі сау болып өсуімізге көмектеді. Келіңіздер, бұны біз қалай іске асыра алатындығымыз туралы талқылайық».

**Менің Жаратушы Иемен күнделікті өткізетін уақытым (16-22-сұрақтар және 1-қосымша)**

**18-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«а) және б) сұраққа не жаздыңыздар?» (Әркімнің өз жауабы. Қатысушылардан не жазғаны туралы сұраңыз. Егер қатысушылардың бірі жауап жазбаған болса, мұны істеудің қажет екенін естеріне салыңыз. Осылайша біз шын мәнінде өз пікіріміз жайлы толғанатын боламыз және көбірек біле түсетін боламыз.)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Біз Жаратушымен күнделікті уақыт өткізуіміз үшін әрқайсымыз өзімізге ыңғайлы орын мен ыңғайлы уақыт табуымыз керек. Келіңіздер, мұны әдетке айналдырайық!»

**22-сұрақ**

Екінші азат жолды **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Сіздер не деп жаздыңыздар?» (Әрбір қатысушыдан не жазғанын бөлісуін сұраңыз)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Осы сабақтың 1-Қосымшасын ашайық, ол «Менің Жаратушы Иемен күнделікті өткізетін уақытым» деп аталады. Біз осы материалмен бірге жұмыс істейміз».

**1-Қосымша**

Менің Жаратушы Иемен күнделікті өткізетін уақытым

**Сұраңыз:**

«Жаратушымен күнделікті уақыт өткізу үшін біздің бірінші қадамымыз қандай болады?»  
(Дайындық)

**Қосымша 1-қадам: *Дайындық***

1-қадамды тұтас **оқып шығыңыздар: «Дайындық».**

**Сұраңыз:**



«Бұл қадамда біз не істеуіміз керек?» (Алдымен өз күнәларымызды мойындап, содан кейін Жаратушыдан бізді тазартуын сұрауымыз керек. Содан кейін Жаратушыға Өзінің Сөзі арқылы бізге сөйлеуін және бізге соны түсінуге көмектесуін сұраймыз.)

### **Қосымша 2-қадам: Оқу**

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушымен күнделікті біздің өткізетін уақытымыздың 2-қадамы қандай?» (Оқу)

«Бұл қадамда біз не істеуіміз керек?» (Киелі Кітаптан үзінді оқимыз)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Киелі Кітаптан үзіндіні пайдаланып, осы қадамды бірге жасайық. 1Петір 1:13-15-ті ашыңыздар» (Әркім өзінің Киелі Кітабынан немесе Інжілден осы үзіндіні табулары керек.)

2-қадамның «Оқу» деген бірінші кезеңіне мысал ретінде 1Петір 1:13-15-ті **оқып шығыңыздар**.

#### **Сұраңыз:**

«Сіздерге қай сөз ерекше әсер етті?» (Әр түрлі қатысушылар әр түрлі сөзді таңдайды)

«Жаратушы сіздің жүрегіңізге осы сөз арқылы сөйлеп тұр. Осы маңызды сәтті есте сақтау үшін не істей аласыз?» (Мысалы бұл сөзді дәптерге белгілеп алу немесе оны жаттап алу керек.)

«Бүгін сізге Жаратушы айтқан сөзді өміріңізде қолдану үшін не істей аласыз?» (Жауаптар әр түрлі болады. Біз Жаратушының сөзін оқи отырып қана емес, сонымен бірге оны орындай жүріп те рухани өсеміз)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Ешбір нәресте сүтті емгеннен кейін оны түкіріп тастамайды! Бірақ Жаратушының Сөзін оқып, оны орындамайтын болсақ, біз дәл осылай істейміз!»

### **Қосымша 3-қадам: *Мінәжат ету***

#### **Сұраңыз:**

«Біздің Жаратушымен күнделікті өткізетін уақытымыздың үшінші қадамы қандай?» (Мінәжат ету)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Мінәжат ету бұл – біздің көктегі Әкемізбен әңгімелесуіміз. Біз Онымен не жайлы сөйлесе аламыз?»

Үшінші қадамдағы қалың әріптермен айқындалған әр түрлі сөздерді **оқып шығыңыздар:**

- \* Біз Жаратушыға Оның Сөзі үшін алғыс айта аламыз
- \* Сол сөзді қолдана алуымыз үшін көмектесуін сұрай аламыз
- \* Біз Иемізді мадақтап, Оған алғыс айта аламыз
- \* Өзіміздің қажеттеріміз үшін сиына аламыз
- \* Жаратушының бізге не айтқысы келетініне ден қоя аламыз
- \* Басқа адамдардың мұқтаждықтары үшін сиына аламыз
- \* «Көктегі Әкеміз» мінәжатын айта аламыз

«Басқа адамдардың мұқтаждықтары үшін сиыну» деген бөлімді оқып шығыңыздар

**Сұраңыз:**

«Осындай мінәжат ету тізімі сізге ыңғайлыма, қалай ойлайсыз? Сіз мінәжат еткіңіз келетін басқа да бір нәрсе бар ма?» (Мұндай тізім не үшін сиыну керек екендігіне жалпы түсінік қана береді. Бұл тізім осы жағынан пайдалы, дегенмен әркім оны Тәңірдің жетелеуіне байланысты өзгертуге ерікті.)

«Жаратушымен күнделікті уақыт өткізуге байланысты сұрақтарыңыз бар ма?» (Қатысушылардың кез-келген сұрақ қоюларына мүмкіндік беріңіз.)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптаның тапсырмасы – осы үйренгендерімізді іс жүзінде қолдану. 6-сабақтың соңын ашыңыз, осы аптаның практикалық тапсырмасын барлығымыз бірге оқып шығайық».

**Кездесудің соңында**

**Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгеріс әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

**6-сабақтың практикалық тапсырмасын оқып шығыңыздар**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптада күн сайын Жаратушымен қысқа болса да уақыт өткізуге тырысыңыздар. Сіздер мұны жалғыз өзіңіз немесе басқа сенушілер мен де бірге істей аласыздар, уақыт пен орынды өздеріңіз таңдаңыздар. 1-Қосымшадағы қадамдар бойынша орындаңыздар және 7-сабақты үйде оқып зерттеуді ұмытпаңыздар».

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыдан осы аптаның әрбір күнінде Онымен ерекше уақыт өткізуге көмектесуін сұраңыздар.

## 7-сабаққа арналған жетекшілік

### Мәсіх қауымының мүшелері

#### 7-сабақтың мақсаттары

**Әрбір қатысушы** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Жергілікті сенушілер қауымына қосылуға ұмтылу
- б. 1Петір 2-тараудан Мәсіхтің қауымының үш сипаттамасын зерттеу
- в. 1Петір 2:9-ды жатқа білу
- г. 1Петірден әртүрлі үзінділерді таба білу

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

##### Сіздің сөзіңіз:

«Алтыншы сабақтың практикалық тапсырмасы Жаратушымен күнделікті ерекше уақыт өткізу болатын. Орындай алдыңыздар ма? Осы уақыт сіздің көктегі Әкеңізге жақындай түсуіңізге көмектесті ме?» (Өрқайсысының жеке жауап беруін өтінізіз)

«Ал тапсырманы орындай алмасаңыз, не кедергі болды және сол кедергіні қалай жеңемін деп ойлайсыз?» (Өз жауаптары)

##### Бүгінгі тақырып:

**Сіздің сөзіңіз:** «Біз бүгін Мәсіхтің қауымы жайлы, басқаша айтқанда, сенушілердің қауымы жайлы сөйлесетін боламыз. Әр апта сайынғы біздің кездесуімізге Киелі Кітабыңызды немесе Інжілді әкеп жүріңіз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары

#### 7 Сабаққа шолу жасауды бірге ашыңыздар.

Шәкірттерден сұрақтарға қалай жауап бергенін сұраңыз:

1-сұрақ: а) үй; б) таңдалған; в) бауырластық

2-сұрақ: Иса Мәсіх

3-сұрақ: Таңдалған нәсілсіңдер, Патшаның діни қызметкерлері, қасиеттілігі мен ұлы істерін, Құдайдың меншікті халқы болдыңдар, мадақтап жариялауға, Құдайдың ұлы істерін, Оған бағышталған қасиетті ұлт – өздерінді қара-түнектен тамаша нұрына (1Петір 2:9.)

#### А) Кіріспе (1-2-сұрақтар)

Нәсірдің оқиғасын түсіндірмемен қоса **оқып шығыңыздар.**

##### Сұраңыз:

«Нәсір өзінің сенімін құпия ұстағаны дұрыс па, қалай ойлайсыз? Бәлкім оған сенушілер тобына қосылған дұрыс шығар? Сіз бірінші сұраққа қалай деп жауап бердіңіз?» (Кейбір елдерде Исаның

ізбасарлары сенушілерге еркін қосыла алады, ал кейбір елдерде бұл қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан шәкірттердің не айтатынын мұқият тыңдаңыз)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Біз талқылап отырған осы сұраққа кейінірек тағы да ораламыз»

Екінші сұрақтан кейін мұғалімнің түсіндірмесін оқып шығыңыздар

**Б) Рухани үй (3-10-сұрақтар)**

1Петір 2:4-8-ді оқып шығыңыздар (Бұл үзіндіні әрқайсысының Киелі Кітаптан немесе Інжілден өздері таба алуын қадағалаңыз, содан кейін бір-бірден дауыстап оқып шығуын сұраңыз)

**Сұраңыз:**

«5-аятқа сәйкес қандай адамдар тірі тастарға ұқсайды?» (Жауапты аяттан табыңыздар. Онда «сендер» деп жазылған, яғни Мәсіхтің ізбасарлары ретіндегі біздің бәрімізді меңзеп тұр)

5-аятқа сәйкес «тірі тастардан, яғни біздерден не тұрғызылады?» («рухани үй»)

6-7-аяттар «үйдің бұрышына қойылатын іргетасты» сипаттайды. Бұрышқа қойылатын іргетас құрылыста қандай рөл атқарады? (Төменгі бұрышқа қойылатын іргетас басқа қабырғалардың барлығына бағыт беретін болады)

«Осы жерде сипатталған «аса құнды іргетас» туралы не ойлайсыз?» (Бұл Иса Мәсіхті бейнелейді: Оны Құдай таңдап алды (6-аят), сенетіндер үшін қымбат (7-аят), құрылысшылар менсінбеген (7-аят), олар теріс жолға түсіп кетеді (8-аят).)

**Мәдени кеңес: Екі ерекше тас**

Басқа бір дінді ұстанушы миллиондаған адамдар үлкен қара тасқа (Қағба) қажылыққа барады, бұл қара тас олардың сенімі үшін басты рөл атқарады. Ал біздер үшін Иса Мәсіхтің Өзі – біздің сеніміміздің әрі біздің «рухани үйіміздің» бұрышының аса құнды іргетасы!

**6-сұрақ**

Соңғы азат жолды **оқып шығыңыздар**

**Сұраңыз:**

«Дұрыс жауап қайсысы?» (б), қауым мүшелерінің үйі

«Сіз тұратын қалада Исаның ізбасарлары қай жерде жинала алады?» (Жергілікті жағдайға байланысты әр түрлі нұсқаларды қарастырыңыздар. Бұл курс әуел баста Исаның ізбасарлары үшін арнайы ғимараттары жоқ елдерде тұратын сенушілерге арналып құрастырылған болатын. Ал басқа елдерде сенушілер жиналатын орындар көп. Соған қарамастан Мәсіхтің ізбасарлары арнайы ғимаратта ғана емес, үйде де жинала алады.)

**7-сұрақ**

«Иеміз Иса Өзінің ізбасарларына былай деді...» деп басталатын екінші азат жолды **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Бүгін біз Исаның атымен жиналған екі немесе үш адам бола аламыз ба?» (Иә)

«Бұл Иса ерекше түрде біздің арамызда тұр дегенді білдіре ме? (Иә! Біз Оны тәни көзімізбен көре алмаймыз, бірақ Ол Өзінің Рухымен шынында да біздің арамызда.)

## **9-сұрақ**

**Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Бұл жерге сіздер не жаздыңыздар?» (Әрқайсысы бөлісуі керек. Егер ештеңемен бөліспесе, бұл сұраққа олар не жазды, оқулықтарын тексеріңіз. Талқылаған уақытта бөлісе алулары үшін жауаптарын жазып отыруды қатысушылардың естеріне салыңыз.)

## **В) Таңдаулы нәсіл (11-18-сұрақтар)**

### **11-сұрақ**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

1Петір 2-тарауда біз «рухани үй» сияқты қаланып жатқанымыз айтылады. Осы жерде біз «таңдаулы нәсіл» деп аталамыз. Келіңіздер, 1Петір 2-тарауды әрі қарай оқиық».

### **1Петір 2:9-10-ды оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Тоғызыншы аятта сізге қай сөз көбірек ұнады және неге?» (Өз жауаптары)

«Онныншы аятты оқығанда қандай сезімде боласыз?» (Өз жауаптары)

#### **Аятты еске сақтауға арналған жаттығу**

Біз 1Петір 2:9-аятты жаттап алу керек болатынбыз. Егер сіз топпен жұмыс істесеңіз, аятты былай жаттасаңыздар болады: топ жетекшісі бірінші адамнан «Біз кіміз?» деп сұрайды, ал ол «Таңдаулы нәсілміз» деп жауап береді. Енді осы адам осы сұрақты келесі адамға қояды, ал ол «Патшаның діни қызметкерлеріміз» деп жауап береді және т.б. Осылай біртіндеп жылдамдатып қайталайсыздар.

#### **Мәдени кеңес: Екіге бөлінген болмыстың сауығуы**

Англияда тұратын пәкістандық бір бойжеткен өзінің не ағылшын не пәкістандық екенін білмей екі жаққа бөлініп өсті. Ол Исаға келген кезде ол өзінің жаңа болмысын тапқанын және ол үшін мұның өте «қайран қаларлық» жағдай болғанын айтты. Киелі Кітаптан оған ерекше әсер еткен сөз біз дәл қазір оқыған 1Петір 2:9-10 болатын.

### **14-сұрақ**

**Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сұраққа сіздер қандай жауаптарды белгіледіңіздер?» (Шын мәнінде олардың барлығы да дұрыс жауаптар)

Басқа ұлттық немесе этникалық топтан шыққан сенушімен таныссыз ба? (Өз жауаптары. Басқа ұлттық сенушілермен таныс болу, олармен араласу – тамаша мүмкіндік)

### **Мәдени кеңес: Умма**

Басқа бір ірі діннің өкілдері өздерін әлемдік қауымдастыққа тиесіліміз деп есептейді, олар оны *умма* деп атайды. Олар үшін Жаратушының Заңын (шариғат) сақтайтын қауым ғана мінсіз *умма* болып саналады және оны дін жетекшілері (халифтер) басқарады. Олар жыл сайынғы қажылыққа келетін көптеген адамдардың бірдей киім киюлерімен әлемдік қауымдастық екендерін көрсетеді. Ал іс жүзінде *умма* мінсіз болудан тым алыста жатыр.

Бұл белгілі бір дәрежеде Мәсіхтің ізбасарларының бүкіләлемдік қауымдастығына ұқсайды. 1Петір 2:9-дың кейбір арабша аудармалары Жаратушының халқын бейнелеу үшін «умма» деген сөзді қолданған. Бәлкім Мәсіхтің уммасы мен басқа діннің уммасының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талқылау пайдалы болатын шығар.

### **15-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Осы аятқа сәйкес Жаратушы бізді неден және қайда шақырды?» («Қара түнектен, тамаша нұрына»)

«Жаратушы бізді не үшін таңдап алды?» («Құдайдың қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялау» үшін, 9-аятты қараңыз)

«Біз мұны іс жүзінде қалай қолданамыз?» (Біз Жаратушының ұлы істері мен Оның рақымдылығы жайлы басқа адамдарға айтуымыз керек)

### **16-сұрақ**

**Мына суретке қараңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Мына бір қайсар әйелдер Мәсіхтің өздерін қара түнекте жарқырауға шақырғанын біледі. Ал біз осыған ұмтыламыз ба?» (Бірге талқылаңыздар)

«Жаратушының ғажайып істері жайлы біреуге айтуға мүмкіндігіңіз бар ма?» (Бірге талқылаңыздар. Бұл сұрақты біз 13-сабақта көбірек талқылайтын боламыз)

### **18-сұрақ**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«1Петір 2 тарауда Мәсіхтің қауымы ретінде біз туралы қандай екі сипаттама берілген?» (Біз «рухани үйміз» және «таңдаулы нәсіліміз»)

«19-сұрақтың алдындағы тақырыпта қандай үшінші сипаттама берілген?» («Бауырластық»)

### **Г) Бауырластық (19-22-сұрақтар)**

#### **22а-сұрақ**

22-сұрақты түсініктемеден басқа қалың әріптермен берілген сұрақты қосып тұтас **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Біз бұл сұрақтарға шынайы жауап бере аламыз ба?» (Бірге талқылаңыздар. Егер біз Жаратушының Сөзіне мойынсұнар болсақ, онда біз бір-бірімізді Мәсіхтегі бауырластар ретінде қабылдай аламыз. Бұның мағынасы біз өзіміздің ұлтымызды немесе шыққан ортамызды жоғалтамыз деген сөз емес, бұл тек біздің Мәсіхтегі болмысымыз күшейе түсетіндігін білдіреді.)

**226-сұрақ**

**Мұғалімнің түсіндірмесін оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Егер сіз өзіңіз жайлы отбасыңызға айтар болсаңыз, оларға қалай айтуды дұрыс деп санар едіңіз: «мен Исаға сенемін» дейсіз бе немесе «мен Исаның соңынан еремін» дейсіз бе әлде басқаша айтасыз ба? Олар үшін мұндай әр түрлі сөздер түсінікті болар ма еді?» (Бірге талқылаңыздар. «Исаға сенуші» деген сөз жақсы нұсқа болғанымен, кейбір қоғамда бұл дұрыс емес ұғымға алып келуі мүмкін. Өйткені адамдар мұны шоқынуден, шошқаның етін жеуден немесе тағы басқа нәрселермен байланыстыруы мүмкін «сенушілер» деген сөзді естігенде «сектанттар» деп қарайды. Ал басқа қоғамдарда адамдар «Исаға сенуші» деген сөзді дұрыс түсіне алады. Жағдайға байланысты біз өзіміздің ұстанған сенімімізді әр түрлі жолдармен сипаттай аламыз)

**Д) Сіз Мәсіхтің қауымына мұқтажсыз ба? (23-25-сұрақтар)**

**24-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Сіздер бұған не жаздыңыздар?» (Өз жауаптары. Әлбетте, егер біз сенушілер қауымымен араласпайтын болсақ, біздің сеніміміз оттың шоғы сияқты біртіндеп сөнетін болады)

«Осы сабақтың басында біз оқыған Нәсір басқа сенушілермен мүлдем кездеспейтін болса, қалай ойлайсыз, ол Исаның жалындаған ізбасары бола ала ма? (Ол оған аса құштар болмайды. Біртіндеп ол рухани суып кетеді.)

«1-сұраққа жазғандарыңызды қайтадан оқып шығыңыздар. Бүгінгі талқылағанымызға орай Нәсірге сіз қандай кеңес берер едіңіз?» (Өз жауаптары. Қаншалықты абай болу керек болса да, оның басқа сенушілермен кездесуі өте маңызды екенін қатысушылар талқылау барысында анықтай алды деп үміттенеміз.)

**Мәдени кеңес: Тәуекелге баруды салмақтау**

Кейбір елдерде сенушілердің бірге жиналуы қауіпті. Кей кездері өтіріктен сенуші болғансып қауымға тыңшылар кіріп алады. Олар сенушілерді әшкерелеу үшін олардың аттарын біліп алады, олар жайлы ақпараттар жинайды, суретке түсіреді. Бұл сенушілерге көп зиян тигізеді. Мұндай жағдайда сенушілер ақылды әрекет етулері керек. Кез-келген жаңа адаммен танысқанда, оның

кім екенін біліп алған жөн. Киелі Рух қай адамға сенуге болатынын, қандай адамға сенбеу керектігін көрсетеді. Сенушілер өз топтарының фотоға немесе видеоға түсірілуіне абай болғандары жөн.

Бірақ мұның қарама-қайшы жағы да бар. Егер әркім Нәзір сияқты ешкімге сенім артпайтын болса, онда сенушілердің қауымы ешқашан да өспейді. Ал оқшау өмір сүретін сенушілердің сенімі біртіндеп суып кетеді. Оларға қиын шақта көмектесе алатын жандарында ешкім болмайды. Ал егер олардың балалары сенушілердің қауымына қосылмаса, онда олар өздерінің бұрынғы діндеріне қайтып оралады. Балаларының болашағын ойлайтын сенушілер оларды қауымға апарулары керек. Сондықтан Исаның ізбасарларымен кездесу белгілі бір дәрежеде қауіпті болғанымен, олармен кездеспеу одан бетер қауіпті болады.

Көптеген елдерде жас сенушілер әдетте қауымдарға еш қауіпсіз қосылады. Сөйтсе де кейбір жағдайларда үй ішіндегі адамдарға ауыр тимеуі үшін оларға абай болуға тура келеді. Өздері туралы кімге және қашан айту керектігін әркім өзі шешуі керек. Басқа сенушілер олар жайлы өсек-аяң айтпағандары жөн.

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер алып келеді?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

Жетінші сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптада кем дегенде бір сенушімен кездесе аласыздар ма?»  
(Егер олардың кездесетін ешкімі жоқ болса, топтағы басқа біреумен немесе сізбен кездесе алады)

Үйде 8-сабақты оқып шығуды ұмытпаңыздар

#### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыға Исадағы бауырластар үшін алғыс айтып, бір-біріне сенім арта алуларына Оның көмек беруін сұраңыздар.



## 8-сабаққа арналған жетекшілік

### Екі түрлі қоғамның мүшесі болу

#### 8-сабақтың мақсаттары

**Әрбір қатысушы осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:**

- а. Өзінің туып өскен қоғамға және Исадағы жаңа қоғамға да қызмет етуге ұмтылу
- б. Иеміз үшін билікке бағынуға дайын болу
- в. 1Петір 2:17-ні жаттап алу

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы:

##### Сіздің сөзіңіз:

«7-сабақтың практикалық тапсырмасы бойынша сіз кем дегенде Исаның бір шәкіртімен кездесу керек болатынсыз. Кездесе алдыңыздар ма? Бұл сіздерді рухани нығайтты ма? (Әрқайсысының жауап беруін сұраңыз)

#### Бүгінгі тақырып:

##### Сіздің сөзіңіз:

«Біз бүгін бір мезгілде қалай екі қоғамның мүшесі болып, олардың екеуіне де қалай қызмет ете алатындығымыз туралы талқылайтын боламыз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

8-сабаққа шолу жасауды бірге ашыңыздар және сұрақтарға қатысушылардың қалай жауап бергенін **сұраңыз:**

1-сұрақ: а) рухани; б) жердегі

2-сұрақ: мойынсұну

3-сұрақ: «Әркімге лайықты құрмет көрсетіндер: сенімі бір бауырластарыңды сүйіндер» (1Петір 2:17)

#### Мәдени кеңес: Екі түрлі қоғам

Исаға келген адамдардың көпшілігі өздерінің бұрынғы қоғамдастығы мен Исадағы жаңа қоғамдастығы арасында өздерін екіге жарылғандай сезінеді. Отбасылық және қоғамдық байланыстар әдетте өте берік болады. Ал Исаның соңынан ергендер ең жақын адамдарының өздерін кеудесінен кері итергендерінен қатты қиналады. Уақыт өте келе олар өзара қарым-қатынастарын қалай қалпына келтіре алады? Олар өздерінің отбасындай жақын болатын Исадағы жаңа қоғамдастықтан жақындық таба ала ма? Осы екі сұрақ көпшілігі үшін әрі маңызды, әрі қиын сұрақтар. Сегізінші сабақта Исаның ізбасарлары екі қоғамдастықтың да (бұрынғы және қазіргі) мүшелері болуға әрі мүмкіндігінше екі қоғамдастыққа да жақын болуға тырысқандары жөн екендері айтылады. (Негізінде мұндай жағдайға отбасындағы алғашқы сенушілер тап болады, ал осыған байланысты жанжал әдетте өте ауыр болады.)

## **А) Екі түрлі қоғамның мүшесі болу (1-4-сұрақтар)**

### **1Петір 2:11-12-ні оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

11-аятта бізді «жат жерлік адамсындар» деп атаған. Неліктен солай деді? (Себебі біздің нағыз отанымыз Мәсіхпен бірге мәңгілікте екені туралы біз бірінші сұрақтан оқып білдік.)

«Біз жер бетінде болғанымызда, сенбеушілер біздің мінез-құлқымызды әрдайым бақылап отыратын болады. 12-аятқа сәйкес біз олардың арасында қалай өмір сүруіміз керек?» (Олар біздің өз сенімімізге сай өмір сүріп жатқанымызды көре алатындай болуы маңызды.)

### **2-сұрақ**

#### **Бірінші азат жолды оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушы бізді қандай екі қоғамдастықта қызмет етуге шақырды?» (Рухани қоғамдастық – Исаның қауымында және біз өмір сүріп жатқан жердегі қоғамдастық – біздің айналамызда)

«Егер біреу: «Бізге жер бетіндегі қоғамдастыққа қызмет етудің қажеті жоқ, ең бастысы ол – біздің рухани қоғамдастығымыз» дейтін болса, сіз бұған не деп жауап берер едіңіз?» (Бірге талқылаңыздар. 1Петірге 2-тарауға сәйкес Жаратушы бізді екі қоғамдастыққа да қызмет етуге шақырды)

### **4-5-сұрақтар**

#### **4б-сұрақты оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер мұнда не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар)

«5-сұраққа жазған жауаптарыңызға сәйкес ақымақ адамдардың мұндай жалаларын қалай тоқтатқан дұрыс болар еді?» (Ізгі істер істеу арқылы)

## **Б) Жақсылық жасау (5-9-сұрақтар)**

### **7-сұрақ**

#### **Бірінші азат жолды оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл жерде сіз қай жауапты белгіледіңіз?» (Талқылаңыздар)

«Біз өз қоғамымыз бен халқымыз үшін тағы да қандай жақсылық жасай аламыз?» (Талқылаңыздар)

### **8-сұрақ**

## **Екінші азат жолды оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Бұл жерге қандай ой жаздыңыз?» (Талқылаңыздар)

«7-8-сұрақтарға берілген нұсқалардың сіз қайсысын іс жүзінде қолдана алар едіңіз?» (Әрбір қатысушы жағдайға сай келетін кем дегенде бір нұсқаны таңдауы керек)

### **Өз үкіметімізге бағыну (10-13-сұрақтар)**

1Петір 2:13-17 оқып шығыңыздар

### **Сұраңыз:**

«13-аятта Жаратушы бізге не істеуді бұйырды?» («әрбір билік иесіне мойынсұныңдар»)

«Біз кім үшін бағынуымыз керек? («Жаратқан Иенің меншігі болғандықтан»)

16-аятқа сәйкес Исадағы азаттық бізге қалаған нәрселеріміздің бәрін де істей алатындығымызды білдіре ме?» (Жоқ, бұл бізге жамандық істеуге ерік бермейді. Бұл туралы біз 15-сабақта көбірек білетін боламыз)

17-аятта бізге төрт түрлі бұйрық берілген. Біз өзіміздің жағдайымызға сай оларды іс жүзінде қалай қолдана аламыз?» (Бірге талқылаңыздар)

«Бұл сұраққа сіздер қандай жауап жаздыңыздар?» (Талқылаңыздар – Өз жауаптары)

«Егер сіз дүкенде істесеңіз, бастығыңыз сізге сатып алушыларды алда десе, солай істер ме едіңіз? Дәл қазір елші Петірдің жазғанынан үйрендініңіздің тұрғысынан жауап беруіңізге болады». (Бірге талқылаңыздар. Мұны істеу өте қиын, себебісіз бір жағынан Жаратушыны тыңдамайтын адам болғыңыз келмейді, екінші жағынан жұмысыңыздан айырылғыңыз да келмейді.)

### **Бастығымызға бағыну (14-20-сұрақтар)**

1Петір 2:18-діоқып шығыңыздар

### **Сұраңыз:**

«Бұл аят кімге арналған?» (Құлдарға)

«Құл сияқты жұмыс істеу қиын ба, қалай ойлайсыз?» (Бірге талқылаңыздар. Мысалы, сіз өте ауыр жұмысты атқаруыңыз керек, бірақ бұл үшін сізге не еңбекақы да төлемейді, не бас бостандығыңыз да жоқ.)

«18-аятқа сәйкес құлдар тек қана мейірімді әрі жанашыр қожайындарына ғана бағынулары керек пе, әлде қатал қожайындарына да бағынулары керек пе? (Мейірімділеріне де, қаталдарына да бағынулары керек.)

«Егер біздің айлакер бастығымыз үшін көп еңбектенуімізге тура келсе немесе үй-ішіміздегі адамдар біздің жұмысымызға разы болмаса, 1Петір 2-ден қандай жұбаныш пен күш ала аламыз?» (Біз Иеміз үшін бағынатын боламыз.)

## **19-сұрақ**

Мына екі ер адамға **қараңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Сіз мыналардың қайсысын дұрыс деп санайсыз: ұлыңыздың қарапайым, бірақ адал жұмыскер болғанын ба, әлде айлакер бастық болғанын ба?» (Бұл қиын сұрақ. Бірге талқылаңыздар)

## **Д) Қорытынды (21-22-сұрақтар)**

### **Сұраңыз:**

«1Петір 2:17-ні кім жатқа айтып бере алады?» (Әркімге лайықты құрмет көрсетіндер: бауырластарыңды сүйіндер». Ескерту: бұл 17-аяттың тек бір бөлігі ғана, ол осы сабақтың негізгі ойларын жалпылап тұр.)

«Бұл аятта қай сөздер біздің жер бетіндегі қоғамдастығымызға атсалысуымыз керектігі жайлы айтып тұр?» (Әркімге құрмет көрсетіндер)

«Біздің рухани қоғамдастығымызға атсалысуымыз керек екендігін қай сөздер білдіріп тұр?» (Бауырластарыңды сүйіндер)

## **Кездесудің соңында**

### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

8-сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар**

### **Сіздің сөзіңіз:**

«7 және 8-сұрақтарды қайта ашыңыздар, мұндағы тапсырмалардың бірін осы аптаның ішінде орындай аласыздар ма? Келесі аптада өзіңіздің тәжірибеңіз жайлы айтып беруге дайын болыңыздар және 9-сабақты орындауды ұмытпаңыздар»

## **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыдан біздің жер бетіндегі және рухани қоғамдастығымызға қызмет етуімізге, сондай-ақ Исаның аты үшін билікке бағына білулерімізге көмек сұраңыздар.

## 9-Сабаққа арналған жетекшілік

### Қуғын-сүргіннің себептері

#### 9-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Жаратушының сүйіспеншілігінен оны еш нәрсе айыра алмайтынына сенімді болу
- б. Қуғын-сүргіннің болатынын, бірақ Жаратушының оларды біздің игілігімізге айналдыратынын түсіну
- в. Қажетсіз қуғын-сүргіннен аулақ болу үшін ақылды әрекет ете білуді үйрену
- г. 1Петір 2:21-ді жаттап алу

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

8-сабақтың практикалық тапсырмасы сіз айналаңыздағы мұқтаждық көріп жүрген адамға немесе билігі бар адамға қандай да бір түрде қызмет көрсету болатын. Тапсырманы орындай алдыңыз ба және сол адамның бұған көз-қарасы қандай боды?» (Әрбір қатысушыдан кезек-кезек сұрап шығыңыз. Егер олар қызмет көрсеткен адам оларға ризалық білдірген болса, бұл жақсы. Ал егер білдірмеген болса маңызды емес, өйткені біз Иса үшін қызмет етеміз.)

#### Бүгінгі тақырып

#### Сіздің сөзіңіз:

«Біз бүгін қуғын-сүргін туралы өтетін боламыз, бұл қиын тақырып. Мүмкін біз талқылайтын нәрселер кейбіреуіміздің көзіне жас алғызуы да мүмкін. Бірақ қуғын-сүргінді Жаратушы игілікке айналдырады және осы тақырыпты талқылауымыз арқылы Ол біздің жан-жарамызды сауықтыра алады».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

9-сабаққа шолу жасауды бірге ашыңыздар. Келесі сұрақтарға шәкірттердің қалай жауап бергенін сұраңыз:

1-сұрақ: «Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп... үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек» (1Петір 2:21)

2-сұрақ: 1) дүние, жек көреді; 2) Жаратушы, қуғындауға; 3) ақымақтық істейміз; 4) Мәсіхтің ізімен.

#### Мәдени кеңес:

#### Қуғында жүрген сенушілерге ақыл-кеңес беру

Мәсіхтің ізбасарларына еркіндік молынан берілген елдерде тұратын сенушілердің қуғын-сүргін жайлы түсініктері кейде ақылға сиымсыз болып келеді. Олар оның салдарын кейде тым кемітіп, ал кейде тым әсірелеп жіберуі мүмкін. Қуғында жүрген сенушілерге іс жүзінде де, психологиялық деңгейде де ақыл-кеңес бере білу өте маңызды. *Іс жүзінде*, әдетте жағдай түзелгенше қуғынға ұшыраған сенушілердің өздері тап болған қарсылыққа шыдап, үйлерінде және тұрған жерлерінде қала бергендері дұрыс. Ал егер оларға шынайы түрде қатер төнетін жағдай болса, қауіпсіз жерге кетулері орынды. Бірақ соның өзінде уақыт өте келе үй іштерімен байланыс орнатуға тырысулары керек. Біршама бостандық берілген елдерде тұратын сенушілердің өміріне қауіп төнуі сирек кездесетін жағдай.

*Психологиялық тұрғыда:* отбасылары өздерінен бас тартқан кезде, сенушілердің қаншалықты қатты қиналатындарын және уақыт өте келе оларды қатты сағынатындарын түсіну өте маңызды. Негізгі ой қуғын-сүргінді игілікке айналдыруға қатысты, басқаша айтқанда осындай жағдайда да Құдайдың көз-қарасымен, ой-пікірімен өмір сүру. Бұл сабақтың мақсаты да осыған түйінделген.

## **А) Дүние бізді жек көреді (1-6-сұрақтар)**

### **1-2-сұрақтар**

1-сұрақты және 2-сұрақтың бірінші азат жолын тұтас **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Қандай жауаптарды белгіледіңіздер? Бәлкім сіздер қуғынның басқа түрін көрген шығарсыздар? Әлі күнге дейін қуғында жүрген жоқсыздар ма?» (Әрбір адамға өзінің тәжірибесі жайлы айтып шығуға мүмкіндік беріңіз. Бұл бөлісуге арналған маңызды уақыт. Олардың жылаулары да мүмкін.)

Дәл осы уақытта қуғында жүрген немесе бұрын осындай жағдай болып, сол үшін әлі қиналып жүрген топтың қатысушылары үшін **бірге мінәжат етіңіздер**.

### **5-сұрақ**

**Хаим туралы әңгімені оқып шығыңыздар**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Хаим туралы оқиғаны оқыған кезде, не сезіндіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар)

## **Б) Жаратушы қуғын-сүргінге жол береді (7-13-сұрақтар)**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Жаратушы дәл бүгінгі біздер сияқты Исаның алғашқы шәкірттері үшін де қуғын-сүргінге ұшырау қиын болатынын білді. Сондықтан да Ол оларды Петірдің 1-хатында өте күшті уәделермен жұбатты».

1Петір 1:3-7-ні **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

- «Төртінші аятқа сәйкес сіздің мұраңыз қай жерде?» («Көкте»)
- «Ол шіріп бұзыла ма, жоғала ма, әлде арамдана ма?» (*Жоқ, біздің жер бетіндегі мұрамыздан айырмашылығы – оған ешнәрсе де болмайды!*)
- «Бесінші аятқа сәйкес осы уақытта бізді не қорғап тұр?» («Құдайдың құдіретті күші».)
- «Әртүрлі сынақтарға ұшыраған кезімізде, алтыншы аятқа сәйкес біз оларға қалай қарауымыз керек?» («қуануымыз» керек.)
- «Жетінші аятта біздің сенімімізді не нәрсеге теңеді?» (*Алтынга теңеді, ал шын мәнінде біздің сеніміміз алтыннан да бағалы.*)
- «Зергер не себепті алтынды отта балқытады?» (Оны тазарту үшін) «Ендеше біздің қуғыннан өтуімізге Жаратушы не себепті жол береді?» (Біздің сеніміміздің шынайы екенін дәлелдеу үшін және бізді тазартып, шыдамды әрі күшті ету үшін. Бұл біздер үшін үлкен жігер береді!)

## 10-сұрақ

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

### Сұраңыз:

«Бұл жерде сіздер қандай жауапты белгіледіңіздер?» (Жазбаға сәйкес «дұрыс» жауаптар тек «а» нұсқалары. Бірақ талқылаудың мақсаты – қатысушылар өздерінің жеке бастарының күмәндары мен қиындықтарына қатысты шыншыл болулары. Осы талқылаудың арқасында олар Жаратушының сөзіне шынайы түрде ашыла алады. Сонда олар тіпті азап шегіп жатса да, Құдайдың ізгі екеніне сене алулары үшін Жаратушы олардың ойларын өзгертіп, нығайтып бере алады.)

## 11-сұрақ

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

### Сұраңыз:

«Б-бөлігіне сіздер не деп жаздыңыздар?» (Талқылаңыздар. Өз өміріңіздегі оқиғадан Жаратушы сіздің игілігіңізге айналдырған мысалмен бөлісуге дайын болыңыз.)

## 12-сұрақ

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

### Сұраңыз:

«Бізді Мәсіхтің сүйіспеншілігінен қандай да бір нәрсе айыра ала ма?» (Жоқ, бізді Оның махаббатынан ешнәрсе де, тіпті өлім де айыра алмайды.)

«Хаимның отбасын Исаның сүйіспеншілігінен өлім айыра ала ма?» (Жоқ! Олар өлгеннен кейін Жаратушының қасына барды.)

12-сұрақта келтірілген үзіндідегі Жаратушының уәдесін **оқып шығыңыздар**:

- «Мен мынаған нық сенемін: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгікүн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен айыра алмайды. Рас, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстың басқа ешбір нәрсесі де бізді Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!» (Рим 8:38-39)

## **В) Кейде біз ақымақтық істейміз (14-17-сұрақтар)**

### **14-сұрақ**

Шәкіл жайлы оқиғадан кейінгі сұрақты **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Осы сұраққа қатысты сіздің ойыңыз қандай?» (Егер біреу-міреу бұл сұраққа жауап беруге дайын болмаса, оның жауап жазып жүрген дәптерін толтырғанына көз жеткізіп алыңыз. Және сабақты үйде зерттеп оқығандары дұрыс екендігін, сонда ғана олардың талқылауға белсенді қатыса алатындарын естеріне салыңыз.)

«Шәкіл қандай қуғынға тап болды, болуға тиісті ме әлде қажетсіз қуғын ба?» (Қажетсіз қуғынға тап болды. Ол отбасын масқараға ұшыратты, сөйтіп әкесін ұятқа қалдырып, үйден қашып кетті.)

«Біз қажетсіз қуғынды айналып өте аламыз ба?» (Талқылаңыздар. Мысалы біз үлкендерді сыйлауға және үй ішімізді қолдауға тиістіміз. Сондай-ақ біз мүмкіндігінше айналамыздағы адамдарды ұятқа қалдырмауға тырысуымыз керек.)

«Қашып құтыла алмайтын қуғын-сүргінге түспеуге бола ма?» (Бізге Исаның атынан бас тартуға болмайды. Бірақ біз біраз уақытқа басқа жаққа көшіп кетуіміз мүмкін, бұл туралы біз кейінірек сөйлесетін боламыз.)

### **17-сұрақ**

Екінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сұраққа қатысты сіздер не ойлайсыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Бұның барлығы жағдайға байланысты болғандықтан, біз сіздерге дұрыс немесе дұрыс емес жауаптарды бере алмаймыз. Егер адамның өміріне қауіп төнсе, онда ол уақытша басқа жаққа кету жайлы ойлауы керек. Дегенмен егер соншалықты үлкен қауіп жоқ болса, мүмкін болса жағдай түзелгенше өз үйінде қалуға тырысуы керек. Ол Исаның соңынан еріп жүрсе де өз отбасына адал екендігін дәлелдеуге тырысқаны жөн.)

## **Г) Біз Мәсіхтің ізімен жүреміз (19-22-сұрақтар)**

1Петір 2:19-25-ті **оқып шығыңыздар**



### **Сұраңыз:**

- «20-аятта қажетсіз азап шегу қалай сипатталған?» («Бірақ егер жасаған жамандықтарыңа лайықты соққыға шydасандар, оның несі мақтарлық?») «Бұл жерде азап шегудің болуы әдбен мүмкін екені қалай сипатталған?» («Бірақ егер жасаған жамандықтарыңа лайықты соққыға шydасандар, оның несі мақтарлық?»)
- «Егер қуғынға ұшырайтын болсақ, кімнің ізімен жүруіміз керек? 21-аятқа сүйеніп жауап беріңіздер». (Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды. Сондықтан біз Оның ізімен жүруіміз керек.)
- «Біздің ұстазымыз Иса әділетсіз жазаға қалай жауап берген еді? 23-аят». («Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта, Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды».)
- «Біз әділетсіз азап шеккен кезде, 23-аятта сипатталғандай, Оның бізге көрсеткен үлгісін қалай қайталай аламыз?» (Біз де ешкімді тілдемеуіміз және ешкімге күш көрсетпеуіміз керек, қайта өзімізді Құдайға сеніп тапсыруға тиіспіз. Бірақ кейде әділетсіздікке қарсы үн қататын кездер болады, бұл туралы біз келесі аптада өтетін боламыз.)
- «24-аятқа қараңыз. Осылардың барлығын Иса Мәсіх сіз үшін істегенін білгендіктен, сізді қандай сезім билейді?» (Шәкірттердің өз сезімдерін сипаттап берулеріне болады. Бәлкім олар ризашылық пен ілтипат сезінетін шығар, сондай-ақ Исаның шеккен азабын бөлісуге де дайын болар, өйткені Мәсіх олар үшін көп нәрсе істеді ғой.)

### **22-сұрақ**

Жақтаудың ішіндегі еске сақтауға арналған аятты **бірге жаттаңыздар** (1Петір 2:21)

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

9-сабақтың практикалық тапсырмасын **оқыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Күн сайын аятты жаттай жүріп, оны өте баяу және бірнеше рет оқып шығыңыз. Қуғындау кезеңінде бұл аят сізді қалай жұбататынын түсіне алуыңыз үшін Киелі Рухтың көмегін сұраңыз. Сондай-ақ үйде оныншы сабақты зерттеп оқыңыздар».

#### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Бірнеше қатысушыдан қысқаша мінәжат етуін сұраңыз. Қуғын кезінде де Оның берген уәделері үшін Жаратушыға алғыс айтыңыз. Сіздің еліңізде немесе басқа елдерде қуғыннан азап шегіп жүргендер үшін де мінәжат етіңіздер.

## 10-сабаққа арналған жетекшілік

### Қорлау мен қуғындауға біз қалай жауап беруіміз керек?

#### 10-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Кешірім берудің кек алудан артық екеніне шын жүректен сену
- б. Жанын жарақаттаған адамға кешірім беру үшін қадамдар жасау
- в. Матай 5:44-ті жаттау

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмалары

##### Сіздің сөзіңіз:

«9-сабақтың практикалық тапсырмасы Киелі Кітаптан берілген әр түрлі аяттарды күн сайын ой елегінен өткізу туралы болатын. Сізге қай аят көбірек әсер етті?» (Әрбір қатысушы аяттардың бірін белгілеулері керек. Олардың барлығы бірдей бір ғана аятты таңдай ма әлде әр түрлі аяттарды таңдай ма, бұл маңызды емес.)

#### Бүгінгі тақырып

##### Сіздің сөзіңіз:

«Бүгінгі сабақта Жаратушының қуғын-сүргінге біздің қалай жауап бергенімізді қалайтын, сондай-ақ жауларымызды қалай кешіре алатынымыз жөнінде үйренеміз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары

Сабаққа шолу жасаудың сұрақтарына қатысушылар дұрыс жауап берді ме, жоқ па, соны тексеріңіз. Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: Кешіріммен

2-сұрақ: «Жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінәжат етіңдер!» (Матай 5:44)

#### А) Кек алудың қайталану барысы (Кіріспе және 1-3-сұрақтар)

##### Мәдени кеңес: Кекшілдік пен кешірім

Бұл сабақ әуел баста кек алудың қайталануы тұтас бір ұрпақты күйретіп өткен ел үшін дайындалған болатын. Кек қайтаруды көптеген елдер қолдамайды, сөйтсе де кейбір мәдениеттердегі кекшілдікті буырқанған теңіз тасқынымен салыстыруға болады. Барлық мәдениеттердегі адамның күнәкар болмысы «күшті боп көріну» және «намысты қорғау» дейтін тілекпен астасады. Дәстүрлі қоғамда мұның мағынасы мынау: көптеген адамдар кек алуды әдеттегі жағдай деп санайды. Сондықтан Исаның «жауларыңды да жақсы көр» деген сөзін естігенде, олар мұны ақылға сыймайтын ілім деп санайды (осы аптада жаттауға арналған аят)

Көптеген жас сенушілер сенімдері үшін өздерін қуғындаған немесе кері итерген адамдарға қатысты өкпе-ренішті сақтап жүреді (мысалы 15-сұрақтағы секілді.) Бұдан азаттық алу өте

маңызды, өйткені ол Исаға жақындауға сеп болады. Дәл осы себепке байланысты бұл сабақта осы тақырыпқа көп көңіл бөлініп отыр, әрі бірнеше рет мысал келтіріледі. Бұл тақырыпты талқылау жараның бетін тырнағандай болғанмен, ол сондай-ақ сауықтыра да алады.

5-сұрақта өзінің қуғындаушыларын кешіре тұрып өлген Иса мен майдан алаңында жауларын қарғап-сілеп өлген қолбасшылар арасындағы қарама-қайшылықтар көрсетілген.

### **Кіріспедегі түсіндірмелер**

Сол жақта берілген түсіндірмені **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Осы адамдікіндей сезімдерді бастарыңыздан өткіздіңіздер ме?» (Бірге талқылаңыздар. Егер қатысушылар кешірім беру өте қиын дейтін болса, бұл әлсіздіктің белгісі, бұл туралы оларға әзірге айтудың қажеті жоқ. Сабақтың қалған бөлігі осы сұрақтарды талқылауға арналған)

#### **2-сұрақ**

Соңғы азат жолды **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Сіз бұл жерде қандай мысал келтірдіңіз?» (Талқылаңыздар)

«Яғни, кешіру – қиын, ал кек қайтару – оңай. Ал бұлардың қайсысы үсті-үстіне зиян келтіретін болады?» (Кек қайтару)

### **Б) Кек қайтарудың орнына кешірім беру (4-16-сұрақтар)**

#### **4-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

**Матай 5:44-ті бірге жаттаңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Жауларыңды жақсы көру және өзіңді қуғындап жүргендер үшін мінәжат ету өте қиын. Біз не себепті мұны істеуге тырысуымыз керек?» (Өйткені Иса Мәсіх біздің Иеміз болғандықтан Ол бізге осылай істеуді бұйырды. Оның Өзі бұл нәрседе бізге үлгі болды. Сондай-ақ бұл кек қайтарудың тұйық шеңберін үзіп, бізді буырқанған ызадан азат етеді)

#### **5-сұрақ**

##### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бүгін біз оныншы сабақта сипатталғандай, өздерін қуғындағандарға кешірім берген төрт адамды ой елегінен өткізетін боламыз. Солардың алғашқысы – Иеміз Иса Мәсіх.

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар** (жоғарыда келтірілген «Мәдени кеңес» бөліміне назар аударыңыздар)

#### **Сұраңыз:**

«Иса қандай жетекші болған еді: әлсіз бе, әлде күшті ме?» (Күшті)

«Сөйтсе де Иса Мәсіх Өзінің күшін жауларын қарғап-сілеуге қолданған жоқ. Ол Өзінің күшін жауларын құрту үшін де қолданған жоқ. Олай болса, Ол Өзінің күшін не үшін қолданды?» (Өзінің жауларын кешіру үшін)

«Оның мысалынан біз не нәрсені үйренеміз?» (Кешірім беру әлсіздіктің белгісі емес, керісінше бұл күш пен ержүректіктің белгісі екенін)

«Жауларымызды кешіруге бізге күшті кім береді?» (Бізде өмір сүріп жатқан Өзінің Рухы арқылы Исаның Өзі береді.)

### **9-сұрақ**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Біз бүгін төрт адамның мысалын қарастырып жатырмыз. Біздің бірінші қарастырғанымыз – Иеміз Исаның мысалы, ал қалған үшеуі басқа діннен келген Исаның ізбасарлары болатын. Қазір Мұраттың оқиғасын оқиық».

Мұраттың оқиғасын оқып шығыңыздар (бұл оқиға интернеттен алынған, онда ол шынымен болған деп айтылады)

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер 9-сұрақтың а) және б) бөлімдеріне қалай жауап бердіңіздер? (Кек қайтару жанып тұрған жанармайға ұқсайды, ал кешірім беру суға ұқсайды)

«Егер Мұрат өзінің кек қайтару жоспарын жүзеге асырғанда нәтижесі қандай болуы мүмкін еді?» (Оның әріптесі одан да үлкен қарымтасын қайтарып, бұл кек қайтарудың қайталануын одан бетер өршіте түсер еді)

### **10-сұрақ**

Мұраттың оқиғасының екінші бөлімін **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Мұраттың кек қайтарудың орнына берген кешірімі қалай әсер етті?» (Бұл оның әріптесіне өте қатты әсер етті, кейінірек ол Исаның ізбасарына айналды.)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы сабақта орын жетпегендіктен айтылмай қалған тағы бір нәрсе бар, ол – кешірім берудің тағы да бір оң әсерінің болғаны. Мұрат ақшасының жоғалғанын білген кезде мазасызданып, сол күні түнде ұйықтай алмады. Ол бұл жөнінде түн ортасында сиынып мінәжат етті. Дәл сол сәтте ол балконнан бір дыбыс естіді. Мұрат балконға шығып қарағанда, жерде жатқан конвертті көрді. Мұрат оны кімнің тастағанын көрмеген-ді. Онда мынадай бір хат бар екен: «Мен сенің сенімдегі бауырыңмын, Жаратушы маған бұны саған бер деп айтты». Ал конвертте Мұрат қанша жоғалтса, сонша ақша жатты!»

#### **Сұраңыз:**

«Ақшаны тапқан кезде Мұрат нені сезінді деп ойлайсыз?» (Қатысушылардың жауаптары. Шын мәнінде бұл оқиға Мұраттың сенімін өте қатты нығайтты)

### **12-сұрақ**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Ал енді үшінші адам жайлы, өзін ренжіткен адамды кешіре алған қыз жайлы оқимыз. Ол да Мәсіхтің ізбасары болатын, оның жанұясы басқа дінді ұстанатын».

Сұрақпен оқиғаны тұтас **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Жаратушы не себепті Мұраттың жоғалтқан қаржысын кереметпен қайтарып берді, ал бірақ мұны Мириам үшін істемеді?» (Бірге талқылаңыздар. Біз бұның жауабын білмейміз. Жаратушы әрбір кезеңде біздің әрқайсымызға ненің жақсы екенін біледі. Кей кезде Ол Мұраттың оқиғасындай біздің сенімімізді нығайту үшін кереметтер жасайды. Ал кей кездері Мириам сияқты біздің төзімімізді нығайту үшін бізді қиын жолдармен жүруге жетелейді. Қандай жағдай болса да, Ол біздің өмірімізге игіліктер әкелу үшін әрекет етеді.

«Мириамды қайынбикесін жек көруден не нәрсе азат етті?» (Ол қайынбикесіне кешірім беруді ұйғарды. Сонда оның жүрегі қуанышқа кенелді!)

**13-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Сіздер мұнда не жаздыңыздар?» (Әр түрлі пікірлерді талқылаңыздар. Бұл қиын сұрақ. Кей кезде біздің қарсылық білдіргеніміз дұрыс, ал кейде басқа сенушілердің атынан қарсылық білдірген дұрыс болады. Өзіне әділетсіздікпен қараған кезде, елші Пауыл да кей кездері қарсылық білдірген болатын (мысалы Ел.іс 16:35-37.) Бірақ біздің қарсылығымыз кек қайтарудың жолдарын іздестіру үшін емес, заңды түрде болуы керек.)

**14-сұрақ**

Бірінші азат жолды және ақын жазған өлеңді бірге **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Өміріңізде ренішке қатты беріліп, кешірім бергіңіз келмеген сәттер туралы әңгімелеп беріңіздерші. Бұл сіздерге қалай әсер етті?» (Бірге талқылаңыздар)

«Осы өлең жолдарында айтылғандай, «шағып алатын шаяннан» құтылу үшін не істеуіміз керек?» (Өзіміздің жауларымызды кешіруіміз керек.)

**15а-сұрақ**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Біз енді төртінші адам туралы айтамыз: Иса Мәсіхті қабылдағаннан кейін бұл африкалық адамды туыстары өлтіргілері келді».

Жақтаудың ішінде берілген бұл адамның сөздерін **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Өзін ұрып-соққан адамдарды кешіру бұл адамға жеңіл болды ма әлде қиын болды ма?» (Өте қиын болды)

«Сол адам былай деді: «Мен өзімді қуғындағандарға кешірім бермегендіктен шеккен азабым олардың мені ұрып-соққанымен бірдей дерлік болды». Ол мұнымен не айтқысы келді?» (Бірге талқылаңыздар. Менің ойымша, ол ішкі күйініштен көп азап шекті)

## **156-сұрақ**

Келесі сөйлемді түсіндірмемен қоса **оқып шығыңыздар.**

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Сізге ауыртпалық әкелген бір адамды есіңізге алыңыз. Бос жолға сол адамның атын өзіміздің ішімізден айтайық. Мысалы, сол адамның есімі Фархат болса, онда біз былай деп айтамыз: «Фархатты жақсы көріңдер және ол үшін мінәжат етіңдер. Келіңіздер, қазір осылай етейік». (Қатысушылардың жеке құпияларын ашпау үшін сол адамның есімін дауыстап айтулары немесе жазулары міндетті емес.)

### **Сұраңыз:**

«Сіз мұны істей алдыңыз ба? Осы сөздерді айтқан кезде, не сезіндіңіз?»

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Естеріңізде болсын, біз ескі адами болмысымызбен өзіміздің жауларымызды кешіре алмаймыз, бірақ біз мұны жаңа болмыспен, яғни біздегі Мәсіхтің болмысымен істей аламыз».

## **В) Азап шегіп жүріп те қуану (17-19-сұрақтар)**

1Петір 4:12-16-ны бірге **оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Сіздерге қай аят көбірек ұнады және неге?» (Әр түрлі жауаптар)

«Қиындықтар болып жатқан кезде, сізге Жаратушы берген қуанышты жағдайды сипаттап беріңізші» (Бірге талқылаңыздар.)

### **Кездесудің соңында**

### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

Оныншы сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар**

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл тапсырманы орындауды сіз өзіңіз шешесіз, сізді бұған ешкім мәжбүрлей алмайды. Бұл қиын тапсырма, бірақ егер сіз орындаймын деп ұйғарсаңыз, онда Жаратушы сізге оны істеуге күш береді. Сонда сіз өміріңізде үлкен қуаныш сезінетін боласыз!»

«Үйде 11-сабақты зерттеп **оқыңыздар**»

### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыға кек алудан гөрі кешірімнің әлдеқайда жақсы екенін бізге көрсеткені үшін алғыс айтыңыздар. Осы аптаның практикалық тапсырмасын орындау үшін Одан сіздерге күш беруін сұраңыздар.

# 11-сабаққа арналған жетекшілік

## Ерлі-зайыптылар

### 11-сабақтың мақсаттары

**Әрбір қатысушы** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы кере:

- а. Жаратушының некеге қатысты: «бір ғана ер адам бір ғана әйелмен өмір бойына бірігеді», – деген ниетін түсіну.
- б. Өзінен бұрын еріне (зайыбына) ұнауға ұмтылу
- в. Өз отбасында анасын емес, жұбайын бірінші орынға қою керек екендігіне сену
- г. Жар 2:24-ті жаттап алу

### Айрықша ескеретін нәрсе

Егер сіздің тобыңызда ерлер де, әйелдер де бар болса, олар бұл сабақтың тақырыбын бірге талқылауды дұрыс көре ме, әлде бөлек жеке топтарда талқылауды дұрыс көре ме, осы жағын ойлаңыз. Мұны өз мәдениеттеріңізге және адамдардың түріне қарай өзіңіз таңдайсыз. Сондай-ақ талқылауды мынадай жағдайларға да бейімдеуге болады: үйленгендер тобы, бойдақтар тобы, жас үйленгендер тобы, балалары бар топтар, бұрын некеде тұрғандар тобы және т.б.

Осы аптаның тақырыбы ерекше маңызды, өйткені ол талқылауға қажетті көптеген сұрақтарды қозғайды. Қатысушылардың жағдайына сәйкес келетін сұрақтарға зер салыңыз, бірақ оларды асықтырмаңыз. Егер бүгін талқылауды толық аяқтай алмайтын болсаңыздар, онда бұған қосымша апта арнаңыздар.

### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Бүгінгі тақырып:

**Сіздің сөзіңіз:** «Адамдар арасындағы ең маңызды қарым-қатынас бұл – ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы және бұл біздің ата-аналарымызбен қарым-қатынасымыздан әлдеқайда маңызды. Келіңіздер, бүгін Жаратушының некеге қатысты ой-ниеті туралы білейік».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

Қатысушылар Шолу жасаудың сұрақтарына дұрыс жауап бере алды ма, жоқ па, соған көз жеткізіп алыңыз.

1-сұрақ: «әке-шешесін тастап, әйеліне берік қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады» (Жар 2:24)

2-сұрақ: бір, бір, бойына

3-сұрақ: а) мойынсұнушы болыңыз; б) түсіністікпен қараңыз

4-сұрақ: мен

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы:

**Сіздің сөзіңіз:** «Өткен аптаның практикалық тапсырмасы сізге ауырпалық әкелген адамға кешірім беру болатын. Тапсырманы орындадыңыздар ма? Бұл тапсырма сіздің өміріңізді қалай өзгертті?» (Бірге талқылаңыздар. Кім ойын айтпай отырса немесе әлі кешіруге қиналып отырса, соған назар аударыңыз. Кейінірек олардың әрқайсымен жеке сөйлесіңіз)

## **Мәдени кеңес: Некедегі өмір практикасы**

Барлық мәдениеттерде үйлесімді некелер де, жанжалды некелер де бар, сондықтан оларға жалпылай қарау қиынға түседі. Көптеген мәдениеттерде отбасылық өмір әр түрлі себептерден тартымды деп саналады, соған қарамастан отбасында жасырын зорлық-зомбылық та, зұлымдық та болады.

Басқа діннің ғалымдары неке туралы ілімді әр түрлі талқылайды, ал ерлерге басымдылық берілген қоғамда әйелдер қысымшылық көреді. Көптеген қоғамдарда мынадай: ер адамның өз әйелін ұрып-соғуына, одан оңай ажырасуына немесе төрт әйел алуына және егер бірінші әйелі ұл тауып бермесе, басқа бір әйел алуына болады – деген ұғымдар кеңінен тараған. Осы курс бұл ұғымдарға қарсы тұратын болады. Сол мәдениеттердегі әйелдердің де өз құқықтары бар, бірақ олардың құқықтары күйеулерінікінен әлдеқайда аз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, неке дегеніміз екі адамның өзара теңбе-тең келісімінен гөрі, жұбайлардың бірі екіншісіне үстемдік ететін келісімшартқа көбірек ұқсайды.

Бұл сабақтың мақсаты – шәкірттердің неке жайлы ұғымдарын қайта бағалауларына және некенің негізін Киелі Кітапқа сай қалауға көмектесу. Осыған қатысты жалпы ұғым сабақтың өн бойында қарастырылып, Киелі Кітаптың ілімімен салыстырылатын болады. Оныншы сұрақта басқа бір діннің киелі жазбасынан алынған мына бір танымал сөздер арнайы келтірілді: «өз әйелдерің – өз егістіктерің».

Киелі Кітап бір еркек бүкіл өмір бойында бір ғана әйелге үйленіп, әйелі үшін жанын беруге дайын болуы керек, себебі бұл өте маңызды деп үйретеді. Он бірінші сабақ үлкен бір тақырыптың тек қана бастапқы нүктесі ғана. Ал егер қатысушылар үйленген болса немесе отбасын құруға дайындалып жүрген болса, бұл сұрақты қосымша зерттеп оқу пайдалы болмақ. Және бұны бала тәрбиесіне қатысты тақырыпқа да қолдануға болады.

### **А) Құдайдың некеге арналған ой-ниеті (1-11-сұрақтар)**

#### **2-сұрақ**

**а)-дан г)-ға дейінгі әрбір тұжырымдаманы оқып шығыңыздар.**

Әрбір тұжырымдамадан кейін **сұраңыз:**

«Осы тұжырыммен сіз өз басыңыз келісесіз бе? Неге иә немесе неге жоқ? (Бұл оқулықта берілген жауаптар Киелі Кітаптың іліміне қатысты біздің түсінігіміз бойынша берілген. Біз сенушілердің әйел мен еркекке қатысты кейбір тұжырымдармен келіспеулері мүмкін екендерін түсінеміз. Бірақ келтірілген тұжырымдармен олардың келісулеріне тура келеді. Өйткені бұл тұжырымдар Жаратушының бейнесіне ұқсас жаратылған еркек пен әйел туралы Киелі Кітап іліміне негізделген.)»

#### **3-сұрақ**

Алғашқы екі сөйлемді **оқып шығыңыздар**

Мына сұрақты бірнеше рет қайталай отырып, әрбір қатысушыдан **сұраңыз:**

«Некеге деген Құдайдың ой-ниеті қандай еді?» (Бір еркек бір әйелге өмір бойына қосылады)

**Сұраңыз:** Некеге қатысты Құдайдың ой-ниетіне сәйкес:

«Ер адамның неше әйелі болуы керек?» (Бір)

«Олар қанша уақыт некеде өмір сүрулері керек?» (Өмір бойы)



«Олардың арасында тәни, ой-сана және рухани деңгейде не нәрсе орыналу керек?» (Олар бірігулері керек)

«Осы сабақта біз қандай аятты жаттауымыз қажет?» (3-сұрақтағы жақтауды қараңыз. «Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне берік қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады» (Жар 2:24.)

#### **4-5-сұрақтар**

##### **4-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.**

##### **Сұраңыз:**

«5 а) және 5 б)-сұрақтарына әрқайсыларыңыз не деп жаздыңыздар?»

(Бұл дәстүрлі қоғамдағы күрделі отбасылық құрамды ұстанатын классикалық көрініс. Кейбір елдерде, әсіресе қалаларда, некенің өзіндік жеке түрі көбірек қалыптасуда. Сөйтсе де қатысушылар мәселенің барын көре алады. Киелі Кітаптың қағидасы айқын – күйеуі өз әйелін бірінші орынға қою керек, бірақ ата-аналарға деген қамқорлық пен оларды құрметтеу де Жазбаның қағидасы, ал бұған кейбір мәдениеттерде көңіл аз бөлінеді.)

##### **Мәдени кеңес: Ана болу**

Кейбір мәдениеттерде ананың рөлі өте жоғары бағаланады. Бұл мәдениеттер бойынша ұлдар өз аналарын ерекше құрметтеп, оларға адал болулары керек, сондықтан да олар әкелеріне қарағанда аналарына сезімдік тұрғыдан көбірек байланады. Және кейбір мәдениеттерде дәстүр бойынша қалыңдық ұзатылған кезде әкесінің үйін тастап, күйеуінің үйіне кеткенімен, еркек үшін «өз үйін тастап, бөлек кету» деген ұғым жоқ. Сондықтан да ол өзінің зайыбына қарағанда анасына қатысты сезімдік тұрғыда адалдықты сақтап қала бере алады. Ал анасы болса, келінін «жеңіп шығу» үшін және өзінің үстемдігін көрсету үшін осы жағдайды өз пайдасына асыра алады. Дегенмен бұл жерде ортақ сәттер ғана келтірілген, ал бірлескен отбасылық жүйе қазіргі қоғамда аса берік емес.

#### **7-сұрақ**

##### **Матай 19:3-6-ны оқып шығыңыздар**

##### **Сұраңыз:**

- «3-аяттағы діни адамдардың сұрағына сәйкес сол заманда ерлер өздерінің әйелдерінен оңай ажыраса алатын ба еді?» (Иә, солай сияқты. Бұған қоса кейбір діндар адамдар әйелі тамақты күйдіріп жіберген болмашы нәрсе үшін де күйеуі одан ажыраса алады деп үйрететін.)
- «5-аятта Мәсіх Таураттан (Мұсаның кітабынан) қандай аятты үзінді келтірді?» (Жар. 2:24, бұл біз жаттауға тиісті болған аят. Бұл Иса Мәсіхтің осы ілімді растағанын білдіреді)
- «Киелі Кітап еркек өзінің әйелімен «бірігуі» керек екенін айқын үйретеді. Олар бұл одақты тек тәни деңгейде ғана емес, жүрек пен ақыл-ой деңгейінде де қалай бекіте алады?» (Талқылаңыздар. Мысалы, олар бірге уақыт өткізулері керек, бір-бірімен ұзақ сөйлесулері керек, нағыз достар сияқты бір нәрселерді бірге істеулері керек. Сондай-ақ дау-жанжал туындаған кездерде соны шешудің жақсы тәсілдерін табулары керек.)
- «Алтыншы аятта Мәсіх неке жайлы не деп еді? Ол «неке деген жай ғана адамдар арасындағы келісім, сондықтан оны қалаған уақыттарында бұза алады» деп пе еді, әлде «оларды Жаратушының Өзі қосады» деп пе еді?» (Ерлі-зайыптыларды Жаратушы қосты. Басқа бір дінде неке дегеніміз бұл – ерлі-зайыптылар арасындағы келісімшартқа ұқсайды деп уағыздалады, ал Киелі Кітап неке дегеніміз бұл – келісімшарт емес, сондықтан оны бұзу әлдеқайда қиын дейді.)
- «Алтыншы аяттағы Иса Мәсіхтің сөзі бойынша ажырасу не себепті жаман?» (Некені Жаратушының Өзі жаратты, сондықтан да адамдар некені бұзбаулары керек. «Құдай қосқанды адам баласы ажыратпасын». Тоғызыншы аятта Иса ажырасудың жаман екенін

тағы да айтты. Соған қарамастан кейбір некелер бәрібір бұзылады. Өкінішке қарай Мәсіх ізбасарларының арасында да ажырасулар болып тұрады. Бәлкім, топтың ішіндегі адамдардың басынан да мұндай жағдай өткен шығар. Сондықтан да топта ажырасқан адамдар болса, оларға деген Құдайдың рақымы мен кешірімі туралы айта отырып, бұл сұрақты аса сезімталдықпен талқылаңыздар.)

### **9-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Қандай жауаптарды белгіледіңіздер?» (Қатысушылардың пікірлерін талқылаңыздар. А), б) және г)-жауаптары кейбір қоғамдарда кеңінен таралған. Сирек жағдайда в)-жауабы орын алады, бірақ көпшілік оны ұстана бермейді.)

### **10-сұрақ**

Түсіндірмені және соңғы азат жолды **оқып шығыңыздар**.

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер бұл жерге не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Мына бір ер адам үшін әйелі тек бала туып беру үшін ғана қажет, ол оның мүлкі сияқты, сондықтан ол одан кез-келген уақытта құтылуға болады немесе тағы бір әйел ала аламын деп санайды. Жоғарыдағы «Мәдени кеңеске» қараңыздар. Ал бірақ Киелі Кітап бойынша ерлер мен әйелдер өзара тең. Жаратушы күйеулерге әйелдерін оларға қызметші болып, бала туу үшін емес, өз күйеулеріне көмекші, әрі досы болу үшін береді. Сондай-ақ Жаратушы ер адамдардың әйелдерінен ажырасқандарын немесе тағы бір әйел алғанын жек көреді.)

### **11-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«А), б) және в)-сұрақтарына сіздер қалай жауап бердіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар. Бәлкім қатысушылардың бірі осыған ұқсас қиын жағдайды бастан кешіп жатқан болар. Қатты азап шегіп жүрген жандарға Иса Мәсіх жанашыр болады, бұл Жаратушының біздің қиналысымызды түсінетінін көрсетеді. 12-сабақтағы «Мәдени кеңесті» қараңыз.)

Б) 1Петір бойынша күйеулері мен әйелдері (12-22-сұрақтар)

#### **Әйелдердің міндеттері**

#### **Күйеулердің міндеттері**

### **13-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**.

#### **Сұраңыз:**

- «Сіздер қалай ойлайсыздар, кей-кездері зайыбының еріне бағынуы қиын болуы мүмкін бе? Не себепті солай?» (Ері өзіншіл болуы немесе билеп-төстеуші болуы мүмкін немесе ақылсыз шешімдер қабылдауы мүмкін, не болмаса зайыбы өз бетінше бір нәрсе істегісі келуі мүмкін.)
- «Сіздер қалай ойлайсыздар, зайыбына түсіністікпен қарау кей-кездері еріне қиын болуы мүмкін бе? Не себепті?» (Өзінікінен гөрі зайыбының талап-тілектерін жоғары қою еріне

қиын болады, өйткені көптеген күйеулер өздерінің әйелдері оларға қызмет етуге тиісті деп санайды.)

- Қалай болған күнде де, Жаратушы біздің кім туралы көбірек қам жегенімізді қалар еді: а) мен жарыма қандай ұнамды іс істей аламын немесе б) жарым маған қандай ұнамды іс істей алатыны туралы ма?

### **15-сұрақ**

Мына әйелдің күйеуіне не айтып жатқанын **оқып шығыңыздар (түсіндірмеде.)**

### **20а-сұрақ**

Мақсат өзінің әйелі туралы не ойлайтынын **оқып шығыңыздар (түсіндірмеде.)**

### **Сұраңыз:**

«15-сұрақтағы әйел мен Мақсат кімге ұнауға тырысып жатыр, өзіне ме, әлде әйеліне ме?» (Өзіне)

### **20б-сұрақ**

Арман өзінің жары туралы не ойлайтынын **оқып шығыңыздар (түсіндірмеде.)**

### **Сұраңыз:**

- «Арман кімге ұнауға тырысып жатыр, өзіне ме, әлде зайыбына ма?» (Зайыбына)
- «Мақсат пен Арманның қайсысы өзімшіл?» (Мақсат)
- «Бұлардың қайсысы ержүректік танытып тұр: Мақсат па, әлде Арман ба?» (20б-сұраққа қатысушылардың берген жауабын қарап шығыңыз. Бұл дүниенің түсінігі бойынша Мақсат ержүрек. Бірақ Жаратушының талаптары бойынша Арман әлдеқайда ержүрек. Бас пайдасын ойламау – ер адамға тән азаматтық қасиет. Арман 1Петір 3:7-де берілген өсиетке мойынсұнып тұр – зайыптарыңызға түсіністікпен қараңыздар. Ол өз пайдасын ойламай, зайыбының қамын ойлады. Ол біз үшін Өзін құрбан еткен Иса Мәсіхтің үлгісін қайталады.)

### **21-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Егер күйеуі әйелі мен бала-шағасын ұрмайтын болса, өзінің үйінде беделге ие бола ала ма?» (Талқылаңыздар. Кейбір мәдениеттерде әйелін ұрып-соғу әдеттегі көрініс болып табылады. Бірақ күйеуі үшін өз әйелінің ілтипатына ие болудың бұдан да басқа тиімді тәсілі бар, бұл 1Петір 3:7-де жазылғандай, өзінің зайыбына түсіністікпен қарауы.)

### **22-сұрақ**

Сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Сіздер бұл жерге не жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Мәдениет пен жағдайға байланысты жауаптар белгілі бір дәрежеде бір-бірінен басқаша болады. Бірақ осы сұрақ күйеулерге өз әйелдеріне қалай түсіністікпен қарай алатындықтары туралы әрі оны қалай адал көңілден істей алатындары туралы ойлануға көмек береді.)

**В) Егер жұбайыңыз әлі де Мәсіхке сенбейтін болса (23-26-сұрақтар)**

### **24-сұрақ**

Өмірден алынған оқиғаны және төмендегі сұрақты **оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?» (Бірге талқылаңыздар. Кейде сенбеуші жұбайы Мәсікке жүрегін ашып, Оның шәкіртіне айналады. Бірақ үнемі солай бола бермейді. Тіпті соған қарамастан, Мәсіхтің ізбасары өзінің жарына төзімдікпен ілтипаттылық пен сүйіспеншілік көрсете берсе, бұл үй ішінде тыныштықты сақтауға көмектеседі.)

### **26а-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

- «Қай жауаптарды белгіледіңіздер? Оның себебі неде?» (Бірге талқылаңыздар)
- «Д)-тармағында былай жазылған: «Балаларды Исаның ізбасарлары болатындай етіп бірге тәрбиелеу». Біз мұны қалай істей аламыз?» (Бірге талқылаңыздар. Кейбір ұсыныстар:
  - Балаларыңызға Исаның жақсы ізбасары ретінде үлгі болу;
  - Берік неке құру;
  - Балаларыңызға уақыт бөлу, назар аудару, мейіріммен қарау және орнымен жазалау;
  - Қателігіміз үшін олардан кешірім сұрау;
  - Олар үшін сиыну;
  - Олармен бірге сиыну, күнделікті Киелі Кітап оқу;
  - Өзіңіз баратын жанұяға балаларды тұрақты апару;
  - Олар үшін Мәсікке қызмет етудің үлгісі болу.

### **26б-сұрақ**

Мұғалімнің түсіндірмесін **оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Бір минут көлемінде мұғалімнің берген сұрақтары жайлы тыныштықта ой толғаңыздар. Жұбайыңызбен қарым-қатынасыңызды нығайту үшін іс жүзінде қандай қадамдар жасай аласыз?» (Бұл сұрақ талқылау үшін емес, ой толғау үшін берілген.)

### **Кездесудің соңында**

### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Қатысушылармен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

11-сұрақтың Практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар**.

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптада практикалық тапсырманы орындауларыңызды өтінемін. Сонымен бірге 12-сабақты зерттеп оқыңыздар.»

«Егер біз талқылаған осы сабақтың тақырыбы бойынша сіздің жеке басыңызға қатысты сұрақтар туындаған болса және егер оларды жеке талқылағыңыз келсе, кейінірек бұл туралы менімен немесе басқа біреумен сөйлесе аласыз».

### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Бір-бірі үшін мінәжат ете алулары үшін топты жұптастырып бөліңіз, ерлерді ерлермен, ал әйелдерді әйелдермен (немесе егер ерлі-зайыптылар бар болса, оларды бірге қоюға болады.) Олар Жаратушыдан неке жайлы бүгінгі сабақта үйренген нәрселерін өмірде қолдана алуларына Құдайдан көмек сұрап сиынғандары жөн.

## 12-сабаққа арналған жетекшілік

### Жанжалды шешу

#### 12-сабақтың мақсаты

**Әрбір қатысушы** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Жанжалды шешудің қате тәсілін емес, дұрыс тәсілін таңдай білу;
- б. Жанжалды шешудің дұрыс тәсілінің үш қадамын түсіну және қолдану;
- в. 1Петір 3:11-ді жаттау.

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

##### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен аптаның практикалық тапсырмасы бойынша сізге жұбайыңызды қандай да бір тәсілмен қуанту қажет болатын. Бұл тапсырманы орындай алдыңыздар ма? Оларды қуанту сіздерге ұнады ма?» (Бірге талқылаңыздар. Біз енді мұны бір рет қолданып көргеннен кейін әр апта сайын істеуді жалғастыра берейік!)

#### Бүгінгі тақырып

**Сіздің сөзіңіз:** «Сенбеушілердің өміріндегі сияқты Мәсіхтің ізбасарларының арасында да жанжалдар болады. Бірақ олар өздерінің жанжалдарын сенбеушілерден гөрі жақсы жолмен шеше білулері керек. Біз бүгін мұны қалай істеу керек екендігін үйренетін боламыз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

*12-сабаққа шолу жасауды бірге ашыңыздар.*

*Сұрақтарға шәкірттердің қалай жауап бергеніне қарап шығыңыз:*

1-сұрақ: Үш тәсілдің барлығы да а), б) және в)-тәсілдері жанжалды шешудің жаман тәсілдері;

2-сұрақ: Бірінші қадам – «сезімдерің», Екінші қадам – «сөйлесу», Үшінші қадам – «кешіру және кешірім сұрау»;

3-сұрақ: «...татулыққа ұмтылып, сол үшін лайым күш салсын» (1Петір 3:11.)

#### Мәдени кеңес: Жанжалдар және оларды қалай шешу керек

Адамдардың барлығы қандай қоғамда өмір сүргеніне қарамастан жанжалдасып жатады. 7-10-сұрақтарда айтылған «жанжалды шешудің үш жаман әдістері» кейбір дәстүрлерде жиі кездеседі. Бұл тәсілдер сол елдердің дәстүрі бойынша кек алушылық, қашқақтаушылық немесе жоғарғы шендегі адамға бағыну тәртібі сияқты құндылықтарға бекітіліп, нығайтылған. Сондай-ақ өсек-аяң да жанжалды ушықтыра түседі.

Көптеген адамдар намыс, ұят дейтін мәдениеттен шыққан адамдар. Басқа сөзбен айтқанда олардың ненің дұрыс, ал ненің дұрыс емес екені жайлы түсініктері олардың жергілікті қоғамдағы беделдеріне тығыз байланысты. Егер біреу олардың отбасын қоғам алдында масқараға ұшыратқан болса, онда намысты бермеу үшін кек қайтару әділеттілік болып саналады. Исаның заманындағы

Таяу Шығыстағы мәдениетте де осыған ұқсас әдеттер бар болатын. Батыстан шыққан адамға Исаның кешірім жайлы ілімі әдетте адамның жеке басына бағытталады. Ал намыс, ұят дегенді ұстанатын мәдениеттен шыққан адамдар үшін Исаның бұйрығы олардың қауымдастық өміріне ерекше түрде бағышталған, өйткені олардың ішінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан әулет арасындағы кек алушылық болуы мүмкін.

Исаның ізбасарларының қауымына қосылған кездегі алғашқы шаттықтан кейін адамдар жанжалға тап болып, адамдардан көңілі қалғандықтан реніші ұлғая бастайды. Жанжалды шешу және басқаларға деген жаңа қарым-қатынас қалыптастыра білу бұл Исаның шәкірті болудағы өте маңызды қадам болып табылады. Бұл жерде жанжалды күйреткіш тәсілмен емес, дұрыс шеше білуге үйрену маңызды. 12-сабақта сіздерге осы әдістерді қолдана бастауға үйрететін кейбір практикалық тапсырмаларды таба аласыздар.

### **А) Мәсіхтің ізбасарларының арасындағы жанжал (1-5-сұрақтар)**

#### **1-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Исаның ізбасарлары кей кездері жанжалдасатынына біз таңқалуымыз керек пе? Жоқ. Олар мінсіз емес. Бірақ олар өздерінің жанжалдарын шешіп, татуласа алады».

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Мүмкін біздің бәрімізде де Исадағы бауырласымызға деген реніш бар болар. Бірақ мынаны да есімізде ұстайық, біз де оларға реніш әкелген болармыз! Исаның отбасында біз кешіре білуге және кешірімді қабылдай білуге үйренеміз».

#### **5-сұрақ**

Бірінші азат жолды оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«А-дан е-ге дейінгі нұсқалардың қайсысын белгіледіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар)

«Д-тармағына қатысты өзіңіздің жеке тәжірибеңізден қандай мысал келтіре аласыз?» (Бірге талқылаңыздар)

### **Б) Құдай біздің жанжалды шеше білгенімізді қалайды (6-сұрақ)**

#### **6-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Біздің істеген қылықтарымыз Жаратушыны жабырқатуы мүмкін бе, қалай ойлайсыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Кейбір діндер біздің іс-әрекетіміз Жаратушыға әсер етпейді деп үйретеді, ал бірақ Киелі Кітап шын мәнінде біздің қылықтарымыз Оған әсер етеді деп үйретеді. Мысалы Жар.бас 6:5-6-да Жаратушы адамдары жаратқанына қайғырып, қасірет шекті деп жазылған.)

«Біздің ұрыс-керісіміз Жаратушыны не себепті жабырқатуы мүмкін, қалай ойлайсыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Бізге татулық әкелу үшін Иса үлкен құн төледі. Сондықтан да Ол біздің татулықта өмір сүргенімізді қалайды. Сондай-ақ біздің арамыздағы дау-жанжалдар сенбеушілер үшін нашар куәлік болып табылады.)

### **Мәдени кеңес: Құдайдың сезімдері бар ма?**

Кейбір діндер Жаратушы Өзінің жаратқандарынан бөлек, оларға ұқсамайды деп үйретеді. Сондай-ақ адамдардың іс-әрекеті Құдайды қуантуы немесе ренжітуі мүмкін деген ойды қабылдамайды немесе Жаратушының жабырқауы мүмкін екеніне сенбейді. Олар «біз осылайша Құдайды адами деңгейге түсіреміз» немесе «Оны өзімізге ұқсатамыз» деседі. Алайда Мәсіхтің ізбасарлары Оның адамға айналып, жер бетіне, біздің деңгейімізге түсуі – біздің қасіретімізді бөлісуге дайын екендігін көрсететініне сенеді. Иса Мәсіх те жанашырлық, ашу, қуаныш, күйінші сияқты күшті сезімдерді бастан кешті. Шын мәнінде Құдайдың қандай екенін бізге Иса көрсетті. Жас сенушілер мұны түсінген кезде олардың Құдай жайлы ұғымдары өзгереді, өйткені Құдай шынында да олардың жан ауруларын түсінеді (11, 18-сабақтар) және олар күнә жасаған кезде жабырқайды (12-сабақ.)

1Петір 3:8-12-ні оқып шығыңыздар

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл үзінді біздің бұл дүниеде бір-бірімізбен қалай татулықта өмір сүре алатынымызға қатысты жақсы нұсқаулар береді».

#### **Сұраңыз:**

- «Сегізінші аяттың негізінде біздің бір-бірімізбен татулықта өмір сүруіміз үшін қандай дұрыс әрекеттер көмектеседі?» (Бір-бірімен татулықта өмір сүру, жанашыр болу, бір-бірін жақсы көру, мейірімді және қарапайым болу)
- «Тоғызыншы аят бойынша біз қандай теріс қылықтардан аулақ болуымыз керек?» (Жамандыққа жамандық жасамау және жәбірлеуге жәбірлеумен жауап бермеу) «Ал оның орнына біз не істеуіміз керек?» (Жамандық жасаған адамға батамызды беруіміз керек)
- «10-аят бойынша біз тағы не істеуіміз керек?» (Аузымызға ие бола білуіміз, аузымыздан жаман сөз шығармауымыз керек.)
- «Неге?» (Өйткені жаман сөздер мен зұлым тіл жанжалды ушықтырып жібереді)
- «Егер бір адаммен араңызда жанжал туындаса, осы үзінді сізге қандай көмегін тигізеді?» (Осы үзіндінің нақты нұсқауларын қолдана отырып, талқылаңыздар.)
- «Осы үзіндідегі қай аятты біз жаттауымыз керек?» (11-аят, «...татулыққа ұмтылып, соған лайым күш салсын».)

1Петір 3:11-ді жатту үшін қайталаңыздар.

### **В) Жанжалды шешудің жаман әдістері (7-10-сұрақтар)**

#### **Сұраңыз:**

«7, 8 және 9-сұрақтардағы суреттер адамдардың жанжалды шешу үшін қолданатын жаман тәсілдерін көрсетеді. Бұл не қылған тәсілдер және сіздің ойыңызша мұндай тәсілдер қандай теріс етеді?»

(7-сұрақ – «қарсыласу» – бұл екі жаққа да қиындық әкеледі, барлығының көңіл-күйі түседі, кек алуға әкеледі, сотқа ақша шашуға әкеледі, одан сайын ушығып, бұған көбірек адамдарды тартуы мүмкін және бұл сенбеушілерге жаман куәлік болады.

8-сұрақ – «бір-бірінен теріс айналу» – қатысушылар осы жерде жазғандарымен бөлісулері керек. Сырттай тыныштық орнаған сияқты көрінгенімен, бұл адамдардың жүрегіне бәрібір тыныштық

әкелмейді, қарым-қатынастары қиындай түседі, ал бұл Құдайдың осы адамдардың ішінде де, осы адамдар арқылы да жасайтын жұмысына кедергі келтіреді.

9-сұрақ – «тізе бүгуге мәжбүрлеу» – а), б) және в)-жауаптарында жанжалды шешудің үш түрлі теріс қадамдары айтылған.)

### **Г) Жанжалды шешудің неғұрлым тиімді тәсілдері (11-23-сұрақтар)**

#### **10-сұрақ**

Түсіндірмені оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Осы үш қадамды жатқа айта аласыздар ма?» (1. Өзіңіздің сезіміңіз жайлы Құдайға айту; 2. Ренжіскен адаммен сөйлесу; 3. Кешірім беру және кешірім сұрау)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы үш қадамды іс жүзінде біз қалай қолдана аламыз, осы туралы талқылайық».

#### **13-сұрақ (бірінші қадам)**

**13-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Ренжіскен адаммен сөйлесерден бұрын ең жақсысы өзіңнің сезімдерің жайлы Құдайға барып айту. Неге солай деп ойлайсыз?» (Өйткені Жаратушының көмегімен біз өзіміздің ашуымызға белгілі бір деңгейде ие болып алуымыз керек. Содан кейін біз жеткілікті түрде тынышталған кезде ғана сол адамға барып, онымен сөйлесе аламыз. Өйтпеген жағдайда біз ашу үстінде сөйлесуге баратын болсақ, бұл жағдайды тек қана ушықтыра түседі.)

#### **14-сұрақ (екінші қадам)**

Түсіндірмені оқып шығыңыздар (бірінші Әлидің, содан кейін Саматтың сөздері)

#### **Сұраңыз:**

«Олар мәселені сабырлы түрде талқылай алды ма?» (Иә)

«Олар бір-бірін мұқият тыңдады ма?» (Иә)

«Олар бір-бірінің сөзін бөлді ме?» (Жоқ)

«Олар өздерінің сезімдерін шынайы, бірақ сабырлы жеткізе алды ма?» (Иә)

«Олардың жанжалды шеше алуларына осы тәсілдердің барлығы не себепті көмектесті?» (Бірге талқылаңыздар. Менің ойымша осы тәсілдердің барлығы оларға мәселені екі жақты, тұтасымен қарап, түсінуге мүмкіндік берді.)

#### **17-сұрақ**

**17-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл жерге сіздер не жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Біз мәселені көптеген адамдармен талқылаған кезде, ол желге ұшқандай кеңінен тарайтын болады. Бұл ренішті одан сайын үдетіп, татуласуды қиындатып жібереді.)

«Татуластырушы ретінде үшінші бір адамды тартуға бола ма?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің ойымызша бұл жағдайға байланысты. Әдетте егер мәселені екі адамның арасында тікелей шешуге болатын болса, үшінші адамды бұған тартудың қажеті жоқ. Кей кездері егер адамдар өз беттерімен жанжалды шеше алмайтын болса, онда олардың екеуі де құрметтейтін бір адамды



тартуға болады. Жанжалдасқан екі адамның бірі екіншісін тізе бүгуге мәжбүрлеген кезде үшінші адам қажет болады (9-сұрақтағы сияқты)

## **20-сұрақ (үшінші қадам)**

Суретке қараныз

Түсіндірмені оқып шығыңыздар (бірінші Самат, содан кейін Әли)

**Сұраныз:**

«Бұл жерде кім кешірім сұрап тұр, Әли ме, әлде Самат па?» (Екеуі де)

«Олар не деді: «бұл жерде менің кінәм болған жоқ», «барлығына мен кінәлімін» немесе «мен өзімнің жасаған қылығым үшін кінәлімін, сол үшін кешірім сұраймын»? (Олардың әрқайсысы жанжалға қатысты өз кінәларын мойындап, сол үшін кешірім сұрады.)

## **22-сұрақ**

**22-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар**

**Сұраныз:**

«Құдай біздің барлық күнәларымызды кешіргендіктен бізге қарсы күнә жасаған адамдарды кешіруге біз дайын болуымыз керек пе?» (Иә!)

«Бізге қарсы күнә жасаған адамды кешіріп, сол жайлы ұмытқаннан кейін, біз ол туралы қайтадан еске алуымыз керек пе?» (Жоқ)

«Ал егер бұл адам бізге қарсы қайтадан күнә жасайтын болса ше?» (Иса Мәсіхтің елші Петірге бұйырғаны сияқты біз оны тағы да кешіруіміз керек)

«Қараңыздаршы, Самат пен Әли жанжалды шешіп, қуанышты болып тұр! Сіз адаммен татуласқаннан кейін қандай сезімде боласыз?» (Бірге талқылаңыздар. Жеке өміріңізде болған оқиғалардан мысалдар келтіріңіз)

## **23-сұрақ**

Мұғалімнің түсіндірмесін оқып шығыңыздар.

**Сұраныз:**

«Егер адам жанжалды шешкісі келмесе, өзіміздің тарапымыздан біз оны кешіруге тиіспіз бе?» (Бірге талқылаңыздар. Бұл өте қиын жағдай. Біз өз көз-қарасымызда, ол адамға бәрібір жүрегімізде кешірім беруіміз керек. Әйткенмен сол адам да бізге кешірім бермейінше шынайы татуласу мүмкін емес. Кей кездері біз жанжалдасқан адам қайтыс болса немесе көшіп кетсе, өкінішке орай, татуласу ешқашан да мүмкін болмайды. Сонда да біз өз жүрегімізде сол адамды кешіруіміз керек.)

## **Практикалық жаттығу**

Жанжалды шешудің осы үш қадамы бойынша рөлдік ойындармен жаттығу жасаңыздар:

Топты жұптарға бөліңіз (немесе егер сіз жалғыз адаммен ғана сабақ өтіп жүрсеңіз, онда сіз онымен жұп боласыз)

*Бірінші көрініс:* әрбір жұп мынаны көрсетулері керек: А адам ертеректе Б адамға қарыз берді, ал ол адам қарызды уақытында қайтарған жоқ. Бұған қоса А адам үшінші бір адамға Б адамның үстінен шағым айтты. Олар бұл жанжалды қалай шеше алар еді?

*Екінші көріністегі* жұптар ерлі-зайыптылар. Кеше олар күйеуінің туысқандарын тамаққа шақырды. Бірақ әйелі тамақты кеш берді де, күйеуі оған қонақтардың алдында ашуланып сөйледі.

Әйелі өзін күйеуі оны ұятқа қалдырды деп, ал күйеуі өзін әйелі оны ұятқа қалдырды деп санайды. Олар бұл жайлы қалай сөйлесе алады және жанжалды қалай шешеді?  
Жұптар Әли мен Саматтың үлгісі бойынша жанжалды шешудің үш қадамын қолдана отырып, бір немесе екі рөлдік ойындарды көрсетулері керек. «Уақытқа байланысты рөлдік ойындардың біреуін немесе екеуін де өткізуге болады, әрқайсысына 3-5-минуттан уақыт беріңіз. Егер сіз топпен жұмыс істеп жатсаңыз, бәрі біткенде ең жақсы жұптың рөлдік ойынды бәрінің алдында көрсетуін өтініңіз.)

**Сұраңыз:**

«Осы рөлдік ойындардың арқасында сіз не нәрсе үйрендіңіз?» (Талқылаңыздар)

**Кездесудің соңында**

**Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

12-сабақтың практикалық тапсырмасын, сондай-ақ «Бір сәт аялдап, толғаныңыздар» деп аталатын 23-сұрақтағы бөлімді **оқып шығыңыздар**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Берілген осы тапсырманы осы аптада орындаңыздар»

«Тыныштықта отырып, осы сұрақтар жайлы толғаныңыздар»

«Егер сіз біреумен жанжалдасып жүрсеңіз, бұл жайлы өз жүрегіңізде Жаратушыға айтыңыз».

Үйде 13-сабақты **оқып зерттеңіздер.**

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыдан жанжалды шешудің осы үш қадамын қолдана білуіңізге көмектесуін сұраңыздар.

# 13-сабаққа арналған жетекшілік

## Куәлік

### 13-сабақтың мақсаты

**Әрбір қатысушы осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:**

- а. Иса жайлы басқа адамға айтуға ұмтылу
- б. Кімге және қашан айту керектігін білу
- в. Біз үшін Иса Мәсіхтің не істегенін түсіндіре білу
- г. 1Петір 3:18-ні жаттау

### Кездесудің басында

### Мінәжатпен бастаңыздар

### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен аптаның практикалық тапсырмасы бір адаммен болған жанжалды шешу болатын. Мұны істеуге мүмкіндігіңіз болды ма, әлде сіз қолайлы уақыт үшін әлі де сиынып жүрсіз бе? Қандай жағдай болды?» (Бірге талқылаңыздар)

#### Бүгінгі тақырып:

#### Сіздің сөзіңіз:

«Біз Исада жаңа өмірге ие болдық, өйткені бізге бұл туралы біреу айтты. Дәл осылайша біз де осы туралы басқаларға айта аламыз. Исаның барлық ізбасарларының міндеті – куәлік (шаһада) айту».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

13-сабаққа шолу жасауды бірге ашып, қатысушылардың сұрақтарға қалай жауап бергенін тексеріңіз:

1-сұрақ: а) қорықпандар; б) дайын; в) ілтипат, құрмет танытып;

2-сұрақ: а) жауап беруге; б) ілтипат, құрмет танытып;

3-сұрақ: «Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола құрбан болды» (1Петір 3:18.)

#### Мәдени кеңес: Куәлік (Шаһада)

Ірі діндердің бірінде негізінен сенім жайлы ілімді (шаһада) дауыстап айтуды куәлік деп санайды, өйткені бұл сол діннің өкілін айқындау үшін маңызды рөл атқарады. Ол жаңа туған сәбидің құлағына сыбырлап айтылады және күнделікті дұғаға шақырған кезде көп рет қайталанады.

Мәсіхке сенушілер үшін Иса Мәсіхтің өлімнен қайта тірілгендігі және Оның шынымен де Иеміз екендігі (Рим 10:9) ең басты куәлік болып табылады. Бұл куәлік Исаның ізбасарын айқындауда маңызды рөл атқарады, сондықтан шаһада сөзін қолдану Исаның қайта тірілуі мен Иеміз екендігі жайлы куәлік келтіру үшін пайдалы болады. Әйткенмен бұл сөзді (*shahada*) қолдану қатысушыларға ұнамауы мүмкін, сондықтан олардың қалауларына сезімтал болыңыз.

Инжілде *kuәlik* дейтін грек сөзі «азапты өлім» деген мағынаны да білдіреді, осындай байланыс араб тілінде де бар. Куәлік (шаһада) айтушы куәгер (шаһид) азапты өлімді қабылдауы мүмкін.

Бұл Исаға сенуші көптеген адамдар үшін тура мағынасындағы шындық болып табылады, бұл бүгінгі сабақтағы сенімі үшін өлген Мехди Дибаждың өміріне ұқсайды. Көптеген ирандық сенушілер Мехди Дибаждың, сондай-ақ Иса үшін азап шеккен басқа да ирандық сенушілерден жігер алады. Осы байланыстар 13-сабақта келтіріледі, сондықтан қатысушылар бұған жеткілікті түрде мән-мағына бере алады.

Мәсіхке сенушілер үшін Иса жайлы кімге, қашан және қалай айту керектігін түсіну көбінде қиын. Олар куәлік айтуға қатысты қорқып та, Иса жайлы куәлік келтірмегендіктері үшін өздерін кінәлі сезініп те жүрген шығар. Қатысушылар осы салада өздерінің бастарынан кешіріп жатқандарын, сондай-ақ өздерінің отбасыларының мүшелерінің Исаға келгенін қалайтындарын қатты толқып отырып айтулары мүмкін. Оларға сезімдерін шығаруға мүмкіндік беріңіз.

### **А) Мәсіх туралы куәлік ету (1-сұрақ)**

1Петір 3:14-18-ді оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«1Петір 3:14-15-тен біз куәлік етудің қандай үш түрлі маңызды қағидасын үйрендік?»

(Барлығы бірінші сұрақта жазылған

1. «не қорықпаңдар, не қысылмаңдар!»
2. «жауап беруге әрдайым даяр болыңдар»
3. «ілтисат, құрмет танытып сөйлендер»)

### **Б) Не қорықпаңдар, не қысылмаңдар (2-7-сұрақтар)**

#### **Мәдени кеңес: Батылдық па, әлде сақтық па?**

Мәсіх жайлы басқаларға айтудан қатты қорқатындықтан, Исаның ізбасарларының куәлігі мен рухани өсулері біртіндеп нашарлап кетеді. Ал кейбіреулер керісінше өте батыл әрі тез айтулары мүмкін, бірақ егер қажетсіз жанжалды уақытылы тоқтата алмаса, бұның да зиянды жағы бар. Сондықтан көптеген тәжірибелі шәкірттер Исаның ізбасарлары өздерінің жаңа сенімдерін ұзақ уақыт жасырын ұстамай, басқаларға түсіндіре алу үшін адамдардың жүрегін дайындағандары дұрыс деп санайды. Мәсіхтің ізбасарларының өз сенімдері жайлы айтуы әр түрлі жағдайларға байланысты, соның ішінде отбасымен қарым-қатынасы да және өзі тұрып жатқан елде қаншалықты бостандық бар екендігіне байланысты.

Сондай-ақ «күпия» мен «ашықтық» арасында да орташа ұстаным бар екендігін ескеріңіздер. Көптеген сенушілер сенімдері жайлы өздері сенім артатын адамға ашық айта алады, ал басқалардан күпия сақтайды. Дегенмен кей кездері сенушілердің туыскандары олардың сенімдері жайлы күтпеген жерден біліп қояды, сол кезде де жауап беруге де дайын болу керек.

Куәлік келтірудің барлық тақырыптары айрықша маңызды. 13-сабақта бұл сұрақтар үйлесімді түрде берілген, ал бірақ оларды қалай қолдану керек екендігі шәкірттердің өздеріне байланысты. Сондықтан да жекелеген сенушілерге кеңес беру үшін көп ақыл даналық пен көп мінәжат ету керек.

### **5-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Сіздің Исаның ізбасары екендігіңізді үй ішіңізде білмейтін адам бар ма?»

(Жекелеген жауаптарды талқылаңыздар)

«Әдетте сіз қалай сиынасыз – мына суреттегі ер адам сияқты ма, әлде әйел адам сияқты ма?» (Өз жауаптары)

## **6-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

**Сұраңыз:**

- «Бұл сұраққа сіздер қалай жауап бердіңіздер?» (Шәкірттер «Жүсіп» деп жазды деп үміттенеміз.)
- «Туысқандарыңыз сіздің Исаның ізбасарына айналғандығыңызды білген кезде сынаққа душар болдыңыз ба? Егер солай болса, қандай жағдай болды және одан қалай өтіп шықтыңыз?» (Сынақ кезеңін бастарынан өткізбеген шәкірттер олардан өткен адамдардың тәжірибесінен үйрене алады)
- «Егер сіз бұған әлі тап болмасаңыз, сеніміңіз жайлы басқаларға айтуды өзіңіз шешесіз бе әлде бұл сіздің еркіңізден тыс бола ма?» (Уақыт кейде біздің еркімізге бағынады, кейде бағынбайды, сондықтан егер бұл күтпеген жерден орын алатын болса, біз сол жағдайға дайын болғанымыз дұрыс.)

**Сіздің сөзіңіз:**

- «Егер бұл сіздің мазаңызды алса, маған келіңіз, біз бұл жайлы көбірек сөйлесіп, мінәжат ететін боламыз».

## **В) Жауап беруге әрдайым даяр болыңдар (8-13-сұрақтар)**

### **8-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

**Сұраңыз:**

- «А-сұрағына кім жауап берді? Сіздер не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Әр түрлі жауаптар болуы мүмкін. Мысалы, біз Жаратушы әйелмен қарым-қатынаста болды дегенді қабылдамаймыз, өйткені бұл сөздер ойға қонымсыз сұмдық! Бұл жерде Құдайдың Ұлы Әкесінің билігі мен мінезін көрсетеді дегенді білдіреді. Кейбір тілдерде біз «Ұл» деген сөзді тікелей мағынасында емес, метафора ретінде қолданамыз, мысалы, араб тілінде «Жолдың ұлы» деген сөз саяхатшыны білдіреді, ал парсы тілінде «Кабулдың Ұлы» деген сөз Кабулдан шыққан адам дегенді білдіреді)
- «Б-сұрағына кім жауап берді? Сіз не деп жаздыңыз?» (Бірге талқылаңыздар. Мысалы, біз былай деп айта аламыз: «мен ата-бабамды сатқан жоқпын, мен ата-бабамды, әулетімді, өзімнің үй ішімді жақсы көремін. Мен Иса Мәсіхтің соңынан еруді ұйғардым, ал Иса Мәсіх батыстық адам емес, Ол шығыстан шыққан адам болатын. Алғашқы мыңжылдықта Исаның соңынан ерген адамдардың көпшілігі батыстың адамдары емес еді, бұл қазір де солай болып жатыр!»)
- «В-жауабын қайсыңыз таңдап алдыңыздар? Сіз не деп жаздыңыз?» (Бірге талқылаңыздар. Мәсіхке сенушілер Киелі Кітапты бұрмалады деген сөз жалған. Бұған әлем мұражайларында Киелі Кітаптың мындаған көне қолжазбалары бар екендігі дәлел бола алады. Оларды салыстыра отырып, біз бүгін де алғашқы мәтінді оқып жүргендігімізге нық сенімді бола аламыз)

## 10-сұрақ

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

Олардың әрқайсысы бұны жаттап алғанынша аятты қайталаңыздар.

## 13-сұрақ

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

Сұраңыз:

- «Сіз айтып отырған нәрсеге адам бірден сенуі мүмкін бе?» (Бірден сенбейді. Бірақ бұған мазасызданбаңыз, бұл қалыпты жағдай. Олар бұл туралы кейінірек толғанатын болады. Бәлкім, олар бұл жөнінде басқа біреуден естуі, я болмаса Інжілді оқи бастаулары мүмкін. Немесе Құдай оларға түстерінде де сөйлеуі мүмкін. Сіздің міндетіңіз тұқым себу, ал тұқымды Құдайдың Өзі күтіп баптайтын болады.)

Сіздің сөзіңіз:

- «Енді өзіңіз жаттаған 1Петір 3:18-ді қолдана отырып, берілген сұраққа жауап беруге тырысып көрейік. Оқулықтарыңыздың соңғы бетіндегі 2-қосымшаны ашыңыздар».

## 2-қосымша

**Жаратушы Иеге қалай жетуге болады?**

2-қосымшадағы алғашқы екі азат жолды оқып шығыңыздар

Сіздің сөзіңіз:

«Қазір біз Жаратушыға қалай жету керек екендігін түсіндіретін осы диаграмманы қолдануды үйренеміз. Алдымен бұл диаграмманы мен сіздерге қолданамын, содан кейін сіздер бір-бірлеріңізге қолданып үйренесіздер».

1Петір 3:18-ге негізделген төрт негізгі ақиқатты түсіндіріңіз

Егер қаласаңыз, бұны өз сөзіңізбен түсіндіре аласыз. Дегенмен осында келтірілген сөздерді қолдансаңыз да болады, себебі ол қысқаша берілген, әрі бұл осы диаграмманы қолдана алулары үшін шәкірттерге үлгі болады.

Иса Мәсіх осы күнә шыңырауының үстінен салынған жолға қалайша айналғанын түсіндіру үшін диаграмманы қолданыңыз.

Мүмкіндігінше үш минуттың ішінде түсіндіріп шығыңыз. Сіздің мақсатыңыз – шәкірттер естеріне оңай сақтап, өз беттерінше қайталай алатын қарапайым үлгі беру.

**Мәдени кеңес: «Көпір» диаграммасы**

2-қосымшадағы диаграмма бәріне белгілі «көпір диаграммасына» ұқсайды. Дегенмен мұнда:

Жаратушының бейнесі жоқ;

Құдай біздің деңгейімізде емес, біздің үстімізден көрсетілген;

Бұл жерде Көпір туралы емес, Тура Жол туралы айтып тұр.

Сөйтсе де суретті әдетте қолданылатын Көпір диаграммасы сияқты көлденеңінен пайдалануға болады және түсіндірмені жұмаққа жіңішке көпір арқылы өтуіміз керек дейтін ұғым бойынша құру керек. Исаға сенбейтін көптеген адамдар «бұл көпір адамның бір тал шашынан жіңішке» деп үйренген және олар жұмаққа жете алмай, көпірден құлап қалуымыз мүмкін деп мазасызданады.

Біз осы көпірден бізді алып өтетін жалғыз Иса Мәсіх екенін түсіндіре аламыз. Ниагара сарқырамасының үстіне тартылған арқанның бойымен Блондин есімді адамның жүріп өткені туралы оқиға бар. Содан кейін ол арқасына біреуді отырғызып, тағы да келесі бетке өтпекші болды. Көп адам бас тартты, бірақ бір адам сеніп, оның арқасына отырды, сонда Блондиноны

келесі бетке алып өте алды. Иса Мәсіх бізді жұмаққа қауіпсіз алып өтеді, бірақ ол үшін біз Оған сенім артуымыз керек.

«Жаратушы Иеге қалай жетуге болады?» дейтін түсіндірмені досыңызға айтып отырғандай жаттығыңыздар:

- Топты жұпқа бөліп отырғызыңыз (егер сіз жалғыз шәкіртпен ғана жұмыс істеп жатсаңыз, онда сіз онымен жұп боласыз.)
- Жұптың бір сыңары достың рөлін ойнау керек. Келесі адам Жаратушыға қалай жетуге болатынын досына диаграммамен 1Петір 3:18-ді қолданып, үш минуттың ішінде түсіндіріп шығуы керек.
- Үш минут өткеннен кейін рөлдеріңізді ауыстырыңыздар.

### **Сұраңыз:**

«Бұл тапсырма қиын болды ма? Егер барлығын да бірден есте сақтап ала алмасаңыз, ол үшін уайымдамаңыз. Шынайы өмірде сіз өз сөзіңізбен түсіндіретіндіктен ұзағырақ айтатын боласыз, ал бұл жерде қаласаңыз, қолдануға болатын үлгі ғана берілген».

«Есіңізде болсын, бұны сіздің сеніміңіз жайлы тыңдауға дайын адам үшін ғана қолдануға болады. Ал егер адам дайын болмаса, онда сиыныңыз да, күтіңіз».

### **Сіздіңсөзіңіз:**

«Енді 13-сабақ, 16-сұраққа қайтып ораламыз».

## **Г) Ілттипат, құрмет танытып (14-18-сұрақтар)**

### **16-17-сұрақтар**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Біздің жақсы куәлік (шаһада) жайлы бірінші қағидамыз – «не қорықпандар, не қысылмандар». Екіншісі – «жауап беруге әрдайым даяр болыңдар». Енді біз «ілттипат, құрмет танытып» дейтін үшінші қағидаға келдік».

### **16-17-сұрақтарды тұтас оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«17-сұрақ бойынша осындай қиын жағдайларда сіз не істер едіңіз?» (Бірге талқылаңыздар. Көп нәрсе жағдай мен оның салдарына тікелей байланысты. Алғашқы екі жағдай уақыт өте келе өзгеруі мүмкін, ал үшінші жағдай әлдеқайда күрделірек, себебі оның салдары болғандықтан өзгерту мүмкін болмайды.)

«Иса Мәсіхтің аты үшін өз туыстарыңыздың талабынан бас тартуға тура келген жерде сіз мұны ілттипат пен құрмет танытып қалай істей аласыз?» (Талқылаңыздар. Келесі сөйлемдер пайдалы болуы мүмкін:

- Ешқашан ашуға берілмей, сыйластықпен сөйлеңіздер;
- Жанұяңызға іс жүзінде қолдап, өзіңіздің махаббатыңызды іс жүзінде көрсетіңіз;
- Оларды ұялтатын ешнәрсе істеменіз;
- Өз пікіріңізді айтудың қолайлы сәтін қарастырыңыз.)

## **Д) Өмір суы (19-20-сұрақтар)**

### **20-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

### **Сұраңыз:**

«Егер қабылдауға дайын болмаса, Иса Мәсіх жайлы өзіңіздің отбасыңызға бірден айту– бірінші қателік. Келесі қателік ол – ұзақ уақыт үнсіз жүру. Осы екеуінің арасындағы тепе-теңдікті қалай табуға болады?» (Талқылаңыздар. Бұл Исаға келген адамдардың көпшілігі үшін үлкен мәселе, бірақ олар бір-біріне кеңес берумен көмектесе алады. Тәжірибелі сенушілер былай деп кеңес береді:

- Сіздің отбасыңыз өміріңіздегі оң өзгерістерді көруі керек;
- Өз отбасыңыздың діни сенімін қатты сынға алмаңыз;
- Киелі Кітаптан пайдалы кеңестер тауып жүргеніңізді меңзеп айтыңыз, бірақ Мәсіхтің ізбасары болғаныңызды тікелей айтпаңыз;
- Исаға шынайы сенуші болу дегеннің не екенін олардың түсінуіне көмектесіңіз және оларды Исаның шынайы ізбасарларымен таныстырыңыз;
- Қолайлы уақыт туғанда өз отбасыңызды Киелі Кітап жайлы көбірек айтылатын немесе өзгерген жүректер жайлы куәліктер келтірілетін кітаптармен, дискілермен немесе вебсайттармен таныстырыңыз;
- Жаратушы олардың жүректерін дайындасын деп көп сиыныңыз;
- Ең алдымен сізді тыңдауға ықылас білдірген туыстарыңыздың біріне айтыңыз;
- Сіз өзіңіздің Исаның шәкірті екеніңізді айтпай тұрып-ақ жанұяңыз бұл туралы біліп алуы мүмкін екенін түсініңіз, бірақ Жаратушы жағдайды қадағалап отырады және Ол оны игілікке айналдырады;
- Егер сіздің жанұяңыз тікелей сізден «сен Исаның шәкіртісің бе?» деп сұрайтын болса, мұны жоққа шығармаңыз.)

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

### **13-сабақтың практикалық тапсырмасын оқып шығыңыздар**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл осы аптаға берілген сіздің практикалық тапсырмаңыз. Естеріңізде болсын: «қорықпаңдар, не қысылмаңдар», «әрдайым жауап беруге даяр болыңдар» және «ілтисат, құрмет танытып сөйлеңдер».

«Үйде 14-сабақты зерттеп оқыңыздар».

#### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыдан сізге Иса Мәсіх жайлы кімге айта алатыныңызды көрсетуін және әсіресе өз отбасыңыз үшін жақсы куәлік бола алуыңызға көмектесуін сұраңыздар.



## 14-сабаққа арналған жетекшілік

### Суға шомылдыру рәсімі

#### 14-сабақтың мақсаттары

**Әрбір қатысушы** осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:

- а. Суға шомылдыру рәсімі қандай үш ақиқатты білдіретінін түсіну;
- б. Өзінің шомылдыру рәсімінен өткенін ризашылықпен еске алуға немесе суға шомылдыру рәсімінен өтуді жоспарлап, соны асыға күту;
- в. Матай 28:19-жаттау.

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы:

#### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен сабақтың практикалық тапсырмасы Иса Мәсіх жайлы бір адамға айтудың мүмкіндігін табу болатын. Сіздерде мұндай мүмкіндік болды ма? Осы туралы айтып берсеңіздер». (Бірге талқылаңыздар. Бұл туралы мүмкіндігі болмаған адамнан «бұл туралы сиынып жүрсіз бе» деп сұраңыз.)

#### Бүгінгі тақырып

#### Сіздің сөзіңіз:

«Сіз суға шомылдыру рәсіміне қатысты ойланып қалған Хамидаға ұқсайсыз ба? Біз бүгін сіздің сұрақтарыңызға жауап беруге тырысамыз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

14-сабаққа шолуды бірге ашыңыздар. Оқушылардың қалай жауап бергенін тексеріңіз:

1-сұрақ: «Сондықтан барлық халықтарға барындар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атынан шомылдыру рәсімінен өткізіндер» (Матай 28:19.)

2-сұрақ: а) жаңа тұлға; б) күнәларым тазарды; в) қауымына

3-сұрақ: өте маңызды.

#### Мәдени кеңес: Суға шомылдыру рәсімі

Суға шомылдыру рәсімі өте маңызды қадам. Ол – адамның Иса Мәсіхке және Оның қауымына тиесілі екендігінің белгісі. Дегенмен, сенбеуші жанұялар мен қоғамда бұл қадамды сатқындық ретінде қабылдайтындар бар. Олардың ойынша, суға шомылдыру рәсімінен өткен адам өзінің отбасынан бас тартып, оларды үлкен масқараға ұшыратады. Осыған бола оның отбасы мен айналасындағы адамдар қатты ашуға беріледі, ал кейбір елдерде сенушілерді осы үшін өлтіруі де мүмкін. Басқа елдерде қауіп мұндай үлкен емес, соған қарамастан үлкен жаралар мен реніштер туғыза алады. Бұны түсіну өте маңызды, сондықтан да адам өз отбасының оған бола қатты намыстанып, масқараға ұшырағандай сезінулерін барынша болдырмауға тырысқаны жөн.

Осылай жас сенушілерді суға шомылдыру рәсімінен өткізуге дайындай отырып, олардың рухани жақтарын ғана емес, әлеуметтік салдарын да ескеріңіз. Олармен бірге мыналарды талқылаңыз:

- Олардың суға шомылу рәсімінен қай кезде өткендері дұрыс? (Әдетте мұны Жаратушы Өзінің Рухымен көрсетеді, сондықтан оқиғаны асықтырудың қажеті жоқ, бірақ уақыты келген кезде оны ұстап та тұрмаңыз)

- Суға шомылу рәсімі кезінде кімдердің болғаны дұрыс? (Өзі сенім артатын бірнеше жақын достарын шақыруға болады; сенушілерден кімдерді шақыруға болады немесе сенбеуші туысқандарынан кімдерді шақыруға болатыны туралы ойлаңыздар. Бұлардың барлығы жағдайға байланысты болатындықтан, бұл сұрақтарды сенушілермен талқылаңыздар.)

- Сенуші өзінің осы ниеті жайлы сенбеуші отбасына алдын ала айта ала ма? (Бұл отбасындағы жағдайға байланысты)

- Суға шомылу рәсімі суретке түсіріле ме және осы суреттердің таралуы қадағалана ма? (Қазіргі цифрлық фотосуреттер мен әлеуметтік желілер заманында бұл сұрақтар өте маңызды! Суға шомылу рәсімінің фотосуретін әлеуметтік желіге қою – сенуші үшін өте қауіпті болуы да және оның отбасын масқараға ұшырағандай сезім тудыруы да мүмкін. Мұнда ерекше бір сәт бар – сенушіні суға батырып жатқан кез, әсіресе егер ер адам әйел адамды осы рәсімінен өткізіп жататын болса. Бұл кезде фотоға түсіру қажет емес. Алайда суға шомылу рәсімінен өткеннен кейін сенушінің достарымен фотоға түсуі онша дөрекі емес.

- Судан шыққан кезде сыпайылық сақтап, өздерінің денелерін жабу үшін не істемек екендіктерін сенуші әйелдермен және бойжеткендермен бірге талқылаңыздар (Суға батып шыққаннан кейін жұқа киім денеге жабысып қалады. Сондықтан қалыңырақ киім киіп, судан шыққан кезде бірден оранып алатын сүлгі болғаны дұрыс.)

- Суға шомылу рәсімінен өткені жайлы куәлік беруге бола ма? (Кейбір елдерде бұл мәселе тудырмайды, ал енді бір елдерде суға шомылу рәсімінен өткізген адам үшін де, өткен адам үшін де мәселе болуы мүмкін. Бірақ кей кезде рәсімнен өтудің дәлелі қажет болатын кездер бар. Осы жайлы талқылаңыздар.)

## **А) Мен неге суға шомылдыру рәсімінен өтуім керек? (2-3-сұрақтар**

### **2-сұрақ**

2-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

### **Сұраңыз:**

«Бұл рәсімнен өтудің негізгі себебі қандай? Суға шомылдыру рәсімі нені білдіреді?»

(Мұны бізге Иеміз Иса Мәсіх бұйырды)

«Бұл бұйрықты Мәсіх қандай жағдайда бергенін білесіз бе?» (Бұл Оның аспанға көтеріліп кетерінен бұрын, Ол қайта тірілгеннен кейін болды. Осы сөздерді айта отырып, Иса Өзінің жақын ізбасарларына Өзі бастаған жұмысты жалғастыруларын бұйырды. Содан бастап бүгінге дейін Исаның ізбасарлары шәкірттер жинап, суға шомылдыру рәсімін өткізіп келе жатыр)

Еске сақтауға арналған Матай 28:19-ды жаттап алыңыздар

## **Б) Суға шомылу рәсімі нені білдіреді? (4-14-сұрақтар)**

### **4-сұрақ (Мәсіхтегі жаңа тұлға)**

Бірінші азат жолды оқып шығыңыздар.

### **Сұраңыз:**

«Сіздің ескі және жаңа болмысыңызға қатысты суға шомылдыру рәсімі нені білдіретінін өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз» (Біздің ескі болмысымыз өліп, жаңа болмыстағы жаңа өмірге ие боламыз.)

7-сұрақ (күнәлар тазарды)

### **Мәдени кеңес: Рәсімдік тұрғыдағы жуыну (Дәрет алу)**

Ірі діннің бірінде вуду жасау, яғни басты, қолды және аяқты жуу міндетті болып саналады. Ал денені толығымен жуу бұл – гусль деп аталады, бірақ ол сирек қолданылады, оны үлкен арамданудан тазару үшін қолдану керек деп есептеледі. Және осы діннің өкілдері бұл дінді қабылдаған кезде өздерінің бүкіл ескі күнәлары түгел жуылды деп есептеулері мүмкін, соның белгісі ретінде көпшілігі тұтас жуынуды (дәрет алуды), яғни гусльді орындайды. Ал Иса Мәсіхке келген адамдар суға шомылдыру рәсіміне күнәдан тазару ретінде емес, жаңа өмірге ие болу белгісі ретінде назар аударады.

Бақтиярдың оқиғасын **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Сіз де судан шыққан кезіңізде өзіңізді Бақтияр сияқты сезіндіңіз бе? Сол сәтте сізде қандай сезімдер болды?» (Талқылаңыздар.)

### **10-сұрақ**

Сұрақтың бірінші азат жолын **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Біздің күнәларымызды жуып әкететіндей судың кереметтей күші бар ма?» (Жоқ)

«Ал шын мәнінде бізді күнәларымыздан не тазарта алады?» (Исаның құрбандығы, бұл туралы 1Жохан 1:7-де жазылған. Су біздің денеміздегі кірді ғана жуып тазартады, алайда ол Мәсіх біздің жүрегімізді күнәлардан тазартқанының айқын белгісі.)

### **12-сұрақ (Исаның қауымына қосылу)**

12-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

### **Сұраңыз:**

«Егер сізге біреу: «Мен суға шомылдыру рәсімінен өзім үшін өтемін, өйткені бұл менімен Жаратушының арасында ғана болатын нәрсе, сондықтан да маған сенушілердің қауымына қосылудың қажеті жоқ» дейтін болса, сіз оған не дер едіңіз?» (12-сұраққа сәйкес суға шомылдыру рәсімі біздің Мәсіхтің қауымына толығымен біріккендігімізді білдіреді. Яғни бұл жерде сенушілердің дәстүрлі қауым жиындары, жанұялық үй қауымдары немесе жай ғана сенушілердің жиналатын тобы болуы мүмкін. Қалай болған күнде де біз сенушілердің денесіне қосылуымыз керек. Біз оларға, олар бізге тиесілі. Ал барлығымыз бірге біз Құдайдың таңдаулы халқымыз)

### **В) Құтқарылуым үшін суға шомылдыру рәсімінен өту қажет пе? (15-17-сұрақтар)**

#### **(16-сұрақ)**

### **Сұраңыз:**

«Айталық, сіз суға шомылу рәсімінен өтіп жатырсыз және бүкіл топтың алдында куәлік айтып тұрсыз. Бес минуттың ішінде сіз не туралы айтар едіңіз? 16-сұрақты дайындаған кездегі жазғандарыңызды қолданыңыз». (Бір немесе бірнеше адам өздерінің куәліктерін айтулары керек. Әдетте сенімге жаңа келгендерден куәлік айту жиі сұралатынына назар аударыңыз. Бұл олар үшін «рәсімнен өтумен» бірдей. Дегенмен кей кездері олардан мұны жиі сұрайтындықтан, олар адамдар алдына шығудан тартынады. Сондықтан топ алдында олардан өздерінің куәліктерін айтуларын сұраған кезде, осыны ескеріңіз.)

**Г) Суға шомылу рәсімінен мен қай кезде өтуім керек?  
(18-22-сұрақтар)**

**21-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

**Сұраңыз:**

«Бұл жерге сіздер не деп жаздыңыздар? (Бірге талқылаңыздар. Мынадай ойларды ұсынамыз:  
- Жариялап айтудың қажеті жоқ, оның орнына өзіңіз сенім артатын адамдарды жеке шақырыңыз;  
- Бұл рәсімді ешкім көрмейтін, оңаша жерде өткізіңіздер;  
- Бір ғана фотоаппаратты қолданыңыздар және фотосуреттерді кімнің алатынын рәсімнен өтіп жатқан адамның шешуіне мүмкіндік беріңіз;  
- Суда өтіп жатқан рәсімді суретке түсіруге мүмкіндік бермеңіз (Фотоға рәсім біткеннен кейін, достармен бірге түсуге болады);  
- Егер суға шомылу рәсімінен өткені туралы куәлік берілетін болса, оны қауіпсіз жерде ұстаңыз;  
- Сондай-ақ суға шомылу рәсімі жайлы осы сабақтың басында берілген Мәдени кеңесті оқыңыздар.)»

**22а-сұрақ**

Бірінші азат жолды оқып шығыңыздар.

**Сұраңыз:**

«Бұл жерге сіздер не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Бұның барлығы жағдайға байланысты болғандықтан, «дұрыс» жауаптар жоқ. Суға шомылдыру рәсімінен жұбайларымен бірге өтуді күтәп жүрген адамдар көп жағдайда бұл шешімдеріне қуанады. Бірақ егер жұбайы Исаға көп жылдардан кейін келетін болса, онда сенуші суға шомылдыру рәсімінен өзі ғана өту керектігін сезінуі мүмкін.)»

**Ескерту:**

Қатысушылардың оқулықтарын тексеріп, олардың 21-22-сұрақтарға жауап жазғандарына көз жеткізіп алыңыз. Егер олар өз жауаптарын жазып жүретін болса, бұл олардың сұрақтар жайлы байыпты түрде ойлана алуларына және талқылағауға белсенді қатыса алуларына көмектесетін болады.

**22б-сұрақ**

Мұғалімнің түсіндірмесін оқып шығыңыздар.

**Сіздің сөзіңіз:**

«Суға шомылдыру рәсімінен өту үшін тәуекелге бел байлау керек болса да, бізге үнемі қорқа берудің қажеті жоқ. Бұл біз үшін тойлайтын уақыт!»

**Кездесудің соңында**

**Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

14-сабақтың практикалық тапсырмасын оқып шығыңыздар.

**Сұраңыз:**

«Егер сіз әлі суға шомылдыру рәсімінен өтпеген болсаңыз, осы практикалық тапсырманы орындаңыз. Ал егер бұл рәсімнен өткен болсаңыз, біздің топта осы қадам жайлы ойланып жүрген

бір адаммен осы аптада кездесуіңізге болады. Оған кеңес беріңіз және онымен бірге мінәжат етіңіз. Үйде 15-Сабақты зерттеңіздер».

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Суға шомылдыру рәсімінің үш түрлі мағынасы үшін Жаратушыға алғыс айтыңыздар және осы рәсімнен өту туралы ойлап жүрген топтағы адам үшін сиыныңыздар.

# 15-сабаққа арналған жетекшілік

## Тура Жол

### 15-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы *осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:*

- а. Өз өмірін өзіне емес, Жаратушыға арнау;
- б. Өз бетімізбен «тура жолмен» жүре алмайтынымызды мойындау;
- в. Мәсіхтің құлы болуы нәліктен шынайы бостандық әкелетінін түсіну;
- г. 1Қор 6:19-20-ны жаттау.

### Кездесудің басында

### Мінәжатпен бастаңыздар

### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен аптаның практикалық тапсырмасы суға шомылдыру рәсіміне қатысты кеңес алу немесе біреуге кеңес беру болатын. Бұл тапсырманы орындай алдыңыздар ма? Қандай шешім қабылдадыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Егер қатысушылардың бірі жуық арада суға шомылдыру рәсімінен өтуді қаласа, сабақтың соңында онымен рәсімге дайындалумен кімнің айналысатыны жөнінде сөйлесіңіздер.)

### Бүгінгі тақырып

#### Сіздің сөзіңіз:

«Басқа діндерге қарағанда Мәсіхтің ілімінде ережелер азырақ, сондықтан да Исаның шәкірттерінде заң жоқ сияқты көрінеді, солай емес пе? Соған қарамастан біз Жаратушының тура жолымен жүруге тырысамыз. Бірақ бұл шарифат бойынша жүруге ұқсамайды. Бұл жайлы біз келесі үш сабақ бойында сөйлесетін боламыз».

### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

Сабаққа шолу жасаудың сұрақтарына қатысушылар дұрыс жауап берді ме, соны тексеріңіз. Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: а) Мұсаның заңы; б) Мәсіхтің заңы

2-сұрақ: Киелі

3-сұрақ: а), б) және в) Мәсіхтің заңына (шарифат) тиым салады, қатысушылар г) және д)-сұрақтарына не жазғанын біліңіз (олар бұл жолдарды бос қалдырып кетпеді деп үміттенеміз!)

4-сұрақ: «Енді өз меншіктерің емессіңдер, Иеміз сендерді үлкен күн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті» (1Қор 6:19-20)

### Мәдени кеңес: Шарифат, заңды ұстану

15-17-сабақтар Исаға келген адамдар үшін өте маңызды тақырыптарды қозғайды. Мұның себебі басқа діндерде заң өте маңызды екендігіне байланысты. Тіпті арабтың «шарифат» деген сөзі де жай ғана тар мағынасында қолданылмайды, бұл сөз өмір сүру салты туралы айтып тұр. Ол адамға оның қалай тамақ жеуі, қонақты қалай күтуі, саудамен айналысуы және сатып алуы, малды союы, тазаруы, ұйықтауы, түзге баруы, мемлекетті басқаруы, сот үкімін шығаруы және қалай сиынуы керек екендігін де түсіндіреді. Және осы діннің өкілдері шарифат адамдардың тек жеке өмірін ғана

емес, бүкіл қоғамды да, мәдениетті де қалыптастырғандарын қалайды. Олар осылай мойынсұнғандықтары үшін осы жер бетіндегі өмірлерінде Жаратушы жарылқау береді, ал келесі өмірде сый береді деп санайды.

Осы сияқты діни қоғамдастықтан шығып кеткен адамдар осындай егжей-тегжейлі мінез-құлық ережелерінен бостандық алғандарына қуана алады, бірақ олардың орнына жауабы жоқ көптеген сұрақтар пайда болады. Исаның ізбасарының өмірінде заң қандай орын алады? Егер заң жоқ болса, біз ойымызға келген нәрсені істей бере аламыз ба? Ал егер заң бар болса, оның мән-мағынасы неде? Біз осы «сүйіспеншілік заңына» не себепті бағынуымыз керек, сый-тарту алу үшін бе, әлде алғыс білдіру үшін бе? Оразаның уақыты мен садақа берудің мөлшері туралы нақты сұрақтарға қалай жауап беру керек? Иса Мәсіхке Иеміз ретінде мойынсұну үшін қандай қағидаларды басшылыққа алған дұрыс? Өйткені басқа діндермен салыстырғанда бұл жерде жеткілікті түрде егжей-тегжейлі нұсқаулар берілмеген.

Көне Киелі Келісім кезеңіндегі Жаратушы берген Заңының мақсаты, парызышылдардың оларды асыра сілтеп қолданғандары, сондай-ақ Иса уағыздаған жаңа сүйіспеншілік заңы – бұлардың барлығы да Исаның ізбасарлары үшін өте көкейкесті сұрақтар.

Исаға жаңадан сенген кейбір адамдар үшін біздің Исада *шаригаттың* жаңа түрімен өмір сүретінімізді қабылдау жеңілрек болады. Ал басқалар үшін бұл сөз олардың өткен өмірлеріндегі тәжірибелеріне байланысты жағымсыз сезім тудыруы мүмкін. Сөйтсе де олар біздің енді жаңа Иеміз бар екені мен Оған қызмет ететіндігімізді, сондықтан ойымызға не келсе, соны істей бере алмайтындығымыз туралы қағиданы түсінулері қажет болады.

#### **А) Адамдар не себепті тура жолмен жүре алмайды?**

##### **Мәдени кеңес: Тура Жол**

Бір діннің өкілдері күнделікті былай деп сиынады: «Бізді тура жолмен жетелей гөр». Оларға Жаратушының тура жолын уағыздау үшін мыңдаған пайғамбарлар келді деп үйретеді және сол пайғамбарлардың көпшілігінің есімі Киелі Кітапта айтылған: Адам ата, Нұх, Ыбырайым, Мұса, Дәуіт, Иса және т.б.

Олар осы пайғамбарлардың барлығы да адамдарға Жаратушының «тура жолын...» көрсету үшін келгеніне және адамдар олардың айтқандарын орындау арқылы сауап жинап жарылқауға қол жеткізе алады деп сенеді. Сөйтсе де, тура жолдың қандай екенін біліп, оны орындауды қаласақ та, біз мұны өздігімізден істей аламыз ба? Егер істей алмасақ, онда себебі неде? Бұның теологиялық бастамасы 15-сабақта түсіндірілген.

##### **Кіріспе**

Мас адамның суретіне **қараңыздар**

##### **Сұраңыз:**

«Бұл адам не себепті түзу сызықтың бойымен жүре алмайды?» (Ол өзі ішкен ішімдіктің құрсауында келе жатыр. Ол тіпті түзу жүргісі келген күннің өзінде де олай істей алмайды.)

«Бұл мысалдың рухани мағынасы неде?» (Бірге талқылаңыздар. Адамдар тура «жолмен жүре» алмайды, себебі олар күнәнің құрсауында және оған тәуелді. Олар тіпті қаласа да түзу жүре алмайды.)

«Басқа бір діннің өкілдері күнделікті дұға парызын өтеген кезде, «мені тура жолмен жетелей гөр» деп сиынады. Олар Жаратушы бізге жол нұсқау үшін мыңдаған пайғамбарларын жіберді деп есептейді. Бірақ тура жолмен жүре алу үшін нұсқау жеткілікті бола ала ма?» (Жоқ.) «Неге

жеткіліксіз?» (Мінәжат деген жақсы нәрсе, пайғамбарлар да жақсы, бірақ адамдарға тура жолмен жүре алулары үшін бәрінен бұрын күш керек.)

### **3-сұрақ**

3-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер бұл жерде не жаздыңыздар? Оқулықта г) жауабы дұрыс деп белгіленген, сіздер мұнымен келісесіздер ме?» (Бірге талқылаңыздар. Қатысушылар өз беттерімен ойланулары керек. Дегенмен Құдай Сөзіне сай дұрыс жауап – г.)

«Адамдарды күнәға деген құмарлықтан арылту үшін құлшына еңбектену мен қосымша заңдардың болуы, және көп мінәжат етудің жеткіліксіз екендігін сіз досыңызға қалай түсіндірер едіңіз?» (Бірге талқылаңыздар. Бұл әрекеттердің барлығы белгілі бір мөлшерде адамдық деңгейде ғана көмектесе алады, сөйтсе де осы әрекеттер арқылы терең тамыр жайған мәселелерді жоя алмайды, өйткені бұған Жаратушыдан келетін күш қажет.)

### **Б) Адал және арам (5-6-сұрақтар)**

#### **5-сұрақ**

5-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Бұл үзіндіде сіздер қай сөздерді белгіледіңіздер?» (Сөздер: жаман ойлар, азғындық, неке адалдығын бұзу, кісі өлтіру, ұрлық, ашкөздік, зұлымдық, алдаушылық, жүгенсіздік, қызғаныш, жамандау, тәкаппарлық және ақымақтық.)

«Адал тағам (кашер) Заңды орындаушылардың ішкі жан-дүниесін тазартты ма?» (Жоқ.) «Неге тазартпады?» (Өйткені олардың ішінен шыққан күнәлары оларды іштен арамдаған болатын.)

«Арам тағам мен арам ойлардың қайсысы жаман?» (Бірге талқылаңыздар. Мәсіхтің ілімі бойынша арам ойлар жаман, өйткені олар біздің жүрегімізді арамдайды. Содан кейін олар біздің ішімізден жаман сөздер мен жаман әрекеттер болып шығады.)

#### **6-сұрақ**

6-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Бұл жерде не жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Бізге өзіміздің жүрегімізді тазартқаннан гөрі қолымызды тазартып, «алал» тағамды жеу әлдеқайда жеңіл!)

### **В) Арамданған жүректі Жаратушы сауықтырды (7-10-сұрақтар)**

#### **7-сұрақ**

7-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Жаттығыңыздар:**

- Әуелі аятты әркім өз есімін қоя отырып, өз беттерінше оқып шықсын. Мысалы, егер сіздің есіміңіз Тимур болса, аятты былай айтыңыз: «Тимур, Мен саған жаңа жүрек пен жаңа рух беремін. Тимур, Мен сенің тас жүрегіңді алып тастап, саған тән жүрек беремін. Тимур, сен Менің нұсқауларыма еріп, Заңдарымды мұқият орындауың үшін саған Өзімнің Рухымды саламын».
- Енді қатысушылардан бұл аятқа өз аттарын қойып оқып шығуын өтініңіз. Олардың мұны барлығы бір мезгілде немесе кезектесіп айтуларына болады.



**Сіздің сөзіңіз:**

Біздің әрқайсымызға арналған Жаратушының уәдесі қандай еді? Біз Исаның ізбасарларына айналған кезде, Ол біздің бойымызға Өзінің Рухын салып қойды».

**Сұраңыз:**

«Жаңа ғана біз жаттыққан аятқа байланысты:

- «Тура Жолмен Жүруге бізге тілекті кім береді?» (Біздегі Құдайдың Рухы)

- «Бізге Тура жолмен Жүруге қабілетті кім береді?» (Біздегі Құдайдың Рухы)

**Г) Құдайға арналған өмір (11-16-сұрақтар)****Мәдени кеңес: «Үлкен» және «кішкентай» күнәлар**

Бір дінде былай деп үйретеді: Құдай алдында «үлкен» күнәлар және «кішкентай» күнәлар бар. Мысалы өтірік айту сияқты «кішкентай» күнәларға Жаратушы мән бермеуі мүмкін, ал бірақ «үлкен» күнәларды Ол жазалайды. Сондай-ақ егер адам жүрегінде бір күнә жасауға «ниеттеніп», бірақ оны жасамаса, бұл күнә деп есептелмейді. Мұндай ұстаным Мәсіхтің ілімінен мүлдем басқаша, өйткені Оның ілімі бойынша тіпті жүрегінде құмарта қараудың өзі неке адалдығын бұзған сияқты күнә боп есептеледі (13-сұрақты қараңыздар.)

Осы бөлім Мәсіхтің Қасиетті заңы өте жоғары талап қоятынына арналған. Рәсімдік тұрғыдан алғанда қарапайым сияқты көрінгенімен, моральдық тұрғыдан оған еру шарифат заңын орындаудан әлдеқайда қиынырақ.

**15-сұрақ**

15-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

**Сұраңыз:**

«А) жауабы дұрыс екені айқын, ал б) жауабына қатысты не айтасыздар? Кішкентай күнәлардың қандай да бір мән-мағынасы бар ма?» (Бірге талқылаңыздар. Бәлкім Исаға келгенге дейін бұлардың ешқандай мән-мағынасы болмаған болар, бірақ енді Мәсіхтің заңында олардың мәнісі бар.)

«Г) жауабына қатысты сіздер не айта аласыздар, өтірік айтуда тұрған ештеңе жоқ, солай ма?» (Бірге талқылаңыздар. Мәсіх өтірікке мән беріп қарайды, бірақ адамдардың көпшілігі бұған байыппен қарамайды.)

«Е) жауабына, күнәлі ойларға қатысты не айтасыздар? Егер біз күнә жасауға ниеттеніп, бірақ істемесек, ол күнә болып табыла ма?» (Бірге талқылаңыздар. Егер әзәзіл бізді зұлым ойлармен азғыратын болса, ал біз сол азғыруға қарсы тұратын болсақ, бұл – күнә емес. Ал егер біз ол туралы ойлауды жалғастырып, жамандық істеуді жоспарлайтын болсақ, ол – күнә.)

**16-сұрақ**

16-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

**Сұраңыз:**

«Келтірілген жауаптардың қайсысы маңызды деп ойлайсыздар? Неге?» (Бірге талқылаңыздар. Б), в), д) және ж) жауаптары ІПетірден алынған, сондықтан біз оларды Мәсіхтің заңында бар деп сеніммен айта аламыз. А), г) және е) жауаптары Інжілде ешқандай жерде айтылмаған, сондықтан

Исаның ізбасарлары үшін олар міндетті емес. Мысалы сақал өсіру немесе өсірмеуді ер адамдар өздері шешеді (кейбір діндерде сақал қоймау күнә боп есептеледі.)

«Сіздер осы тізімнен б), в), д) және ж) сияқты маңызды бұйрықтарды а), г) және е) сияқты онша маңызды емес бұйрықтармен салыстырғанда қандай айырмашылықтар көресіздер?» (Маңызды жарлықтардың біздің жүрегіміз бен жүріс-тұрысымызға тікелей қатысы бар, ал онша маңызды емес бұйрықтар біздің сыртқы бейнеміз бен рәсімге қатысты айтылып тұр.)

#### **Д) Шынайы бостандық (17-22-сұрақтар)**

Рим 6:11-18-ді оқып шығыңыздар

##### **Сұраңыз:**

«11-14-аяттар негізінде біз не нәрселер үшін өліміз және не нәрселер үшін тіріміз?» (Күнә үшін өлдік, ал Иса Мәсіхпен біріккендіктен Жаратушы үшін тіріміз.)

«14-аятқа сәйкес күнә ендігі жерде бізге не себепті билік жүргізе алмайды?» (Себебі біз заңға бағынбаймыз, енді рақымдылыққа бағынамыз.)

«15-аятта біз «рақымдылықтамыз» деп айтылған. Бұл біздің қалаған нәрселеріміздің барлығын істей бере аламыз дегенді білдіре ме? Неге иә немесе неге жоқ?» (Жоқ! Себебі біз өзімізді Жаратушыға – яғни, жаңа Иемізге арнауымыз керек. 16-аятқа қараңыздар.)

«11-18-аяттарда біздің Құдайдың рақымына бағынатындығымыз туралы не айтылған?» (Құдайдың «рақымына бағынғандықтан» деген сөз мынаны білдіреді: бізде Мәсіхтегі жаңа өмір бар. Құдай – біздің жаңа Иеміз, ал біз – әділдіктің құлдарымыз және Жаратушыға мойынсұнушы болу үшін азат етілдік.)

«Бір сәт аялдап, осы жайлы толғаныңыздар. Сіздер күнәнің құлы болғыларыңыз келе ме, әлде Жаратушыға мойынсұнушы болу үшін азат болғыларыңыз келе ме?» (Өз жауаптары.)

#### **17-сұрақ**

17-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

##### **Сұраңыз:**

«Бұл жерге сіздер не жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. 1Петір 4:2-де бұл жас жігіттің өз күнәкар қалаулары бойынша жүруін доғарып, Құдайдың еркіне бағынып өмір сүру керектігі айтылған. 1Петір 4:3-те ол өзінің өткен өмірінде ұзақ уақытын дұрыс емес істерді жасағаны айтылады.)

«Суреттегі адам былай дейді: «Мен көбірек күнә жасасам, Ол мені соншалықты көбірек кешіреді». Ал дұрыс емес ойлар туралы Рим 6:15-те не жазылған?» («Біз Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынғандықтан күнә жасай берейік пе? Жоқ, олай істеуге болмайды!»)

#### **19-сұрақ**

Суреттегі адамға қараңыздар

##### **Сұраңыз:**

«Бұл адам шынымен азат па? Сіздер не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Оның азат емес екендігі айқын. Ол күнәнің құрсауында.)

#### **20а-сұрақ**

20-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

##### **Сұраңыз:**

«Мына суреттегі адам – дәл алдыңғы суреттегі адам. Оның құрсауларына не болды?» (Оның құрсаулары айқышта талқандалды.)

«Ол енді күнәнің құлдығынан босады ма?» (Иә.)

«Біз шынайы бостандыққа қалай ие бола аламыз – өзіміз үшін өмір сүру арқылы ма, әлде Иса Мәсіх үшін өмір сүру арқылы ма?» (Талқылаңыздар. Шынайы бостандық Иса Мәсіхке құл болу арқылы келеді. Бұл оғаш естіледі, бірақ шындық солай.)

## **21-сұрақ**

Еске сақтауға арналған аятты – 1Қор 6:19-20-ны **оқып шығыңыздар**

### **Аятты жаттап алыңыздар**

«Алдымен топтағы қатысушылардың біріне айтыңыз (мысалы оның аты Мақсат болса): Мақсат, Иеміз сені үлкен құн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті, сен енді өз меншігің емессің. Сондықтан денеңмен Құдайдың даңқын арттыр».

Мақсат оны басқа адамға айтады: «Бикеш, Иеміз сені үлкен құн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті...»

Осылайша бұл аятты бүкіл топ айтып шығуы керек, ал соңғы адам топтың жетекшісі – сізге айтады.

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Иә, бұл солай. Біздің әрқайсымыз үшін үлкен құн төленді. Сондықтан келіңіздер, денелермізбен Жаратушыны мадақтайық! Келіңіздер, Құдай Рухының көмегімен күнәдан теріс айналайық».

### **Кездесудің соңында**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?» (Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

15-сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар**

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптада осы практикалық тапсырманы орындаңыздар. Сондай-ақ 16-сабақты үйде зерттеп оқыңыздар»

### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Бізді күнәнің құлдығынан азат еткені үшін Жаратушыға алғыс айтыңыздар. Осы аптада Мәсіхтің құлы болу үшін Оның көмегін сұраңыздар.

# 16-сабаққа арналған жетекшілік

## Сүйіспеншілік заңы

### 16-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы *осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:*

- а. Құдайды бар жүрегімен сүюге және өзін сүйгендей, жақындарын сүюге ұмтылу;
- б. Жаратушының бізге деген сүйіспеншілігі біздің Оған деген сүйіспеншілігімізге тәуелді емес екендігіне күдіктенбеу;
- в. Қолдағы барымыздың бәріне Жаратушыдан келетінін, сондықтан Оған ризашылық білдіруіміз керектігін түсіну;
- г. Марқа 12:30-31-ді жаттау.

### Кездесудің басында

### Мінәжатпен бастаңыздар

### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

- «Өткен сабақтың практикалық тапсырмасы – басқа адамға неше рет ашуланып сөйлейтіндігіңізді санау болатын. Жұпқа бөлініп отырыңыздар да, бір-біріңізге осы туралы айтып, ашуланған кездеріңізден мысал келтіріңіздер».
- Жұптасып талқылауды үш минут көлемінде өткізіңіздер (егер топқа қатысушылар бір-біріне жеткілікті түрде сенім артатын болса)».

### Бүгінгі тақырып

#### Сіздің сөзіңіз:

«Біз бүгін Мәсіхтің заңы (шарифаты) – сүйіспеншілік заңы жайлы сөйлесеміз».

### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

Шолу жасау сұрақтарына қатысушылар дұрыс жауап берді ме, тексеріңіз. Дұрыс жауаптар мынадай:

1-сұрақ: Бірінші бұйрық: «Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан-дүниенмен, барлық ақыл-ойымен сүй». Екінші бұйрық: «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй».

2-сұрақ: Сүйіспеншілік

3-сұрақ: а) жалған; б) ақиқат.

#### Сіздің сөзіңіз:

«Шамасы, өткен аптада бәріміз де ашуланып сөйледік. Біз жаман нәрселер істеп, айтып және ойымызда жаман ойладық. Біз бұған жеңіл қарамауымыз керек. Бірақ Құдайға шүкір біз Иса Мәсіхтің қанымен тазарып, Құдайға қайтып келе аламыз. Мына мінәжатты менімен бірге әр сөзін қайталап айтыңыздар:

### Мінәжат

Көктегі Әкеміз...

Егер біз күнәларымызды мойындасақ Сен бізді кешіріп, ...

(Бірге қайталаңыздар)

(бірге)

барлық әділетсіздігімізден тазартуға уәде бергеніңе рахмет...	(бірге)
Өйткені Сен адалсың және әділсің...	(бірге)
Өткен аптада біздің әрқайсымыз айтқан жаман сөздер үшін бізді кешіре гөр...	(бірге)
Осы аптада Саған жақсырақ қызмет ете алуымыз үшін...	(бірге)
бізді тазартып, Рухыңмен толтыра гөрші...	(бірге)
Иеміз Иса Мәсіхтің атымен сиынамыз, Аумин.	(бірге)

### **Мәдени кеңес: Мойынсұнуға деген ниет**

16-сабақ алдыңғы 15-сабақта басталған Жаратушының заңы тақырыбын жалғастырады (тақырыпқа берілген жалпы түсіндірмені қараңыздар.) Осы сабақта біз Құдай заңына бағынудың екі жақ қырын қарастырамыз, оның бірі Оған үміттеніп, сауап жинау үшін я болмаса жазадан қорыққандықтан мойынсұну болса, енді бірі Оның біздер үшін істеген нәрселеріне ризашылық білдіру үшін бағыну. Осы нәрсе Иса Мәсіхті қабылдаған адамның дүниетанымын түбегейлі өзгертеді.

Біз Жаратушыны сүйеміз, өйткені Ол бізді бірінші болып сүйді, Ол оны Мәсіхтің айқыштағы өлімі арқылы көрсетті. Сондықтан да біз өз кезегімізде «сүйіспеншілік заңына» бағынғымыз келеді, яғни Жаратушыны бар жүрегімізбен және маңайымыздағы адамды өзімізді сүйгендей сүйгіміз келеді.

### **А) Құдай бізді бірінші болып сүйді (1-5-сұрақтар)**

#### **Кіріспе**

Екі малайдың суретіне **қараңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл малайлардың қайсысы қожайынына қуанышпен қызмет етіп жүр?» (Ризашылық білдіріп жүрген малай. Ал екіншісі қорқыныштан қызмет етіп жүр.)

«Біз үшін бұның маңызы қандай?» (Біз Жаратушыға, Оның бізді құтқарғанына ризашылық білдіріп қызмет етеміз. Басқалар жазадан қорыққандықтан қызмет етеді.)

#### **4-сұрақ**

4-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

- «Біз Жаратушының сүйіспеншілігіне толықтай сенімді бола аламыз ба?» (Иә, егер біз Мәсіхте болсақ)
- «Ол бізді сәл уақытқа болса да тозаққа жібере ме?» (Жоқ, өйткені Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын төледі; біз ешнәрсе үшін де жазаланбаймыз. Кейір діндерде адамдар өздерінің нақты қайда баратындарына қатысты сенімді емес, өйкені олар не жұмаққа баратындарына, не біраз уақыт тозақта өткізетіндерін білмейді.)
- «Олай болса, біз не себепті Құдайға бар жүреппен қызмет етуіміз керек?» (Өйткені біз Оны өте қатты сүйеміз! Біз Ол үшін өмір сүргіміз келеді, Оған өзіміздің алғысымызды білдіріп, Оны мадақтағымыз келеді.)

### **Б) Жаратушы Өзінің сүйіспеншілігін дәлелдеді (6-10-сұрақтар)**

#### **7-8-сұрақтар**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бүкіл әлемдегі Исаның ізбасарлары екі рәсімді сақтайды. Олардың бірі біз бұрын айтқандай суға

шомылдыру рәсімі. Екіншісі нан үзу рәсімі деп аталады. Осы рәсімге қатысқан кезде біз Иса Мәсіхтің біз үшін құрбан болғанын еске алып, тойлаймыз».

#### 7-8-сұрақтарды тұтас оқып шығыңыздар

##### Сұраңыз:

- «Сіз Нан үзу рәсіміне қаншалықты жиі қатысасыз? Әлде сізде мұндай мүмкіндік ешқашан болмады ма?» (Бірге талқылаңыздар. Сенушілердің кейбір топтары мұны жиі атқарса, кейбіреулері сирек өткізеді. Бәлкім кейбір қатысушылар бұл рәсімге ешқашан қатыспаған да болар.)
- «Сіз баратын қауымда бұл рәсім қалай аталады?» (Бұл рәсім сенушілердің әртүрлі жиындарында әртүрлі атаумен қолданылады, соны білген жөн.)
- «Сіз нан жеп жүзім шырынын ішкен кезде, қандай сезімде боласыз?» (Бірге талқылаңыздар.)
- «Сіздің қауымыңызда қайсысын қолданады – шарапты па, әлде жүзім шырынын ба? Егер шарапты қолданса, ол сіз үшін кедергі болар ма еді?» (Кейбір елдерде, көптеген қауымдар алкогольсіз шырынды қолданады. Кейбір сенушілер алкогольді ішсе, басқалары ішпейді, осы себепті бұл сұрақ қатысушылар үшін маңызды болуы мүмкін. Шарап қолданылатын жағдайларда алкоголь ішпейтін адамның бір ұрттам ішуіне болады, себебі бұл басқа жағдайлардағы «ішімдікке салынудан» өзгеше.)
- «Сенбеушілердің наннан жеп жүзім шырынынан ішуіне жол беруге бола ма?» (Жоқ. Бұл рәсім тек Мәсіхтің ізбасарларына ғана арналған.)

##### Сіздің сөзіңіз (егер қаласаңыз):

«Осы сабақтың соңында ерекше кездесу болады, бәріміз бірге Жаратушыны мадақтап, содан кейін нан үзу рәсімін өткіземіз».

#### В) Сүйіспеншілік заңы (11-13-сұрақтар)

##### 1)Жохан 4:7-13-ті оқып шығыңыздар

##### Сұраңыз:

- «Құдай бізді біз Оны сүйгендіктен сүйе ме, әлде Ол бізді бірінші болып сүйді ме?» (Ол бізді бірінші болып сүйді. Ал басқа діндерде Жаратушы күнәдан тазарған адамдарды сүйеді дейді.)
- «Біз өз кезегімізде жауап ретінде бір нәрсе істемес бұрын Жаратушының бізді бірінші болып сүйгендігін қай аят көрсетеді?» (9-10-аяттар.)
- «Осы аяттарға сәйкес Жаратушы бізге Өзінің сүйіспеншілігін қалай көрсетті?» (Ол Өзінің Ұлын осы дүниеге жіберді, 9-аят. Құдай Өзінің Ұлын құн төлейтін құрбандық ретінде жіберді, 10-аят.)
- «7 және 11-аяттарға сәйкес Жаратушының сүйіспеншілігіне біз қалай жауап беруіміз керек?» (Бір-бірімізді жақсы көруіміз керек.)
- «Жаратушыны ешкім, ешқашан да өз көзімен көрмегенімен, 12-аятқа сәйкес егер біз бір-бірімізді жақсы көретін болсақ, адамдар бұдан нені көре алады?» (Олар Құдай біздің «жан-дүниемізден орын алып, Оның сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жеткенін» көре алады.)

#### 13-сұрақ

##### 13-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

Марқа 12:30-31-ді еске сақтау үшін жаттығыңыздар.

##### Сіздің сөзіңіз:

«Мәсіх заңының осы бір тұжырымдамасы өте қысқа, сондықтан да оны жаттап алу оңай. Ал оны орындау оңай ма?» (Бірге талқылаңыздар. Біз бұл заңды орындау өте ауыр деп санаймыз.)  
«Бұл сүйіспеншілік заңын орындауға бізге қабілетті кім береді?» (Біздің өміріміздегі Жаратушының Рухы береді. Біз – әлсізбіз, ал Ол – күшті. Біз – күнәкармыз, ал Ол – киелі, Киелі Рух. Сондықтан да біз Оның көмегін сұрауымыз керек. Ол электр қуаты сияқты өте күшті, бірақ тек қосқан кезде ғана жұмыс істейді.)

### **Г) Құдай Иенді барлық жүрегіңмен сүйю**

#### **14-сұрақ**

14-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Сіз қай сұрақты белгіледіңіз? Не себепті сол сұрақты белгіледіңіз?» (Өз жауаптары. Әр қатысушының өз жазғандарына түсініктеме берулерін сұраңыз. Сондай-ақ сіз де осы сабаққа үйде дайындалған кезде қай сұрақты таңдап алғаныңызды айтып бөлісіңіз.)

### **Д) Өзіңді қалай сүйсеі, маңайыңдағы адамды да солай сүйю (15-25-сұрақтар)**

#### **17-сұрақ**

Мына төрт суретке қараңыздар

#### **Сұраңыз:**

- «А-суреттегі зайыбы күйеуінің жанында өзін бақытты сезініп тұр. Не үшін солай деп ойлайсыз?» (Ері зайыбына қамқорлық жасайды және өзінің оған деген махаббатын іс жүзінде көрсетеді. Ол Мәсіхтің заңына (шариғатына) мойынсұнады.)
- «Б-суреті бойынша Мәсіхтің заңын орындау үшін ері не істеу керек?» (Бірге талқылаңыздар. Ол оқып отырған газетін тастап, баласына қарау керек.)
- «В-суреті бойынша бұл әйелдің мінәжатына Жаратушы қалай жауап берер еді?» (Оның енесі өзгереді. Ал егер тіпті өзгермесе, келіні оған ашулануды азайтады. Немесе Жаратушы бұл әйелге осы жағдайда да шыдамдылық пен қуаныш бере алады.)
- «Г-суреті бойынша бойжеткен Мәсіх заңын (шариғатын) орындамайды. Бұның нәтижесі қандай болмақ?» (Оның құрбысы оған ренжиді, осыдан кейін оған сенім артпайтын болады.)

#### **19-сұрақ**

19-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Иә, б) жауабы шынымен де дұрыс. Жаратушы біздің жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігін Киелі Рухы арқылы толтырды! Біз мұндай сүйіспеншілікті өздігімізден өндіре алмаймыз, бірақ Құдай оны біздің өмірімізге толтырып бере алады!»

#### **22а-сұрақ**

Жақтаудың ішіндегі оқиғаны оқып шығыңыздар

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Өмірде осыған ұқсас басқа да мысалдар бар. Непалда Исаның ізбасарлары, егер араларында біреу қамауға алынса, басқалары оның отбасына қамқор болуға уәде береді. Бұл оларға Иса Мәсіх жайлы батыл қуәлік етуге көмек берді.»

#### **22б-сұрақ**

Оқиғадан кейінгі азат жолды оқып шығыңыздар.

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер бұл жерде не жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар.)

## 24-сұрақ

1Петір 4:7-9-ды оқып шығыңыздар.

### Сұраңыз:

- «Сегізінші аятта Исаның ізбасарлары үшін бір нәрсе өте маңызды делінген. Ол не нәрсе?» (Бірін-бірі жақсы көру.)
- «Сегізінші аятта сондай-ақ «сүйіспеншілік көптеген күнәларды кешіреді» деп жазылған». (Бұл нені білдіреді деп ойлайсыздар?)» (Бірге талқылаңыздар. Біздің ойымызша бұның мағынасы, егер Исаның шәкірттері кей кездері бір-біріне қарсы күнә жасаса да, егер олар бірін-бірі шын жүректен сүйетін болса, олар осы өкпе-ренішті кешіре алады.)
- «9-аятта сүйіспеншіліктің қандай түрін көрсетіндер делінген?» (9-аят: өзара қонақжай болындар.)
- «24-сұрақтағы Фариди мен Әлидің суретіне қараңыздаршы, сіз олардың қайсысына ұқсайсыз?» (Өз жауаптары.)
- «Өз өміріңізден басқа адамға іс жүзінде сүйіспеншілік көрсете алуыңызға Жаратушының көмектескен кезінен мысал келтіріңізші». (Бірге талқылаңыздар. Қатысушылар өз өмірлерінен іс жүзінде болған мысалдарды келтірулері керек.)

### Мәдени кеңес: Қонақжайлылық

Еуразиядағы сенушілердің көпшілігі қонақжайлылықты өте жоғары бағалайтын мәдениеттен шыққан адамдар. Дегенмен көптеген сенушілердің адамдарды өз үйінде қабылдауға қатысты осы салада көптеген нәрселерді үйренулеріне тура келеді. Егер бір сенуші сіздің үйіңізге алдын ала ескертпей келетін болса және сіз үшін бұл күтпеген жағдай болғанына қарамастан оны қабылдар ма едіңіз? Егер сіздің қауымыңыздағы адамдар біз қызға «біз сенің отбасыңбыз» дегеннен кейін, егер ол қызды өз отбасы қуып жібергендіктен барар жері жоқ болса, қауымдағы адамдар оны қабылдар ма еді?

## 25-сұрақ

25-сұрақты және түсіндірмені оқып шығыңыздар.

### Сұраңыз:

- «Сіздің пікіріңіз қандай? Жауларымызды жақсы көру мүмкін бе?» (Бірге талқылаңыздар. Жауларымызды жақсы көру адамдарға мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Бірақ Құдай Сөзінде былай делінген: «Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын» (Філ 4:13.))
- «Исаның ізбасарлары өз жауларын да жақсы көргендері туралы өмірден мысал келтіре аласыздар ма?» (Талқылаңыздар. Қатысушылар мысал келтіре алады. Өмірден алынған оқиғалардың бірі – 10-сабақтағы Мұраттың оқиғасы.)
- «Егер бүкіл дүниедегі және біздің қоғамдағы адамдар өздерінің жауларын жақсы көре бастаса, оның нәтижесі қандай болар еді?» (Бірге талқылаңыздар. Егер солай болса, әлем мүлдем өзгерер еді! Шын мәнінде Мәсіхтің заңы – ең жақсы заң!)

### Кездесудің соңында

#### Сұраңыз:

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгеріс әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

16-сабақтың практикалық тапсырмасын оқыңыздар.

#### Сіздің сөзіңіз:

«Осы аптадағы практикалық тапсырманы орындаңыздар, сондай-ақ 17-сабақты үйде зерттеп оқыңыздар».



**Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Жаратушыға бізді бірінші болып сүйгені үшін алғыс айтыңыздар. Жаратушыны сүйе алуымыз үшін және маңайымыздағы адамдарды өзімізді жақсы көргендей жақсы көре алу үшін Құдайдан біздің жүрегімізді Өз Рухы арқылы сүйіспеншілігіне толтыра гөруін сұраңыздар.

## 17-сабаққа арналған жетекшілік

### Ораза ұстау және құрбандық беру

#### 17-сабақтың мақсаты

**Әрбір қатысушы осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:**

- а. Жаратушының басшылығымен ораза ұстау мен құрбандық беруді әдетке айналдыруды бастау;
- б. Мұны мәжбүр болып немесе жақсы болып көріну үшін емес, жомарттықпен және мәрттікпен беру;
- в. Жаратушының бізді қалай жетелейтінінің екі қағидасын түсіну;
- г. Марқа 12:30-31-ді қайталау.

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы:

##### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен аптаның практикалық тапсырмасы мұқтаждықта жүрген Мәсіхтегі бауырласыңызға көмектесу болатын. Бұл тапсырманы орындадыңыздар ма? Ол адам бұл әрекетіңізге қалай қарады?» (Бірге талқылаңыздар.)

#### Бүгінгі тақырып:

##### Сіздің сөзіңіз:

«Біз бүгін «Мәсіхтің шарифаты» – сүйіспеншілік заңын соңғы рет талқылайтын боламыз. Мәсіхтің ізбасарлары ретінде біз ораза ұстау мен беретін құрбандығымызды басқа діннің өкілдеріне қарағанда мүлдем айрықша ниетпен атқарамыз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

17-сабақтың шолуын бірге ашып, сұрақтарға олардың қалай жауап бергендерін сұраңыз:

1-сұрақ: а) Сөзі; б) Рухы

2-сұрақ: мінәжаттар

3-сұрақ: а) барлығы толығымен; б) мүмкіндігінше көбірек

4-сұрақ: а) Жаратушыға; мұқтаж адамдарға; б) сүйіспеншілік.

#### Мәдени кеңес: Шарифаттың егжей-тегжейлі нұсқаулары

15-16-сабақтардағы Жаратушының заңы туралы негізгі ілімдерді қорытындылағаннан кейін бұл сабақ мынадай сұрақ қояды: Мәсіхтің ізбасарлары бұларды іс жүзінде қалай орындаулары керек? өйткені басқа діндердегідей біздің қолымызды егжей-тегжейлі нұсқаулар жоқ қой.

Басқа діндерде не істеп, не істемеу керектігі адамдарға анық айтылады. Мысалы, рамазан айында олар таң атқаннан күн батқанға дейін ораза ұстаулары керек және түскен кірістен нақты бір соманы садақаға берулері керек, бұл зекет деп аталады (зекет – қайырымдылыққа берілетін садақа.) Ал мұндай жағдайда Мәсіхтің ізбасарлары не істеулері керек? Осы сабақта Киелі Кітаптық қағидалар қарастырылады және осы қағидаларды әр түрлі қауымдардағы сенушілер өз пайымдауларына қолданатындығы ескерілген. Сондықтан топ жетекшісі ретінде сіз өзіңіздің жиыныңызда қолданатын тәжірибеңіз туралы айта аласыз, бірақ сенуші үшін ең басты нәрсе осы қағидаларды түсіну екенін есіңізде ұстаңыз. Егер қатысушылар нақты нұсқаулар жөнінде білгілері келсе, оларға тиянақты түсінік беруге тырысыңыз, алайда олардың өмірлерін қадағалаудан аулақ

болыңыз. Олардың Иеміз Исаға мойынсұнуларына және ең алдымен Исаның жетекшілігіне ерулеріне көмектесіңіз.

## **А) Жаратқан Ие бізді тура жолмен қалай жетелейді? (1-5-сұрақтар)**

### **1-сұрақ**

Бірінші сұрақтағы екі отар қойдың суретіне **қараңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Бұл суреттердің қайсысы басқа діннің шарифатын, ал қайсысы Исаның шарифатын көрсетіп тұр? Олардың айырмашылықтары қандай?» (Бірге талқылаңыздар. Басқа діндегі бұл заң қоршауға ұқсайды. Қой өзінің орнында тұру үшін қоршау мықтап бекітілген. Бұл заңда егжей-тегжейлі нұсқаулар бар, сондықтан оның өкілдері істеуге болатын нәрселер мен тиым салынған нәрселердің шектеулерін жақсы біледі. Ал Мәсіхтің ілімінде ережелер әлдеқайда аз. Ең басында бұл нәрсе адамды тығырыққа тіреуі мүмкін, өйткені қандай шектеулер бар екені түсініксіз болады. Бірақ біздің шопанымыз – Иса Мәсіхтің Өзі, Ол Өзінің қойларын ешкім зиян тигізе алмайтын жақсы жерге жаюға уәде берді және Ол оларға Өзінің Рухымен сөйлетін болады. Ал егер қойлары Исаның жанында жүретін болса, олар Оның даусын ести алады.)

### **(3-4-сұрақтар)**

3-сұрақты тұтасымен және 4-сұрақтың бірінші азат жолын **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

- «Өзінің Рухы арқылы бізге сөйлеп тұрған Мәсіхті біз қалай ести аламыз?» (Бірге талқылаңыздар. Ол бізге Өзінің Киелі Кітабы арқылы сөйлеп тұр, сондықтан біз оны күнделікті Оның даусын есту үшін оқуымыз керек. Сондай-ақ Ол бізге ар-ұзданымыз арқылы да сыбырлай «сөйлеп тұр», ой-санамызға айқын ой береді, рухымызды толқытады немесе Киелі Кітаптағы белгілі бір аяттар арқылы бізге қатты әсер береді. Кей кездері Ол бізге түсіміз арқылы немесе естілетін дауыс арқылы қаттырақ сөйлейді. Ол бізге сондай-ақ басқа сенушілердің кеңестері арқылы да сөйлеп тұрады.)
- «Біз Киелі Рухтың даусын естігенімізге қателесуіміз мүмкін бе?» (Иә, қателесуіміз әбден мүмкін. Кей кездері біз өзіміздің күнәлі құмарлықтарымызды Жаратушының даусы деп қабылдаймыз! Жаратушы бізге не айтса да, Өзінің сөзіне қарсы ешнәрсе айтпайды.)

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Есіңізде болсын. Егер біз Мәсіхке күнделікті мінәжат етіп, мойынсұнып жақын жүретін болсақ, біз Оның даусын анық ести алатын боламыз. Шопаннан тым алыс кетіп қалатын қой оның даусын ести алмайды!»

## **Б) Ораза (6-14-сұрақтар)**

### **Мәдени кеңес: Ораза**

Көптеген елдерде ораза ұстау үшін арнайы Рамазан айы бар. Осы діннен шыққан жас сенушілер жылдың бұл кезінде өз жанұяларын қатты сағынатынын ескеру керек.

Ата-аналарымен бірге тұратын жас сенушілер үшін Аиданы тығырыққа тірейтін сұрағы өте орынды – олар бұл оразаға қосылулары керек пе, әлде жоқ па? Мәсіхтің ізбасарларының кейбіреулері бұл уақытты өздерінің отбасыларына адалдық білдірулеріне өте қолайлы уақыт деп санайды. Сенуші парыз өтеу керек болғандықтан емес, Иса үшін және аса маңызы жоқ себептен қажетсіз қуғынға ұшырамау үшін ораза ұстай алады. Ал Мәсіхтің кейбір ізбасарлары өтіріктен аулақ болу үшін мәсіхші бір ғана бағытты ұстануы керек және осы мәселе бойынша отбасыңнан бөліну маңызды, өйткені бұл айқын куәлік болады деп сенеді. Бірақ егер Мәсіхтің ізбасарлары

ораза ұстауды доғарса, олар басқаларға жалқау болып көрінбей ме?

Қатысушылармен осы екі түрлі көзқарас жөнінде бірге талқылаңыздар және көптеген нәрселердің отбасындағы жеке жағдайларға тікелей байланысты екенін ескеріңіздер. Егер олар осы бір ерекше айда ораза ұстағылары келмесе, Тәңірдің жетекшілігімен басқа уақытта ораза ұстауға тырысар ма еді?

### **6-7-сұрақтар**

6-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Сізде Айданікіне ұқсас сұрақ бар ма?» (Қысқаша бірге талқылаңыздар.)

«Жетінші сұраққа сәйкес Айданың сұрақтарына жауап табуға не көмектеседі?» (Жаратушының Сөзі оған жалпы қағидаларды береді, ал Жаратушының Рухы оны нақты жетелейтін болады.)

### **8-сұрақ**

8-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Не себепті біз Мәсіхтің ізбасарларына тән ораза ұстауымыз керек?» (Қатысушылар өздерінің болжамдарымен бөлісулері керек.)

«Кітаптан келтірілген келесі үзінділер бойынша адамдар не себепті ораза ұстады?» (Төменде келтірілген үзінділерге қараңыздар. Қатысушыларды үш топқа бөліп, әрқайсысына бір-бір үзіндіден беріңіз, ал егер тобыңызда қатысушылар аз болса, әрбір үзіндіні бірге қарап шығыңыздар.)

- Даниял 9:3-5 – күнәні мойындау, тәубе ету және өтініш;

- Забур 34:13 – мұқтаж адамдар үшін мінәжат;

- Ел. іс 13:2-3 – табыну, елшілік қызмет пен шешім қабылдау үшін даналық іздеу мінәжаты.

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Біз діни сауап жинау үшін емес, Жаратушыны шын жүректен іздеу үшін ораза ұстаймыз. Бұл Құдайға біздің мінәжатымыздың қаншалықты шынайы екендігін көрсетеді. Біз қауіп-қатер төнгенде, күнәмызға өкінгенде, қайғы-қасірет кезінде немесе басқа да бір себептерге байланысты ораза ұстай аламыз, яғни Киелі Кітаптан көргеніміздей, ораза ұстаудың әр түрлі себептері бар».

### **12-сұрақ**

12-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

- «Біз Мәсіхтің шәкірттері болғандықтан оразаны қай кезде ұстауымыз керек?» (Оразаға қатысты бізді Киелі Рух бағыттаған әр жолы ұстаймыз, 11-12-сұрақты қараңыздар.)
- «Мәсіхтің ізбасарлары ретінде біздер үшін ораза ұстау міндетті ме?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің пікіріміз бойынша біз оразаны Киелі Рух жетелеген әр жолы міндетті түрде ұстауымыз керек. Кейбір кезде ол міндетті емес.)

### **13а-сұрақ**

«Бір сәт аялдап, ойланыңыз» деген азат жолды қосып, 13-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

- «Бұл сұраққа сіздер қалай жауап бердіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар. Сіз де жетекші ретінде өз жауабыңызбен бөлісіңіз.)

### **14-сұрақ**

Егер бұл сұрақтың тақырыбы сіздердің мәдениеттеріңізге сай келетін болса, 14-сұрақты тұтас

### **оқып шығыңыздар.**

(Бұл сұрақ жанұясынан бөлек тұратын сенушілерден гөрі, сенбеуші жанұясымен бірге тұратын сенушілерге көбірек арналған.)

### **Сұраңыз:**

«Бұл жерге сіздер не деп жаздыңыздар? Осы дәстүрлі ораза мен мінәжат айында Аиданың өз жанұясымен бірге ораза ұстауына қатысты сіздің пікіріңіз қандай? Оны «жақтайтын» немесе оған «қарсы» болатын себептер қандай?»

(Бірге талқылаңыздар. Біздің пікірімізше оразаны жанұямен «бірге ұстауға» мыналар себеп болады:

- Ол осы арқылы Исаның соңынан еріп жүрсе де, өзінің жанұясына әлі де адал екендігін көрсете алады;
- Осы мүмкіндікті пайдаланып, жанұясының құтқарылуы үшін шын жүректен ораза ұстап, мінәжат ете алады;
- Егер Аида жанұясымен бірге ораза ұстамайтын болса, бұл оған қажетсіз мәселелер тудыруға себебі болады;
- Егер ол ораза ұстамайтын болса, оның жанұясы Мәсіхтің шәкірттері жалқау деп ойлайтын болады.

Біздің пікіріміз бойынша жанұямен бірге ораза ұстауға «қарсы болудың» себептері:

- Жанұясы оны әлі де өздерінің бұрынғы діндерінде екен деп ойлаулары мүмкін;
- Олар Аиданы діни сауап жинау үшін ораза ұстап жүр екен деп ойлауы мүмкін;
- Аиданың өзі де оразаны әлдебір діни парыз үшін ұстап жүрмін деп, бұрынғы ойына қайтып оралуы мүмкін.)

«Аиданың қабылдайтын шешімі оның жағдайына қаншалықты дәрежеде қатысты?» (Талқылаңыздар. Егер ол өзінің жанұясымен бірге тұрып жатса және туыстары осы діннің өкілдері болса, белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Ал бөлек тұрып жатқан адамдардың таңдау еркі көбірек болады.)

«Ал сіздің жағдайыңыз қандай?» (Талқылаңыздар. Қатысушылардың жағдайы әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан олар өздерінің нақты бір жағдайларына қатысты жалпы қағидаларды қалай қолдана алатындықтарын талқылаңыздар.)

### **В) Құрбандық беру (15-25-сұрақтар)**

#### **Мәдени кеңес: Құрбандық/зекет**

Бір діндегі зекеттің немесе қайырымдылыққа бөлінетін салықтың сомасы нақты белгіленген – бұл оларға жыл сайын түсетін таза пайданың 2,5%-ы (олардың жалпы кірістері емес) және олардың осы соманы жыл сайын қалай есептеу керек екенін жіті түсіндіреді. Белгілі бір жағдайларға байланысты әркім өз құрбандығын қайда беремін десе де ерікті, бұл жарлыларға көмек үшін немесе өз діндерін тарату үшін немесе басқа нәрселер үшін болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл діннің көптеген өкілдері жыл бойы осындай және басқа мақсаттарға арнап ерікті түрде пітір-садақа беріп отырады.

#### **15-сұрақ**

15-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Камалдікіне ұқсас сұрақтар сіздер де бар ма? Бәлкім, құрбандыққа қатысты қосымша

сұрақтарыңыз бар болар?» (Қысқаша бірге талқылаңыздар.)

### **16-19-сұрақтар**

16-сұрақты тұтас және 17-сұрақтың бірінші жартысын **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Біздің мал-мүлкіміздің қанша бөлігі Жаратушыға тиесілі?» (Барлығы да Оған тиесілі.)

«Сондықтан да біз Жаратушыға қанша береміз деп шектеу қоюға тиіспіз бе?» (Жоқ.)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Енді біз Қорынт қаласындағы Мәсіхтің ізбасарларына арнап жазған Пауылдың 2-хатынан үзіндіні бірге оқимыз. Бұл хатында ол Жаратушының жұмысына деп олардың жомарттықпен құрбандық беруі үшін бірнеше тамаша себептерді сипаттап берді. Бұл үзіндіні оқыған кезде, осы себептерге назар аударыңыз».

2Қорынт 9:6-15-ті **оқып шығыңыздар.**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл үзіндіні Мәсіхтің елшісі Пауыл жазды. Қазір біз әрқайсымыз әрбір аяттың мағынасын өзіміздің сөзімізбен түсіндіріп шығайық». (Ең алдымен жетекші ретінде сіз 6-аятты өзіңіздің сөзіңізбен бір сөйлемде түсіндіріп шығыңыз. Содан кейін әрбір қатысушыға бір немесе бірнеше аятты беріңіз және олар оның мағынасы туралы ойланып толғана алулары үшін бір минут уақыт бөліңіз. Содан кейін 7-аяттан 15-аятқа дейін әрқайсысы өздеріне берілген аяттың мағынасын өз сөздерімен айтып берулері керек.)

20-сұрақтың тұтас **оқып шығыңыздар.**

### **21-сұрақ**

21-сұрақтың соңғы азат жолын **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

«Бұл сұраққа сіздер қалай жауап бердіңіздер?» (Ашық пікірталас. Қатысушылардың бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көбірек құрбандық беруге қалаулары ашылады деп үміттенеміз.)

### **24-сұрақ**

24-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**

#### **Сұраңыз:**

- «Бұл жерге сіздер не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Егер біз айдың соңына дейін күтетін болсақ, қолымызда ештеңе де қалмауы мүмкін.)
- «Сіздің жағдайыңыз қандай? Сіз жұмыс істейсіз бе? Егер жоқ болса, сіз Жаратушыға басқа қандай жолмен құрбандық бере аласыз?» (Бірге талқылаңыздар. Бұл сіздің уақытыңыз болуы мүмкін, сіздің ерікті қызметіңіз болуы мүмкін және т.б. Дегенмен адамдардың көпшілігінде аз болса да ақша бар, сондықтан да біз қолымызда бар сомадан құрбандық беружі үйренуіміз керек. Ата-аналары берген ақшадан балалар да құрбандықтар бере алады.)

## **25-сұрақ**

25-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

### **Сұраңыз:**

«Бұл жерге не деп жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің ойымызша, ақшаны мынадай нәрселерге берген жақсы:

- Өз туысқандарымызға ғана емес, кедей адамдарға да көмектесу;
- Інжіл немесе Иса Мәсіх туралы дискілер сатып алып, қызығушылық танытқан сенбеушілерге сыйға тарту;
- Өзіңіз баратын жергілікті сенушілер жиынының шығындарын жабуға көмектесу;
- Толық қызметтегі сенушілерге көмектесу;
- Жаратушының Рухының жетелеуімен басқа бір нәрселерге құрбандық беру.

## **Г) Сүйіспеншілік заңы (26-сұрақ)**

26-сұрақтың тұтас оқып шығыңыздар.

Марқа 12:30-31-ді есте сақтау үшін жаттығу жасаңыздар.

### **Сұраңыз:**

- «Ораза ұстау қалайша сүйіспеншілік заңына бағыну болып табылады?» (Өйткені біз Оған деген сүйіспеншілікпен өзімізден бас тартып, тамақтан бұрын Жаратушыны бірінші орынға қоямыз. Сондай-ақ біз мұқтаждықтағы адамдар үшін ораза ұстап, олар үшін мінәжат ету арқылы оларға деген сүйіспеншілігімізді білдіреміз.)
- «Ақшалай құрбандық қалайша сүйіспеншілік заңына мойынсұну болып табылады?» (Өйткені біз Жаратушыға ақшамызды бере отырып, Оған деген сүйіспеншілігімізді көрсетеміз, сондай-ақ осы ақшаны көмек беру үшін пайдалана отырып, басқа адамдарға деген біздің сүйіспеншілігімізді көрсетеміз.)

## **Кездесудің соңында**

### **Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»

(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

17-сабақтың Практикалық Тапсырмасын оқып шығыңыздар.

### **Сіздің сөзіңіз:**

Біз Жаратушыға арнап беретін ақшамыз туралы ойлап қана қоймай, іс жүзінде осы айдан бастап құрбандық бере бастауымыз керек!

Енді үшке бөлініп, мінәжат етейік. Жаратушыдан қашан ораза ұстағанымызды және қанша құрбандық бергендігімізді қалайтынын сұрайық. Осы мәселеде Жаратушының көмегімен жомарт болуға, әрі тәртіп сақтауға тырысайық».

Шағын топтарда мінәжат ету арқылы аяқтаңыздар.

# 18-сабаққа арналған жетекшілік

## Тағдыр және бақсы-балгерлік

### 18-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы *осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:*

- а. Тағдырға және бақсы-балгерлікке қатысты Киелі Кітаптың негізгі үш ақиқатын нақты білу;
- б. Жаратушының пұтқа табынушылықты не себепті жек көретінін түсіну;
- в. Өткен шақта болған дуалаушылықтың әсерін анықтау;
- г. 1Петір 5:7-ні жатқа білу.

Сіздің назарыңызға: Осы сабаққа дайындалған кезіңізде және өткізген кезіңізде, жетекші ретінде Мәсіхтің жеңісін тағзым ету арқылы және күнәні ашық мойындау арқылы растайтыныңызға көзіңізді жеткізіп алыңыз. Талқылау кезінде шыққан тектеріне байланысты шәкірттеріңізден бұрынғы дуалаушылықтың ықпалы көріне бастауы мүмкін, сондықтан рухани сақ болу маңызды.

### Кездесудің басында

### Мінәжатпен бастаңыздар

### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

- «Өткен сабақтың практикалық тапсырмасы сіз ай сайын Жаратушыға арнап қанша ақшаны беретініңізді анықтау, ал егер жеке табысыңыз жоқ болса, жомарттықпен құрбандық берудің басқа тәсілдері жайлы ойластыру керек болатын».
- Шешім қабылдадыңыздар ма, егер қабылдасаңыздар, оны қолдануды бастадыңыздар ма?»

### Бүгінгі тақырып

#### Сіздің сөзіңіз:

- «Жаратушы – құдіретті, ал Оның Ұлы Иса Мәсіх шайтанды және түнектің барлық күштерін жеңді. Біз бүгін тағдыр, жын немесе көз тию сияқты қорқыныштармен өмір сүрудің қажеті жоқ екендігі жайлы өтетін боламыз».

### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

18-сабаққа шолу жасауды бірге ашып, шәкірттердің сұрақтарға қалай жауап бергенін тексеріңіз:

1-сұрақ: а) тағдыр; б) жек көреді; в) күштерге

2-сұрақ: «Барлық уайымдарыңды Құдайға сеніп тапсырындар, себебі Ол камдарыңды ойлайды» (1Петір 5:7)

### Мәдени кеңес: Салт-дәстүр және бақсы-балгерлік

Сіз, мүмкін, бүкіл әлем бойынша көптеген адамдар үшін «тағдыр» мен «бақсы-балгерліктің» маңызды түсінік екенін білген кезде қайран қаларсыз. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, адамдар басқа діндерді қабылдас бұрын мұндай ұғымдар көптеген мәдениеттерде бұрыннан бар болатын, соның нәтижесінде «халық діні» деп аталатын аралас нанымдар пайда болды. Сондай-ақ ірі діндерде Жаратушы әлдебір алыстағы біреу сияқты қабылданады. Ол барлығын алдын ала шешіп қояды, сөйтіп адамдар мұны өзгерту үшін ешнәрсе де істей алмайды, Құдайды осылай қабылдау – олардың өмірін тағдыр белгілейді деген нанымды күшейте түседі. Бұған қоса олар Жаратушыны тым алыста сияқты көретіндіктен адамдардың қамы Оны шынымен



қызықтыратынына және олардың мінәжаттарын еститініне сене алмайды, сондықтан да адамдар рухани делдалдардан көмек іздейді, бұл оларға әлдеқайда жеңілірек сияқты көрінеді.

Дұғаларына жауап іздеу, рухани күштер мен құпия сырларды іздеу кейбір діндердің өкілдерін бақсы-балгерлікпен айналысуға алып келеді. Ондайларға Мәсіхке бет бұрғаннан кейін бақсы-балгерліктің құлдығынан азаттық алу қажет болуы мүмкін. Басқа біреулер жалпы мәдени ырымдаордың ықпалында болады, мысалы мойынға тұмар тағып жүру немесе қорғану үшін көліктің айнасына көзмоншақ іліп қою және т.б. Ал енді біреулер мұның ықпалын мүлдем сезбеген шығар.

18-сабақта бұл сұраққа Киелі Кітаптың не дейтінін үйренеміз. Негізгі дүниетанымды зерттеуден гөрі, дұрыс емес іс-әрекеттерді ғана көрсету әсерлі бола қоймайды. Егер басқа діннен шыққан сенушілер Мәсіхтің біздің деңгейімізге дейін түсіп (яғни, біздің қасіретімізді сезініп), содан кейін барлық рухани күштерден де жоғары көтерілгеніне (осылайша олардың үстінен жеңіс алғанына) шынымен сенсе, онда олар қажет кезде тылсым күштерге емес, тікелей Мәсіхтің Өзіне көмек сұрап жүгіне алатын болады. Мәсіхтің өлімі түнектің күштерін де жеңіп шықты, сондықтан Ол бізді зұлым күштердің қорқынышынан азат етті.

### **А) Кіріспе (және 1-сұрақ)**

1-сұраққа дейін мінәжатты **оқып шығыңыздар** және топпен бірге сол мінәжатты айтыңыздар.

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Тағдыр және бақсы-балгерлік тақырыбын айтар болсақ шайтан бізді көп алдады. Адамдар көптеген ғасырлар бойы осы өтірікке сенді. Сондықтан да олар шайтанның ықпалында қала берді. Осындай жалған ойлар біздің ой-санамызда да қалып қоюы мүмкін. Келіңіздер, бүгін оларды Жаратушының ақиқатымен талқандайық!»

#### **1-сұрақ**

1-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**.

#### **Сұраңыз:**

«Сіздің шынайы пікіріңіз қандай: «иә», «жок», сенімді емеспін»? (Өз жауаптары.)

«Сіздің көзқарасыңыз қалай қалыптасты?» (Бәлкім, қатысушылар бұл жөнінде ешқашан да ойланбаған болар, олар дәстүрге немесе өздерінің аналарының айтқанына ерген болуы мүмкін.)

### **Б) Біздің өмірімізді тағдыр емес, Жаратушы бағыттайды (2-9-сұрақтар)**

#### **2-сұрақ**

2-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар**.

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушы мен туралы ойлай ма, Ол менің даусымды ести ме деген ойлар сіздерде бұрын болды ма, ал Мәсіхтің ізбасарына айналғаннан кейін сол ойыңыз өзгерді ме?» (Өз жауаптары.)

#### **3-сұрақ**

Мына диаграммаға **қараңыздар** (бос жолақтарға жазылған сөздерімен бірге.)

#### **Сұраңыз:**

- «Сіз өскен ортадағы адамдар тағдыр, жын немесе көз тию сияқты нәрселер олардың күнделікті өмірінде әсер етеді деп санай ма?» (Бірге талқылаңыздар. Кейбіреулер бұған басқаларға қарағанда көбірек сенеді.)
- «Алайда Киелі Кітапқа сәйкес іс жүзінде біздің өмірімізді кім қадағалайды?» (Жаратушы.)

- «Жаратушы бізге жақын ба, әлде алыс па?» (Жақын.)

### **Мәдени кеңес: Рухани күштер**

Басқа конфессиялардың көптеген өкілдері мына сияқты рухани күштерге сенеді, олар:

- Періштелер, оның ішінде Киелі Кітапта айтылған періштелер де бар, мысалы Жәбірейіл періште, сондай-ақ олар әрбір адамның жақсы және жаман істерін жазып отыратын жеке періштелерге де сенеді;
- «Көз тию», адамдарға зиянын тигізетін көзге көрінбейтін күншілдіктің ықпалы, мысалы сүйкімділігі үшін елдің бәрі мақтаған кішкентай балаға көз тиеді деп қорқу.
- Тағдыр, яғни басыңа не жазылса сол болады деп сену, сондықтан олар енді оны өзгерту үшін ештеңе де істей алмайды.
- «жындар», рухани күштер, олар мейірімді болуы да мүмкін, бірақ әдетте зұлым болады, мысалы олар ауру әкеледі немесе ақыл-естен айырады.
- зұлым рухтар, Киелі Кітап ілімінде ұқсас концепциялар бар.

Топтың қатысушылары өздерінің бұрынғы орталарында қолданылған әртүрлі салттар туралы айтып бере алады, соның ішінде: жамандық жоламасын немесе көз тимесін деп қолданылатын бойтұмарлар, көліктерге ілінетін тұмарлар, көз моншақтар жайлы айтуға болады.

Көбісі әдетте *баракатқа*, яғни, қасиетті әулиелерге немесе киелі жерлерге (әулиелердің зираттарын қоса) бекітілген көрінбейтін «бақ-дәулетті» жақындап қолын тигізу арқылы аламыз деп сенеді. Кейде адамдар осы жерде оқыған дұғалары мен берген серттерін еске салу үшін киелі жерлердің қасындағы ағаштарға ақ шүберек байлап қояды.

### **6-сұрақ**

Суретке **қараңыздар.**

6-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

- «А) тармағына не жаздыңыздар?» (Өз жауаптары.)
- «Б) тармағына не жаздыңыздар?» (Өз жауаптары.)
- «Не себепті екінші жауап көбірек жұбаныш әкеледі және Жаратушының шынайы мінез-құлқын көрсетеді?» (Бірге талқылаңыздар. Ол көбірек жұбаныш әкелетін себебі, ол жерде Жаратушы жүрегі күйреп, күнәсына өкінгендерге жақын деп айтылады. Киелі Кітап осылай деп үйретеді.)

«Алдағы уақыттардың бірінде сіздер көңіл айтатын жағдай болғанда, екінші жауапқа ұқсас бір нәрсе айта алар ма едіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар. Бәлкім, қатысушылар келісулері, не келіспеулері де мүмкін. Талқылау уақытында барлық нәрселермен олардың келісулері міндетті емес.)

### **Мәдени кеңес: Көңіл айту**

Қайтыс болған адамның туған-туыстарына барып көңіл айту, олардың қайғыларына ортақтасу, жандарында бірге болу көптеген мәдениеттерде бар. Ынтымақтастықты білдірудің маңызды бұл тәсілі Киелі Кітап кезеңіндегі мәдениетке де ұқсас, мысалы Жохан 11-тарау.

Әдетте басқа конфессиялардың өкілдері жақындарын былай деп жұбатуға тырысады: «Жаратушының еркі солай болды, біз тағдырдың жазғанын қабылдауымыз керек». Алтыншы сұрақта біз Исаның шәкірті мұнда Жаратушыны басқа қырынан көрсетіп, тереңірек жұбаныш сөздер айтқанын қалаймыз: Жаратушы бізге жақын, Ол біздің қайғы-қасіретімізді түсінеді.

## **7-сұрақ**

Диаграмманы оқып шығыңыздар.

### **Сұраңыз:**

«3-сұрақтағы диаграммадан бұл диаграмманың айырмашылығы қандай?» (Жаратушы алыста емес, Ол Иса Мәсіхте біздің деңгейімізге түседі. Ол шынында да біздің қамымызды ойлайды. Ол бізге қамқор бола алатындай өте жақын.)

## **8-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

Есте сақтайтын аятты (егер сабақты топта өтіп жатсаңыздар) келесі тәсілмен **жаттаңыздар:**

- Бірінші қатысушы екіншісінен сұрайды: «Осы күндері сіз не нәрсеге мазасызданып жүрсіз?»
- Екінші адам өзінің жауабын айтады.
- Біріншісі екіншісіне былай дейді: «Барлық уайымыңды Құдайға сеніп тапсыр, себебі Ол қамынды ойлайды» (1Петір 5:7.)
- Енді екінші қатысушы бұл сұрақты келесі адамға қояды, осылай шеңберді айналдыра өтіп шығасыздар, ең соңында бұл сұрақ топтың жетекшісі – сізге де қойылуы керек.
- Осылайша есте сақтауға арналған аят практикалық тұрғыда бірнеше рет қайталанатын болады.

## **В) Құдай бақсы-балгерлік пен пұтқа табынушылықты жек көреді (10-17-сұрақтар)**

### **10-сұрақ**

10-сұрақтың тұтас оқып шығыңыздар.

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер бұл жерге не деп жаздыңыздар?» (Өз жауаптары.)

### **11-сұрақ**

Заң қайталау 18:9-14-ті оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

- «9-аятқа сәйкес егер Жаратқан Иенің халқы басқа халықтар сияқты бақсы-балгерлікпен айналысатын болса, Жаратушы бұған қарсы бола ма?» (Иә, қарсы болады! Жаратушы оларды «арамза дәстүрлер» деп атайды)
- 10-11-аяттарда Жаратушы бақсы-балгерліктің қандай түрлеріне тиым салды?» (Қатысушылардан тізімді дауыстап оқып шығуын сұраңыз. Оларды егжей-тегжейлі түсінудің қажеті жоқ, ал олардың негізгі мағыналары 11-сұрақта берілген.)
- Бақсы-балгерліктің осындай түрлерімен айналысатын адамдар туралы 12-аятта не делінген?» (олар Жаратқан Иеге жек көрінішті, сондықтан да осындай салттары үшін Ол бұл халықтарды қуып жібереді.)
- «Олай болса, Жаратушының таңдаулы халқы қандай болу керек, 13-аят?» (Мінсіз.)
- 14-аятта Жаратушы Өзінің халқына бақсы-балгерлікпен айналысуға рұқсат бере ме, әлде тиым сала ма?» (Тиым салады.)

### **15-сұрақ**

15-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушы Өз халқының бұл іспен айналысуына қалай қарайды?» (Бұл Ол үшін жексұрын нәрсе, бұл пұтқа табынушылықтың түрі, өйткені адамдар Жаратушының орнына Оның жаратқан нәрселерін қояды.)

## **16-сұрақ**

Түсіндірмені **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Бұл әйелге сіздер қандай кеңес берер едіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар. Төменде бірнеше ұсыныстар берілген:

- Ең алдымен бұл әйел Жаратушының оған немқұрайлы қарамайтынын түсіну керек. Құдай оның қайғысын сезінеді. Біз бұған дейін үйренгеніміздей «шын опық жеп бағынған жүрекке Сен теріс қарамайсың, уа, Ием».
- «Жаратушыға бұл әйелден гөрі «тәуіп жақынырақ» деген ой жалған. Бұған қоса әйел Мәсіхте болғандықтан Жаратушыға ол жақынырақ, ал «тәуіп» жақын емес. Әйел Жаратушының рухани қызы, сондықтан да Оның көктегі Әкесі, әрине, оның мінәжаттарын естиді.
- Жаратушы бұл әйелдің «тәуіпке» барғанын қаламайды. Әйел екі қожайынның соңынан ермеуі керек, оның Иесі не Мәсіх, не тәуіп болуы керек.
- Әйел басқа сенушілердің өзі үшін сиынуларын өтіну керек. Сенушілер осы әйелге бала бере гөр деп Жаратушыға Иса Мәсіхтің атымен сиына алады. Сондай-ақ сенушілер Жаратушыдан әйелдің өміріндегі Өзінің ниетін орындауын өтіне алады. Баланың болатынына немесе болмайтынына қарамастан Жаратушының ниеті – ең жақсы ниет.)

## **Г) Иеміз Иса барлық рухани күштерге билік етеді (18-21-сұрақтар)**

## **19-сұрақ**

1Петір 3:22-ні **оқып шығыңыздар.**

Диаграммаға **қараңыздар** (бос жолға жазылған сөздермен бірге.)

### **Сұраңыз:**

- «Бұл диаграммада кім жоғарырақ тұр: Иеміз Иса Мәсіх пе, әлде «рухани күштер» ме?» (Иеміз Иса Мәсіх.)
- «Жынға қарағанда кім күштірек?» (Иеміз Иса Мәсіх.)
- «Зұлым рухтардан кім күштірек?» (Иеміз Иса Мәсіх.)
- «Егер біреу-міреу сізді қарғайтын болса, сол қарғыстан да күшті кім бар?» (Иеміз Иса Мәсіх.)
- «Барлық рухани күштерге кім билік жүргізеді?» (Иеміз Иса Мәсіх.)

## **21а-сұрақ**

Бірінші азат жолды және сұрақты **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Иса Мәсіх біреуіміздің өмірімізде зұлым рухтарды жеңгендігінің куәлігі бар ма?» (Бірге талқылаңыздар.)

## **21б-сұрақ**

Жақшаның ішіндегі азат жолды **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Егер сіздердің біреулеріңіз осы күндері зұлым рухтар жайлы мазасызданып жүрсеңіздер, кездесудің соңында менімен немесе басқа да тәжірибелі сенушілермен кездесіп, сөйлесіңіздер».

**Д) Біз екі қожайынға бірдей қызмет ете аламыз ба?» (22-24-сұрақтар)****23-сұрақ**

Жақтаудың ішінде келтірілген оқиғаны **оқып шығыңыздар.**

**Сұраңыз:**

«Бұл сұраққа сіздер қалай жауап бердіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің пікірімізше түстің мағынасы мынау, біз Иса Мәсіхке бүкіл өмірімізді Өз қолына алуына мүмкіндік беруіміз керек. Ал егер біз өміріміздің қандай да бір бөлігін өзіміздің, әулие адамның немесе бойтұмардың қадағалауына қалдырсақ, онда бұл шайтанның шабуыл жасауына мүмкіндік береді.)

**Сіздің сөзіңіз:**

«Мына сөзді есте сақтаңыз: «Егер Иса барлығының Иесі болмаса, онда Оның мүлдем Тәңір болмағаны!»

**Қорытынды:****Сұраңыз:**

«Біз бүгін шайтанның өтірігін күйрететін маңызды үш ақиқат туралы сөйлестік. Олар қандай ақиқаттар?»

1. Біздің өмірімізге тағдыр емес, Жаратушы жетекшілік етеді;
2. Жаратушы бақсы-балгерлік пен пұтқа табынушылықты жек көреді;
3. Иса Тәңір барлық рухани күштерге билік етеді.

«Бүгінгі талқылауымыздың соңына қарай бойыңызды қандай сезімдер билеп тұр: сіз зұлым күштер туралы мазасызданып тұрсыз ба, әлде Иса Мәсіхте біз олардың үстінен жеңіске жететінімізге қуаныштысыз ба?» (Өз жауаптары. Әлі де мазасызданып жатқан қатысушылармен оңаша сөйлесуге тырысыңыз.)

**Кездесудің соңында****Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

24-сұрақтан кейінгі мұғалімнің түсіндірмесін, сондай-ақ 18-сабақтың практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар.**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптада Жаратушының аясында отырып, өзіңізге осы сұрақтарды қойыңыз. Сұрақтарды мұқият қараңыз. Жаратушыдан өткен өміріңізде бақсы-балгерліктің немесе әулие адамның сіздің өміріңізге әсер етпек болған кездерін есіңізге түсіруін сұраңыз. Егер ондай жағдайлар өміріңізде болған болса, басқа бір сенушіден бұған қарсы мінәжат етуге көмек сұраңыз».

19-сабақты үйде зерттеп оқуды ұмытпаңыздар.

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Барлықтарыңыз тұрып, шайтанға қарсы осы үш ақиқатты бірге жариялаңыздар:  
«Біздің өмірімізге тағдыр емес, Жаратушы жетекшілік етеді»  
«Жаратушы бақсы-балгерлік пен пұтқа табынушылықты жек көреді»  
«Иса Тәңір барлық рухани күштерге билік етеді».

# 19-сабаққа арналған жетекшілік

## Бір-бірімізге қызмет ету

### 19-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы *осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:*

- А. Өздеріндегі дарындарды бір-біріне қызмет ету үшін кішіпейілділікпен және арнайы қолдану;
- Б. Сенушілер жиынының жетекшілерін қолдау және олардың жауапкершіліктерін түсіну;
- В. 1Петір 4:10-ды жатқа білу.

### Кездесудің басында

### Мінәжатпен бастаңыздар

### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы:

#### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен сабақтың практикалық тапсырмасы сізге бақсы-балгерліктің немесе тәуіпке барудың бұрындары әсері болған, болмағанын тексеру болатын. Бұл тапсырманы орындадыңыздар ма?»

«Егер сіз бұл туралы әлі уайымдап жүргенсеңіз, кездесуден кейін маған келіңіз. Мен бұл сұрақты сізбен жеке талқылауға дайынмын».

### Бүгінгі тақырып:

#### Сіздің сөзіңіз:

«Жаратушы біздің әрқайсымызға әртүрлі дарындар мен қабілеттер берді. Бүгін біз осы дарындарды Жаратушыға және бір-бірімізге қызмет ету үшін қалай қолданатындығымыз туралы үйренетін боламыз».

### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

#### Сіздің сөзіңіз:

«19-сабаққа шолу жасауды ашайық. Төмендегі сұрақтарға қалай жауап бердіңіздер?»

1-сұрақ: а) әртүрлі; б) біздің ; в) дұрыс пайдалануымыз керек

2-сұрақ: «Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі рухани дарындарыңды жақсылап қолданыңдар. Әрқайсыларың қабылдаған дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіндер» (1Петір 4:10.)

### А) Бір-бірімізге қызмет ету (Кіріспе және 1-3-сұрақтар)

Суретке **қарап**, Иса Өзінің жақын шәкірттері үшін айқышқа барар алдындағы түнде не істегенін түсіндіріңіз.

Жохан 13:3-5; 12-17 аяттарды **оқып шығыңыздар**.

### Баяу әрі әр сөйлемге тоқталып айтыңыз:

- «Мына суреттегі аяқтарға қараңыздар. Әрқайсыңыз бұл менің аяғым деп ойлаңыздар».
- «Суреттегі қолдарға қараңыздар. Бұл Мәсіхтің қолдары деп ойлаңыздар».
- «Мәсіх сіздің аяғыңызды жуып жатыр!»

- «Мұндай жағдайда бойыңызды қандай сезім билейді? Дәл қазір жүрегіңізде сол туралы Тәңіріңізбен сөйлесіңіз».

### **Сұраңыз:**

«Иса Тәңір сіздің аяғыңызды жуып жатыр деп ойлаған кезде нені сезіндіңіз?» (Бірге талқылаңыздар.)

### **Мәдени кеңес: Аяқ жуу**

Көптеген мәдениеттерде адамның аяғы өте кір болып есептеледі, бұл Иса жер бетінде өмір сүрген кездегі адамдар үшін де солай болатын. Адамға «табанын көрсету» немесе оған аяқ киімін лақтыру ең үлкен қорлау болып табылады. Мұндай жағдайда біреудің аяғын жуған Иса кішіпейілділіктің ең биік үлгісін көрсетті.

### **2-сұрақ**

Сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

### **Сұраңыз:**

«Біздің мәдениеттерімізде басшылар өз ізбасарларына осылай қызмет ете ме?» (Жоқ, ешқашан, бұл әсіресе жетекшілер өздеріне құрмет талап ететін мәдениеттерде орындалмайды.)

«Дегенмен біздің ұлы жетекшіміз Иса Мәсіх біздің аяғымызды жуу үшін төменге еңкейді. Енді біз не істеуіміз керек?» (Жақтаудағы үзіндіні оқып шығыңыздар. Ол былай дейді: «Менің сендерге істегенімді сендер де істесін деп Мен сендерге үлгі көрсеттім». Олай болса, бір-біріміздің аяғымызды жуу үшін, бір-бірімізге қызмет ету үшін Иса Мәсіх сияқты біздің де төмен еңкейуіміз керек.)

«Егер жетекшілер адамдарға Мәсіх сияқты қызмет ететін болса, адамдардың құрметінен айырылып қала ма?» (Міндетті түрде емес, бірақ біз бұл туралы осы сабақта кейінірек талқылайтын боламыз.)

## **Б) Дарындармен қызмет ету (4-18-сұрақтар)**

### **4-сұрақ**

1Петір 4:10-11-ді оқып шығыңыздар.

Еске сақтайтын аятты жаттаңыздар: «Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі рухани дарындарыңды жақсылап қолданыңдар. Әрқайсыларың қабылдаған дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіңдер» (1Петір 4:10.)

### **Сұраңыз:**

- «Оныншы аятқа сәйкес біздің барлығымызда дарындар бар ма?» (Иә. Бұл жерде «әрқайсыларың қабылдаған» деп айтылған.)
- «Өзіміздің дарындарымызды не істеуіміз керек?» (Басқаларға қызмет ету үшін қолдануымыз керек, 10-аят.)
- «Жаратушының Сөзінде келтірілген әртүрлі дарындардың ішінде 11-аятта қандай екі дарын сипатталған?» («Уағыз айту» және «қызмет ету».)
- «11-аятта «уағыз айтатындар» өздерінің жауапкершіліктерін қалай орындаулары керек?» (Олар Құдай сөзін уағыздау керек. Олар бұл жауапкершілікке байыппен қарап, оны жақсы атқарулары керек.)



- «11-аятта қызмет етіп жүрген адамдар өздерінің жауапкершіліктерін қалай орындаулары керек?» («Тәңір Иенің өздеріне берген күш-қуатымен» қызмет етулері керек. Олар бұл жауапкершілікке байыппен қарап, оны жақсылап атқарулары керек.)
- «11-аяттың соңғы бөлігіне сәйкес біз өзіміздің дарындарымызды қандай мақсатпен қолдануымыз керек? Өзімізді мақтау үшін бе, әлде Жаратушыны даңқтау үшін бе?» (Жаратушыны даңқтау үшін, «Осылайша барлық істе де Құдай Иса Мәсіх арқылы мадақталсын».)
- «11-аяттың соңғы бөлігін барлығымыз бірге дауыстап айтайық» (Бірге: «Ұлылық, даңқ және билік мәңгі Онiкi, аумин».)

### **9-сұрақ (Әр адамға әр түрлі дарын берілген.)**

Жақтаудың ішіндегі оқиғаны және одан кейінгі азат жолды **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Сіздер бұл жерге не жаздыңыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Барлығымыздың да мықты жақтарымыз бен әлсіз жақтарымыз да бар. Барлығымыз белгілі бір дәрежеде «зағип» немесе «ақсақпыз». Біздің ешқайсымыз өз бетімізше кемелді әрі толыққанды бола алмаймыз. Дегенмен менің әлсіз жақтарым сіздің мықты жақтарыңыз боп табылады. Сондықтан да біз сенушілердің жергілікті жиынында бір-бірімізге мұқтажбыз. Біз бір-біріміздің мықты жақтарымызды бағалап, ал бір-біріміздің әлсіз жақтарымызға шыдауымыз керек.)

### **11-сұрақ (Біздің әрқайсымызда дарындар бар.)**

Суреттерге **қараңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушы Ферузаға қандай қызмет ету дарынын берген?» (Басқаларға жігер беру дарынын.)  
«Ләйлә Ферузаға қалай көмектесті?» (Ол Ферузаға оның дарыны қандай екенін айтып берді.)

### **13-сұрақ**

13-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Жергілікті сенушілер қауымын нығайту үшін қандай дарындар көмектеседі деп ойлайсыздар?» (Бірге талқылаңыздар. Қызметтің көптеген түрлері бар, мысалы, Жаратушының Сөзін үлкендер мен балаларға үйрету, мадақтауды жетелеу, ауру адамдар үшін дұға ету, кеңес беру, шәй дайындау және т.б.)

«Бәз өзімізде қандай дарындар бар екенін қалай біле аламыз?» (Бұл туралы осы жерде – 13-сұрақта айтылған. Төменге қараңыздар:

- Ең алдымен біз өзіміздің мүмкіндігімізге қарай қызметтің белгілі бір түрлерін атқарып көруіміз керек.
- Кейін өзімізге үш сұрақ қоямыз:
  - Басқа сенушілер мен осы қызметті жақсы атқара алады деп санай ма?
  - Мен осы қызметтің жақсы нәтижелерін көріп жатырмын ба?
  - Осы қызметті атқару маған ұнай ма?
- Содан кейін, егер осы сұрақтардың үшеуіне де жауаптар оң болса, біздің нақты осы қызмет

түріне дарындарымыз бар болуы мүмкін. Дегенмен біз оны басқалар бізге өтініш білдіргенде ғана қолданатын боламыз. Біз өз-өзіміз алға шығармаймыз.)

### **15-сұрақ (Біз өзіміздің дарындарымызды кішіпейілділікпен қолдануымыз керек.)**

15-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

#### **Сұраңыз:**

«Сіздің ойыңызша, Самат қандай себептерге байланысты жетекші бола алады?» (Бірге талқылаңыздар. Саматтың бойында жетекшілік дарындар көп.)

«Сіздің ойыңызша, Самат не себепті жетекші бола алмайды?» (Бірге талқылаңыздар. Оның негізгі мәселесі – мақтаншақтық.)

«Саматты жақтауға да, оған қарсы болуға да себептер бар. Сенушілердің тобы қандай шешім қабылдаулары керек?» (Бірге талқылаңыздар. Мұның бір ғана «дұрыс» жауабы жоқ, біз бұл жерде өз ойларымызды ұсынамыз.)

- Неғұрлым жетілген сенуші Саматпен оның мақтаншақтығы жайлы сөйлескені жөн болар.
- Сонымен бірге, тексеру үшін оған маңызы төменірек жауапкершілік беру керек. Самат бұл жауапкершілікті рухани жетілген жетекшінің басшылығымен орындауы қажет.
- Егер ол бұл жауапкершілікті кішіпейілділікпен жақсы орындап шығатын болса, онда оған көбірек жауапкершілік беруге болады. Егер ол өркөкіректенуін қоймаса, онда оның күте тұруына тура келеді.
- Ал ең соңында жиын оны жалғыз жетекші ретінде таңдамау керек. Топтасып жұмыс істеу үшін екі немесе одан да көп жетекшілердің болуы үнемі пайдалы.)

### **17-сұрақ**

17-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушының көз алдында кім маңызды – уағыздап тұрған адам ба, әлде тамақ беріп тұрған адам ба?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің ойымызша, екеуі де тең. Бізге қызмет етіп жатқан адамдарға ризашылық білдірген дұрыс. Біз уағыз айтып тұрған адамға да, бізге тамақ дайындап берген адамға да алғыс айтуымыз керек.)

### **В) Жетекшілік қызмет атқару (19-25-сұрақтар)**

#### **Мәдени кеңес: Жетекшілік мәселелері**

Бытыраңқылық – өкінішке орай бүкіл әлемдегі барлық сенушілер жиналысында кездесетін әдеттегі көрініс. Көптеген елдерде жалғыз адамның Исаның ізбасары болуы қиын, одан бетер қиыны – топ болып жиналуы, ал одан да қиыны – осы топтың рухани жетілген бір ғана жетекшісінің басшылығында қалуы. Жиналысқа жақсы жетекшілік ету өте маңызды тақырып!

«Менің соңымнан ер» курсы жас сенушілерге арналған, сондықтан жетекшілік тақырыбына мұнда тек шолу ғана жасап өтеді. Бірақ шәкірттер дайын болған кезде, осы мәселе жөнінде болашақта көбірек айтып беруіңізге болады.

## 21-сұрақ

21-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

### Сұраңыз:

«Бұл жерде сіздер қандай жауапты белгіледіңіздер?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің ойымызша, а), б) және д) – дұрыс жауаптар.)

«Олай болса, сенушілер жиынының жақсы жетекшісінің тамаша қасиеттері қандай болуы керек?» (Бірге талқылаңыздар. Жақсы жетекші пайдакүнем болмауы керек, өзінікінен гөрі басқалардың игілігі туралы көбірек қам жеуі керек және басқалар үшін құрбандыққа бара алуы керек.)

## 22-сұрақ

1Петір5:1-4-ті оқып шығыңыздар.

### Сұраңыз:

«2-3-аяттар дүниедегі және сенуші жетекшілердің арасындағы үш қарама-қайшылықты көрсетіп тұр. Бұлар қандай қарама-қайшылықтар?»

1. «Мұны лажсыздан емес, шын көңілден Құдайдың еркіне сай орындаңдар»;
2. «Оны ашкөз пайдақорлықпен де емес, адал ынта-жігермен істеңдер»;
3. Тәңір Иенің меншікті қауымдарына өктемдік жүргізбендер, қайта рухани отарға үлгі-өнеге болыңдар».

«Осы дүниенің жетекшілері кімнің пайдасы үшін жұмыс істейді?» (Жеке басы мен өз отбасыларының пайдасы үшін.)

«Мәсіх сияқты жетекшілер кімнің пайдасы үшін жұмыс істейді?» (Өздерінің рухани отбасы болып табылатын сенушілердің пайдасы үшін.)

«Мәсіхтің үлгісіне сай жақсы шопан болу жеңіл ме, әлде ауыр ма?» (Өте ауыр. Сондықтан да біздер үшін ауыр міндет атқарып жатқан жетекшілерімізді қолдауымыз керек.)

«Жергілікті сенушілер өздерінің жетекшілеріне осы ауыр міндетті атқарулары үшін қалай көмектесулері керек?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің пікірімізше, сенушілер жетекшілер үшін сиынып, оларды құрметтеулері керек, және оларды жігерлендіріп, оларға ризашылық білдірулері керек. Олардың сыртынан шағым айтпағандары жөн. Ал егер олардың айтатын шағымдары немесе ұсыныстары болса, олар жетекшінің өзіне жеке келіп, бұл жөнінде құрметпен сөйлесулері керек.)

## 25-сұрақ

25-сұрақтың екінші азат жолын оқып шығыңыздар.

### Сұраңыз:

«Бұл туралы сіздер не ойлайсыздар? Бұл мүмкін бе?» (Бірге талқылаңыздар. Біздің ойымызша, бұл мүмкін. Қызмет ететін жетекші бәрібір де жетекші болып табылады. Жетекшілік ету үшін оның билігі бар, сондықтан адамдар оны құрметтеулері керек. Олар оны қорқыныштан емес, сүйіспеншілікпен құрметтері керек. Жетекші өз мүддесінен бас тартып, олардың игілігі үшін қызмет етіп жүр. Адамдар бұл туралы біледі, сондықтан да оның соңынан қуана ереді.)

25-сұрақтың соңындағы мұғалімнің түсіндірмесін оқып шығыңыздар.

**Кездесудің соңында**

**Сұраңыз:**

«Бұл сабақ сіздің өміріңізге қандай өзгерістер әкеледі?»  
(Әрбір қатысушымен бірге сіз де бөлісуіңіз керек)

19-сабақтың Практикалық тапсырмасын **оқып шығыңыздар.**

**Сіздің сөзіңіз:**

«Осы аптаның практикалық тапсырмасын орындау үшін сізге өзіңізді жақсы білетін, әрі осы туралы сұрай алатын дос керек. Ондай досыңыз бар ма?»

Үйде 20-сабақты зерттеп оқуды ұмытпаңыздар.

**Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Сабақтың басында берілген суретке тағы да қараңыздар.

Сіздің аяғыңызды жуып жатқан Мәсіх туралы тағы да ойлаңыз. Иса сізге қызмет еткеніндей, сіз де басқаларға қызмет ете алуыңыз үшін Оның көмегін сұраңыз.

## 20-сабақ арналған жетекшілік

### Біздің көкке қажылық сапарымыз

#### 20-сабақтың мақсаттары

Әрбір қатысушы *осы сабақтан мына нәрселерді үйреніп шығуы керек:*

- А. Өзінің көкке, яғни жұмаққа, нақты баратынына сенімді болу және оны тағатсыздана күту;
- Б. Шайтанның шабуылдарын тани білуге және оған қарсы тұра алуды үйрену;
- В. 1Петір 5:10-11-ді жатқа білу.

#### Кездесудің басында

#### Мінәжатпен бастаңыздар

#### Өткен аптаның практикалық тапсырмасы

#### Сіздің сөзіңіз:

«Өткен сабақтың практикалық тапсырмасы сіздерде қандай дарын бар екенін достарыңыздан сұрап білу болатын. Достарыңыз не айтты?» (Әрбір қатысушы бөлісуі керек.)

#### Бүгінгі тақырып:

#### Сіздің сөзіңіз:

«Біздің бүкіл өміріміз көкке (жұмаққа) бағытталған сапар. Біздің алған бағытымыз бар, дегенмен жол-жөнекей біз жауымыз шайтанмен шайқасатын боламыз. Біз бүгін осы бір рухани сапар туралы өтеміз».

#### Сабаққа шолу жасау сұрақтарының жауаптары:

20-сабаққа шолуды бірге ашыңыздар және қатысушылар сұрақтарға қалай жауап бергенін біліңіз:

Сабаққа шолудың 4-сұрағын біз осы сабақта кейінірек талқылайтын боламыз.

Дұрыс жауаптар:

1-сұрақ: а) Иерусалим; б) көкте

2-сұрақ: а) біз; б) Мәсіх

3-сұрақ: жаттауға арналған аят: «Ал барлық рақымның бастауы, Құдай, біразырақ уақыт азап шегіп жатқан сендерді қайтадан жетілдіріп, нығайтып, қуатты да табанды етпек. Себебі Ол Мәсіх

Иса арқылы сендерді Өзінің салтанатты ұлылығын мәңгі бөлісуге шақырды. Оның билігі мәңгілік бола берсін! Аумин» (1Петір 5:10-11.)

4-сұрақ: Өз жауаптары. Топқа айтыңыз: «Егер біреуіңіз Жаратушы сізді көкке бірден қабылдайтынына әлі де сенімді болмасаңыз, кездесуден кейін менімен келіп сөйлесіңізші. Жаратушы біздің осы жайлы толық сенімді болғанымызды қалайды. Біз өлгеннен кейін Жаратушыға барардың алдында жан азабынан өтпейміз!» (Егер біреу әлі де күмәнданатын болса, жиналыстан кейін онымен кездесіп, оған Лұқа 23:39-43-тен үзіндіні көрсетіңіз, ол жерде Иса тіпті қылмыскерге де былай деп уәде берген болатын: «Саған шындығын айтамын: бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың!»)

### **Мәдени кеңес: Қажылық және көктегі жұмақ**

Көптеген адамдар үшін мүмкіндігінше өмірлерінде кем дегенде бір рет ерекше қалаға қажылық сапар жасау олардың діни парызы боп есептеледі. Мұндай қажылық сапарды адамдардың белгілі бір бөлігі ғана жасай алады, сондықтан да бұл артықшылық боп есептеледі. Осы курста бір дінде басқаша үйретілетін «парыздарға» меңзеу бар, солай бола тұра, біз олар жайлы баса айтпаймыз, өйткені кейбір сенушілер өткен ұстанымдардан мүлдем арылғылары келеді.

Осы сабақта бұл Исаның ізбасарының өмірімен салыстырылады, өйткені оның өмірі көкке жасайтын қажылық сапар сияқты. Осындай салыстыру сондай-ақ Джон Буньянның атақты «Дәруіштің саяхаты» (Путешествие пилигрима) атты кітабында да келтірілген. Бір дінде жұмақ көптеген ләззат алатын орын деп сипатталады. 20-сабақта біз жұмақтың ең басты қуанышы бұл – біздің Жаратушының Өзімен бірге болуымыз және Оның жақын аясында мәңгі рақаттанатынымыз екенін білетін боламыз.

### **А) Біздің рухани қажылығымыз (1-5-сұрақтар)**

#### **2-сұрақ**

2-сұрақты тұтас оқып шығыңыздар.

#### **Сұраңыз:**

«Бұл күндері арабтар да, еврейлер де Иерусалимді басқарғылары келеді. Исаның ізбасарлары қай жақты қолдаулары керек?» (Бірге талқылаңыздар. Бұл жөнінде әрбір сенушінің өз пікірі бар. Ешбір жақты қолдамастан, біз осы жерде өз көзқарасымызды ұсынамыз:

1. Мәсіхтің ізбасарлары әрқашан да әділдік жағында болулары керек, сондықтан да арабтардың да, еврейлердің де әрекеттерін соған сәйкес бағалаулары қажет;

2. Сондай-ақ Мәсіх біздің мінәжаттарымыздың бағытын да (құбыла) өзгертті, сондықтан Иерусалим біздің сеніміміздің орталығы емес;

3. Сондай-ақ есте ұстайтын нәрсе – кейбір арабтар да, еврейлер де Исаға сенеді. Мәсіхтің адамдары ұлттарына қарамастан рухани бауырластар болып табылады.)

### **Мәдени кеңес: Иерусалим және сионизм**

Бұл тақырып басқа діннің өкілдерімен арада қызу дау тудырады, сондықтан да жас сенушілер осы тақырыптың алдында әрқашан дағдарып қалады. Бәлкім, оларды бұрын еврейлерді жек көру керек, ал сионизмге қатты қарсы тұру керек деп тәрбиеленген болар. Бірақ Мәсіхтің ізбасарына айналғаннан кейін ендігі жерде олардың Жаратушының еврей халқымен Көне Қасиетті Келісім кезеңінде жасасқан келісімін, сондай-ақ Сионды тойлайтын үзінділерді түсіну үшін күресулері керек болады. Бұған қоса олар еврейлер жайлы пайғамбарлыққа қатысты сенушілердің әртүрлі талқылауларын, сондай-ақ қазіргі Израиль мемлекетінің іс-әрекетін толығымен қолдайтын әрі тіпті арабтарды өздерінің жауларындай көретін кейбір сенушілерге кездестіреді. Сөйтсе де егер жас сенушілер израильдік бағытты ұстанатын болса, онда олар өздеріне сатқын ретінде қарайтын туыстарының ойларын растай түседі.

Мұның барлығы адамның ойын шатастырып, жүрегін ауыртуы мүмкін. Олар мұның барлығын ой-саналары мен жүректеріне қалайша сыйдыра алады? Бұл сабақ осы сұрақтарға тек шолу жасап қана өтеді, сондықтан оған егжей-тегжейлі үңілудің қажеті жоқ, дегенмен бұл тақырыптың өте сезімтал тақырып екенін ескергеніңіз жөн.

### **4-сұрақ**

4-сұрақты «Бір сәт аялдап, толғаныңыз» деген азат жолды қосып **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Сіз осы жайлы ойладыңыз ба және қандай шешімге келдіңіз?» (Өз жауаптары.)

### **Б) Әзәзілге қарсы тұру (6-16-сұрақтар)**

### **6-сұрақ**

1Петір 5:6-9-ды **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Сегізінші аятқа сәйкес кім ақырған арыстандай?» (Әзәзіл.)

«Біз оған қарсы тұра аламыз ба, 9-аят?» (Иә, егер сенімімізде берік болсақ.)

### **7-сұрақ**

7-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Сіздің өмірлік тәжірибеңіз бойынша Мәсіхтің ізбасарларын не нәрсе әлсіретеді?» (Талқылаңыздар. Мысалы, егер олар Құдай Сөзін оқуды және мінәжат етуді доғаратын болса немесе олар өздерінің Исаның ізбасарлары екендіктерін басқалардан көп уақыт жасырып жүрген болса, әлсірейді.)

«Сіздің өмірлік тәжірибеңіз бойынша Мәсіхтің ізбасарларын сақ болудан көңілін не бұрады?» (Талқылаңыздар. Егер олар өздерін әзәзілдің азғыратынын түйсінбейтін болса, онда олар менменсуге, ашу-ызаға немесе жыныстық күнәларға оңай батады.)

«Сіздің өмірлік тәжірибеңіз бойынша Мәсіхтің ізбасарларын отардан не нәрсе бөліп әкетеді?» (Талқылаңыздар. Егер басқа сенушілермен қарым-қатынаста тұрмай, араласуды доғаратын болса немесе сенбеушілерге үйленетін болса.)

### **11-сұрақ**

Бірінші азат жолды **оқып шығыңыздар.**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Кей кезде өміріміздегі қиындықтар біздің өзімізге үлкен сияқты көрінетіні сонша, біз бұны көтере алмайтын сияқты сезінеміз! Бірақ Жаратушының Сөзіндегі мына бір өте күшті уәдені тыңдаңыздаршы: «Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді» (1Қор 10:13.)

### **Сұраңыз:**

«Сіз «бұдан артық енді көтере алмаймын» деп ойлаған жағдайды сипаттап бере аласыз ба? Сол қиындықты көтере алуыңызға Жаратушы сізді қалай нығайтқан еді?» (Бірге талқылаңыздар. Естеріңізде болсын, Жаратқан Ие бізді үнемі барлық қиындықтардан арашалай бермейді, кейде Ол бізді қиындықтардан өту кезінде қолдайды. Ол мұны біздің игілігіміз үшін, сеніміміздің алтынын тазарту үшін пайдаланады. Сондай-ақ осы оттың ішінде Жаратушының Өзі бізбен бірге тұрады.)

### **12-сұрақ**

12-сұрақтың суреттеріне **қараңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Сыртқы қиындықтардың шабуылына қай сенушілер тап болды?» (Б) суреттегі Лаура мен Г) суреттегі Руслан.)

«Қай суреттегі сенушілер ішкі азғырулардың шабуылына тап болды?» (А) суреттегі Бақтияр мен В) суреттегі Зәуре.)



«Шайтан сізді сыртқы қиындықтар мен ішкі азғырулар арқылы шабуылдаған кездерін сипаттаңыздаршы. Не нәрсе болып еді? Осы арқылы сіз не нәрсеге үйрендіңіз?» (Өз жауаптары. Бұл бөлісуге арналған өте маңызды уақыт.)

### **15-16-сұрақтар**

15-сұрақтың суретіне **қараңыздар.**

16-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«15-сұрақтың суретіндегі сияқты жолайрыққа келген әр жолы мен қандай шешім қабылдаймын?» (Мен не әзәзілдің жолына түсуге немесе Жаратушының жолына түсуге шешім қабылдаймын.)

«Әзәзіл бізді өзінің жолымен жүруге азғырады. Азғыруға қарсы тұруға шешімді кім қабылдау керек? Біз бе, әлде Мәсіх пе?» (Шешімді біз қабылдаймыз. Егер біз әзәзілдің жолымен кететін болсақ, бұл Мәсіхтің емес, біздің кінәміз.)

«12-сұрақ бойынша порнографиядан бас тартуға Бақтияр үшін кім шешім қабылдау керек?» (Оның өзі.)

«Егер ол осы шешімді қабылдайтын болса, порнографиядан бас тартуына оған кім күш береді?» (Мәсіх.)

«B) суреті бойынша кек алудан бас тартуға Зәуре үшін кім шешім қабылдауы керек?» (Оның өзі.)

«Егер ол осы шешімді қабылдайтын болса, кек алудан бас тартуға оған кім күш береді?» (Мәсіх.)

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бізді әзәзіл азғырған кезде, біз нық шешім қабылдайтын болсақ, оған қарсы тұра аламыз. 1Жохан 4:4-те былай деп жазылған: «Сендерді Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті». Мәсіх біздің жан-дүниемізде, Ол құдіретті!»

### **B) Біздің баратын жеріміз көкте (17-22-сұрақтар)**

#### **17-сұрақ**

Жаттауға арналған жақтаудың ішіндегі аятты барлығыңыз бірауыздан **оқып шығыңыздар** (1Петір 5:10-11.)

Оны барлығы жаттап алғанша бірнеше рет осылайша қайталап, жаттығыңыздар.

#### **19-сұрақ**

19-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

#### **Сұраңыз:**

«Жаратушы бізді жұмаққа қабылдайтынына қалай сенімді бола аламыз?» (Жұмаққа апаратын көпір арқылы бізді Иса Мәсіхтің Өзі алып өтеді. Біз Оған сенім артуымыз керек, ал Ол біздің құлап қалуымызға жол бермейді.)

## **21-сұрақ**

Әмірдің өмірінде болған оқиғаны **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Сіз қаншалықты көкте болуды қалайсыз: сәл ғана ма, әлде өте қатты қалайсыз ба?» (Бірге талқылаңыздар. Бәлкім, біз Жаратушыға жер бетінде қызмет етіп жатқандығымызға әрі бақытты, әрі қуанышты шығармыз, бұл жақсы нәрсе. Сөйтсе де біз негізгі баратын жеріміз – көктен назарымызды бұрмауымыз керек, біз оған жақындай түскен сайын Әмір сияқты оған баруды одан бетер аңсай түсуіміз керек!)

## **22-сұрақ**

22-сұрақты тұтас **оқып шығыңыздар.**

### **Сұраңыз:**

«Бұл үзіндідегі қай сөз сізге көбірек ұнады?» (Өз жауаптары. Әрбір қатысушының жауап беруін сұраңыз, бұл сұраққа сіз де жауап беруіңіз керек.)

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Бұл үзіндідегі уәде қандай тамаша! Мен оны «олар» деген сөзді «біз» деген сөзге ауыстырып, қайтадан оқып шығамын...»

«Бұл Жаратушының адамдар арасындағы тұрағы. Сол жерде Ол бізбен тұратын болады, ал біз Оның халқы боламыз. Ол бізбен бірге болады және біздің Құдайымыз болады. Ол біздің көзіміздегі әрбір жасты сүртетін болады. Енді қайтып өлім де, жоқтау да, өксіп жылау мен ауру да болмайды... Ол жерде енді қайтып қарғалған еш нәрсе болмайды. Қалада Жаратушы мен Қозының тағы болады және Оның құлдары Оған қызмет ететін болады. Біз Оның жүзін көретін боламыз... Біз мәңгі патшалық ететін боламыз».

«Енді келесі беттегі сәбидің суретіне қараңыз. Көкте Жаратушы біздің көзіміздің әрбір жасын сүртетінін көз алдарыңызға елестетіңіздерші!»

## **Практикалық тапсырма**

Практикалық Тапсырмаға берілген нұсқауларды **оқып шығыңыздар.**

### **Сіздің сөзіңіз:**

«Осы практикалық тапсырма үшін осы аптаның әр күнінде бір сөйлемнен оқыңыздар. Мінәжат ететін уақытыңызда сол сөйлем жайлы терең толғаныңыз. Оны сәбидің тәттіні аузында сорып жүретіні сияқты жадыңызда ұстаңыз және оның тәтті дәмінен ұзақ уақыт рақаттаныңыз».

### **Кездесудің соңында**

#### **Сіздің сөзіңіз:**

«Міне, біз курсты толық аяқтадық! Ол сіздерге ұнады деп үміттенемін. Егер бұл курс сіздің миыңызда тек білім боп қана қалатын болса, оның пайдасы аз болатынын ұмытпаңыздар. Ал егер оны күнделікті өмірде қолдануды бастасаңыздар, онда оның пайдасы зор болатыны сөзсіз!»

(Егер қаласаңыз) «Курстың аяқталғанын біз келесі аптада бірге дастархан басында тойлайтын боламыз және Жаратушыға алғыс айтып уақыт өткіземіз. Әрқайсымыз осы курстың өн бойында Жаратушы біздің өмірімізде не нәрсе жасағандығы туралы бөлісуге дайындалып келейік». (Осы ұсынысты талқылаңыздар. Бұл курсты аяқтаудың тамаша әдісі және қатысушылар осы ұсыныспен келіседі деп үміттенеміз. Бұның үлкен той болуы міндетті емес, бірге жиналып, куәліктермен бөлісіп, Жаратушыны мадақтауға ұсыныс айтсаңыз болады. Сіздер сондай-ақ 16-сабақта ұсынылғандай нан үзу рәсімін бірге өткізе аласыздар.)

#### **Мінәжатпен аяқтаңыздар:**

Қатысушылардың барлығы 1Петір 5:8-11-ді ашулары керек. Қатысушылар осы үзіндінің әр бөлігі бойынша сиынулары керек. «Дәл сондай азаптарды шегуге мәжбүр дүниенің төрт бұрышындағы құрбы қауымдастарыңыз» үшін мінәжат етіңіздер (9-аят.)

## **ҚОСЫМША:**

Осы курста қолданылған, жаттайтын аяттар

### **1-сабақ**

#### **Матай 11:28**

«Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар, еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіндер, бәрін, жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!»

### **2-сабақ**

#### **2Қор 5:17**

«Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол – жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!»

### **3-сабақ**

#### **1Жохан 3:1**

«Қараңдар, Әкенің бізге деген сүйіспеншілігі қандай зор: Құдайдың рухани балалары деп аталамыз және нақ солаймыз да!»

### **4-сабақ**

#### **1Петір 1:15**

«Қайта, өздерінді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар!»

### **5-сабақ**

#### **Матай 6:9-13**

«Көктегі Әкеміз» мінәжаты

«Көктегі Әкеміз!

Сенің киелі есімің қастерлене берсін

Патшалығың осында орнасын!

Сенің еркің көкте орындалғандай,

Жер бетінде де орындала берсін!

Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр.

Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей,

Сен де күнәларымызды кешіре гөр.

Азғырылуымызға жол бермей,

Бізді жамандықтан сақтай гөр.

(Патшалық, құдірет және ұлылық

Мәңгі бақи Сенікі! Аумин!»

### **6-сабақ**

«Көктегі Әкеміз» мінәжаты

«Көктегі Әкеміз!

Сенің киелі есімің қастерлене берсін  
Патшалығың осында орнасын!  
Сенің еркің көкте орындалғандай,  
Жер бетінде де орындала берсін!  
Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр.  
Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей,  
Сен де күнәларымызды кешіре гөр.  
Азғырылуымызға жол бермей,  
Бізді жамандықтан сақтай гөр.  
(Патшалық, құдірет және ұлылық  
Мәңгі бақи Сенікі! Аумин!»)

### **7-сабақ**

#### **1Петір 2:9**

«Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нұрына шақырған Құдайдың қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, Оған бағышталған қасиетті ұлт– Құдайдың меншікті халқы болдыңдар!»

### **8-сабақ**

#### **1Петір 2:17**

«Әркімге лайықты құрмет көрсетіңдер: сенімі бір бауырластарыңды сүйіңдер;»

### **9-сабақ**

#### **1Петір 2:21**

«Ол сендерді сол үшін де шақырды. Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек».

### **10-сабақ**

#### **Матай 5:44**

«Жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінәжат етіңдер!»

### **11-сабақ**

#### **Жар 2:24**

«Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне берік қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады».

### **12-сабақ**

#### **1Петір 3:11**

«Жамандықтан бас тартып, жақсылықты жасасын».

### **13-сабақ**

#### **1Петір 3:18**

«Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола құрбан болды».

#### **14-сабақ**

##### **Матай 28:19**

«Сондықтан күллі халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер».

#### **15-сабақ**

##### **1Қор 6:19-20**

«Енді өз меншіктерің емессіңдер, Иеміз сендерді үлкен күн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті. Ендеше денелеріңмен Құдайдың данқын арттырыңдар!»

#### **16-сабақ**

##### **Марқа 12:30-31**

«Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан-дүниенен, барлық ақыл-ойыңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!... Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!»

#### **17-сабақ**

##### **Марқа 12:30-31**

«Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан-дүниенен, барлық ақыл-ойыңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!... Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!»

#### **18-сабақ**

##### **1Петір 5:7**

«Барлық уайымдарыңды Құдайға сеніп тапсырыңдар, себебі Ол қамдарыңды ойлайды!»

#### **19-сабақ**

##### **1Петір 4:10**

«Әрқайсыларың қабылдаған дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіңдер».

#### **20-сабақ**

##### **1Петір 5:10-11**

«Ал барлық рақымның бастауы, Құдай, біразырақ уақыт азап шегіп жатқан сендерді қайтадан жетілдіріп, нығайтып, қуатты да табанды етпек. Себебі Ол Мәсіх Иса арқылы сендерді Өзінің салтанатты ұлылығын мәңгі бөлісуге шақырды».